LG
Life's Good

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

ЖД СКД ТД

Құрылғыны қолданар алдында нұсқаулықты мұқият оқып, анықтамалық құрал ретінде қолдану үшін сақтап қойыңыз.

www.lg.com

ЛИЦЕНЗИЯЛАР

Қолдау көрсетілетін лицензиялар үлгілері бойынша өзгеше болуы мүмкін. Лицензиялар туралы қосымша ақпаратты www.lg.com. торабынан қараңыз.

Dolby Laboratories лицензиясымен өндірілген. «Dolby» және қос D таңбасы — Dolby Laboratories компаниясының сауда белгілері.

HDMI, HDMI логотипі және High-Definition Multimedia Interface — HDMI Licensing LLC компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

DIVX БЕЙНЕСІ ТУРАЛЫ: DivX® — DivX, Inc. компаниясы жасап шығарған сандық бейне пішімі. Бұл — DivX бейнесін ойнататын ресми DivX Certified® құрылғысы. Қосымша ақпарат және файлдарды DivX бейнесіне түрлендіру құралдары туралы мағлұмат алу үшін www.divx.com сайтын қараңыз.

DIVX ТАЛАП БОЙЫНША БЕЙНЕ ТУРАЛЫ: осы DivX Certified® құрылғысы сатып алынған DivX талап бойынша бейне (VOD) фильмдерін ойнату үшін тіркелуі тиіс. Тіркеу кодын алу үшін, құрылғының параметрлерін орнату мәзірінен DivX VOD бөлімін табыңыз. Қосымша ақпарат пен тіркелуді аяқтау туралы толық мағлұмат алу үшін, vod.divx.com торабына өтіңіз.

«1080p HD дейінгі DivX® және DivX Plus ™ HD (H.264/MKV) бейнені, соның ішінде премиум мазмұнды ойнатуға DivX Certified® куәліктендірілген.»

«DivX®, DivX Certified® және осыған байланысты логотиптер — DivX, Inc. компаниясының сауда белгілері және лицензия бойынша пайдаланылады.»

Төмендегі АҚШ патенттерінің біреуімен немесе бірнешеуімен қамтылады: 7,295,673; 7,460,668; 7,515,710; 7,519,274”

ЕСКЕРТПЕ

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.
- Теледидардың экрандық дисплейі нұсқаулықта көрсетілгеннен сәл өзгешелеу болуы мүмкін.
- Пайдалануға болатын мәзірлер мен опциялар кіріс көзінен немесе сіз қолданып жатқан өнім үлгісінен өзгеше болуы мүмкін.

МАЗМҰНЫ

2 ЛИЦЕНЗИЯЛАР

6 ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ

6 Орамынан шығару
9 Бөлек сатылады
10 Бөлшектер мен түймелер
15 Теледидарды көтеру және жылжыту
15 Теледидардың параметрлерін орнату
15 - Тіректі орнату
19 - Үстелге орнату
21 - Қабырғаға орнату
22 - Кабельдерді жинау

23 ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ

26 Magic Motion қашықтан басқару құралының функциялары
27 - RF кілтін орнату
27 - Magic Motion қашықтан басқару құралын тіркеу
27 - Magic Motion қашықтан басқару құралын пайдалану жолы
27 - Magic Motion қашықтан басқару құралын пайдаланудағы сақтандыру шаралары

28 ТЕЛЕДИДАР ҚАРАУ

28 Антеннаға қосылу
28 - Антеннаны жалғау
28 - Спутник табағымен қосу
29 Теледидарды бірінші рет қосу
29 Теледидар қарау
30 Басты мәзірге кіру
31 Бағдарламаларды басқару
31 - Бағдарламаны автоматты түрде орнату
34 - Кабельді сандық теледидар параметрі
34 - Спутниктік сандық теледидар параметрі
35 - Tivu бағдарламалар тізімін жаңарту
36 - Бағдарламаны қолмен орнату (Сандық режимде)
37 - Арнаны қолмен орнату (Аналог режимінде)
39 - Бағдарламалар тізімін өңдеу
40 - Сигнал күшейткіші
40 - Таңдаулы бағдарламаларды пайдалану
40 - CI [Common interface] ақпараты
41 Қосымша опцияларды пайдалану
41 - Кадр пішімін реттеу
42 - AV режимдерін өзгерту
43 - Кіріс тізімін пайдалану
44 Жылдам мәзірді пайдалану

45 ОЙЫН-САУЫҚ

45 Желі байланысы
45 - Сымды желіге қосылу
46 - Сымды желіге қосылу
48 - Қауіпсіздік қоды бұрыннан орнатылған жағдайда
51 - Желі статусы
52 Жоғары сапалы есептеу функциясы
52 - Ескерту
54 LG Apps Функция
54 - LG Apps жүйесіне тіркелу
55 - LG Apps арқылы жүйеге кіріңіз. есептеу
56 - LG Apps мүмкіндігін пайдалану
57 - Менің қосымшаларым бөлімін қолдану
58 Веб-шолғыш функциясы
58 - Веб-шолғышты пайдалану
59 - Таңдаулы веб-тораптарды шолу
60 - Веб-тораптарды мекенжайды тікелей енгізу арқылы шолу
60 - Кірілген веб-тораптардың тізімін көру
61 Smart Share функциясы
61 - USB жад құрылғысын қосу
62 - DLNA DMP (Digital Living Network Alliance, Digital Media Player) ойнатқышын жалғау
65 - DLNA DMR (Digital Living Network Alliance, Digital Media Render) желісіне қосылу
66 - Файлдарды шолу
67 - Бейнелерді көру
70 - DivX тіркеу коды
71 - Фотосуреттерді көру
73 - Музыка тыңдау
75 Мультимедиалық сілтеме функциясы
75 - Мультимедиалық сілтеме байланысы
76 - Мультимедиалық сілтеме функциясын пайдалану
76 - Фильмдер көру
77 - Музыка бөлімін пайдалану
77 - Теледидар бағдарламасы бөлімін пайдалану
78 - Қондырмаларды орнату
79 DVR функциясы
79 - USB құрылғысын пайдаланғанда қадағаланатын сақтық шаралар
80 - Timeshift (ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДІ КІДІРТУ НЕМЕСЕ ҚАЙТА ОЙНАТУ)
83 - ЖАЗУ
84 - ЖОСПАРЛАУ
87 - ЖАЗЫЛҒАН ТД
90 ЭБН (Электрондық бағдарлама нұсқаулығы) функциясы (сандық режимде)
90 - ЭБН-ды қосу/өшіру
90 - Бағдарламаны таңдау
91 - ҚАЗІРГІ/КЕЛЕСІ нұсқаулық режимі
91 - 8 күндік нұсқаулық режимі
91 - Күнді ауыстыру режимі
91 - Ашылған сипаттама терезесі

92 3D БЕЙНЕ

92 3D технологиясы
93 3D көзілдірікті пайдаланғанда
93 3D бейнелеуді көру ауқымы
94 3D бейнелеуді көру
94 - 3D бейнелеуді реттеу

96 ТЕЛЕДИДАР ПАРАМЕТРЛЕРІН БАПТАУ

96 ОРНАТУ мәзірі
97 Параметрлерді баптау
97 - ОРНАТУ параметрлері
98 - СУРЕТ параметрлері
103 - ДЫБЫС параметрлері
106 - УАҚЫТ параметрлері
108 - ҚҰЛЫПТАУ параметрлері
109 - ОПЦИЯ параметрлері
112 - ЖЕЛІ параметрлері
113 - ҚОЛДАУ параметрлері

114 БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

115 Байланыстарға шолу
116 HD ресиверіне, DVD ойнатқышына немесе бейнемагнитофонға жалғау
116 - HDMI байланысы
116 - DVI-HDMI байланысы
117 - Құрамдас бөлік байланысы
117 - Euro Scart байланысы
118 - Құрама байланыс
118 Компьютерге жалғау
119 - HDMI байланысы
119 - DVI-HDMI байланысы
120 - RGB байланысы
121 Дыбыс жүйесіне қосылу
121 - Сандық оптикалық дыбыс байланысы
121 Құлақаспап байланысына қосылу
122 USB құрылғысына қосылу
122 CI модуліне жалғау
123 Wireless Media Box (Сымсыз медиа қорабы) құрылғысын жалғау
123 SIMPLINK байланысы
124 - SIMPLINK мәзірлерін қосу және қолдану

125 ТЕЛЕМӘТІН

125 Қосу және өшіру
125 Қарапайым мәтін
125 - Бетті таңдау
125 Жоғары мәтін
125 - Блокты / топты / бетті таңдау
125 - Бетті тікелей таңдау
126 Fastext (Жылдам мәтін)
126 - Бетті таңдау
126 Арнайы телемәтін функциясы

127 САНДЫҚ ТЕЛЕМӘТІН

127 Сандық қызмет ішіндегі телемәтін
127 Сандық қызмет ішіндегі телемәтін

128 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

128 Теледидардың аппараттық-бағдарламалық жасақтамасын жаңарту
129 Теледидарды тазалау
129 - Экран және жақтау
129 - Түпқойма және тірек
129 - Қуат сымы
130 Теледидар экранында «Бейненің басылып қалуы» мен «Бейне ізінің» пайда болуына жол бермеу

131 АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

133 ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

145 ИҚ КОДТАРЫ


146 СЫРТҚЫ БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫНЫҢ ПАРАМЕТРЛЕРІН ОРНАТУ

146 RS-232C Орнату
146 Жалғағыш түрі;
D-Sub 9 істікшесі
147 RS-232C конфигурациялары
148 Байланыс параметрлері
148 Пәрмендердің анықтамалық тізімі
149 Тасымалдау / қабылдау протоколы

ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ

Орамынан шығару

Өнімнің қорабында төмендегі заттардың бар екенін тексеріңіз. Кейбір қосалқы құралдары жетіспесе, өнімді сатқан жергілікті дилерге хабарласыңыз. Нұсқаулықтағы суреттер өнімнің және бірге берілген заттардың нақты түрінен өзгеше болуы мүмкін.



Қашықтан басқару құралы және батареялар (AAA)



Nero MediaHome 4 Essentials ықшам дискісі



Пайдаланушы нұсқаулығы



Тазалау шүберегі[1]
(Үлгіге байланысты)




Феррит өзегі
(Үлгіге байланысты)



Тазалау шүберектері (қолғап)[2]
(Үлгіге байланысты)

1 Теледидардың сыртындағы дақтарды шүберекпен ақырын сүртіп алыңыз.

2 Сырттағы дақтарды тек тазалайтын шүберекпен сүртіңіз. Дақтарды кетіргенде дөрекі сүртпеңіз. Шамадан тыс қысымнан сызаттар пайда болуы немесе түстің өңі кетуі мүмкін.
Алдыңғы жақтауды тазалау үшін тазалау шүберегіне 1-2 рет су шашқаннан кейін бір бағытта ақырын ғана сүртіңіз. Тазалағаннан кейін қалған ылғалды сүртіңіз. Ылғалдан жақтауда дақтар пайда болуы мүмкін.



Қазақша

Тек 32/37/42/47LV55**, 32/37/42/47/55LV57**, 42/47/55LV77**, 32/37/42/47/55LW55**, 32/37/42/47/55LW57**, 32/42/47/55LW65**, 42/47/55LW75**, 42/47/55LW77**, 47/55LW95**, 47/55LW98**, 72LZ97**



x 8

M4 x 16

(Тек 47/55LW95**, 47/55LW98**)



x 8

M4 x 12

(Тек 32/37/42/47LV55**, 32/37/42/47/55LV57**, 42/47/55LV77**, 32/37/42/47/55LW55**, 32/37/42/47/55LW57**, 32/42/47/55LW65**, 42/47/55LW75**, 42/47/55LW77**)



x 4


M5 x 35



x 4

M4 x 26

(Тек 72LZ97**)



Қуат сымы
(Тек 72LZ97**)

Құрастыру бұрандасы



Құрама екі жақты кабель




Компоненттік екі жақты кабель



SCART екі жақты кабелі



Сым ұстағышы
(Үлгіге байланысты)



Magic Motion қашықтан басқару құралы
Бау, батареялар (AA)
(Тек 42/47/55LV77**, 42/47/55LW75**, 42/47/55LW77**, 47/55LW95**, 47/55LW98**, 72LZ97**)



FPR 3D көзілдірігі[1]
(Тек 32/37/42/47/55LW55**, 32/37/42/47/55LW57**, 32/42/47/55LW65**, 47/55LW98**)



3D көзілдірігі (AG-S250)
(Тек 42/47/55LW75**, 42/47/55LW77**, 47/55LW95**, 72LZ97**)




Бекіту бұрандасы
(Тек 32/37LV55**, 32/37LV57**, 32/37LW55**, 32/37LW57**, 32LW65**)

Қазақша

1 3D көзілдіріктерінің саны мемлекетке қарай әртүрлі болуы мүмкін.


Тек 32/37/42/47/55LV571S, 32/37/42/47/55LW573S, 32/37/42/47/55LW575S



Magic Motion қашықтан басқару құралы
Бау, батареялар (AA)



RF кілті



RF кілтінің кабелі




Жабысқақ ілгек

ЕСКЕРТУ


- Қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, өнімнің жұмыс мерзімін арттыру үшін, мақұлданбаған өнімдерді пайдаланбаңыз.
- Мақұлданбаған өнімдерді пайдаланудан туындаған зақымдар немесе залал кепілдікке кірмейді.

ЕСКЕРТПЕ

- Өніммен бірге берілген заттар оның үлгісіне қарай әртүрлі болуы мүмкін.
- Өнім сипаттамалары немесе осы нұсқаулықтың мазмұны өнім функцияларының жетілдірілуіне байланысты алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
- Феррит өзегін пайдалану (үлгісіне байланысты)
  - Теледидардың жұмысына кедергі келтіретін электромагниттік толқындар әсерін азайту үшін, феррит өзегін қолданыңыз. Феррит өзегін қуат кабелінің розеткадағы штепселіне жақын жерге орнатыңыз.




  - Орнату үшін төмендегі суретті қараңыз (тек 72LZ97**).
    HDMI - DVI кабеліндегі электромагниттік толқындар әсерін азайту үшін, феррит өзегін қолданыңыз.



Феррит өзегін HDMI/DVI IN кабелінен 15 см қашықтықта орнатыңыз.

- Оңтайлы байланыс үшін HDMI кабельдері және USB құрылғылары ұштарының қалыңдығы 10 мм, ал ені 18 мм шамасынан аспау керек.




*A ≦ 10 мм
*B ≦ 18 мм


Қазақша

Бөлек сатылады

Сапасын жақсарту мақсатында бөлек сатылатын қосымша құралдар ескертусіз өзгертілуі немесе жетілдірілуі мүмкін.
Бұл заттарды сатып алу үшін, дилерге хабарласыңыз.
Бұл құрылғылар тек үйлесімді LG ЖД СКД теледидарларымен істейді.



Сымсыз Media Box
(AN-WL100E)
AN-WL100ET)




3D көзілдірігі
(AG-S230, AG-S250, AG-S270)
(Тек 42/47/55LW75**, 42/47/55LW77**,
47/55LW95**, 72LZ97**)



VOD қызметіне арналған LG USB
(AN-UM200)
(тек Франция)



Кең жолақ үшін сымсыз LAN /DLNA адаптері
(AN-WF100)
(47/55LW95**, 47/55LW98** үлгісінен басқа)



Magic Motion қашықтан басқару құралы
(AN-MR200)



FPR 3D көзілдірігі[1]
(AG-F2**)
(Тек 32/37/42/47/55LW55**,
32/37/42/47/55LW57**,
32/42/47/55LW65**, 47/55LW98**)



Бейне қоңырау камерасы[2]
(AN-VC300)
(Үлгіге байланысты)

1 Үлгінің атауы және дизайны өнім функцияларына жасалған жетілдірулер, өндіруші жағдайларына немесе саясатына байланысты өзгертілуі мүмкін.
2 Бейне қоңырау камерасын кейбір LG теледидарларымен пайдалануға болады. Бейне қоңырау камерасы барлық елдерде бола бермейді.

Бөлшектер мен түймелер

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.


ЕСКЕРТПЕ

- Тұтынылатын қуат мөлшерін азайту мақсатында теледидарды күту режиміне қоюға болады. Егер біраз уақыт қарамайтын болса, теледидарды өшіріп қою қажет. Бұл тұтынылатын қуат мөлшерін азайтады.
  Кескін жарқындығының деңгейі төмендетілсе, қолданыс үстінде тұтынылатын қуат мөлшері айтарлықтай азайып, бұл өз ретінде жалпы қуат ақысын азайтады.

ЕСКЕРТУ

- Шыны үстіне баспаңыз немесе қандай да бір әсер тигізбеңіз. Ол сынып, шыны бөлшектері жарақат тудыруы немесе теледидар құлауы мүмкін.
- Теледидарды сүйремеңіз. Еден немесе өнім зақымдалуы мүмкін.
- Кейбір үлгілерде экрандағы жұқа пленка теледидардың бөлігі болып табылады. Сондықтан оны алып тастамаңыз.

Тек 32/42/47/55LW65**, 47/55LW95**, 47/55LW98**



Сенсорлы түйме2	Сипаттама
⏻ / I	Қуатты қосады немесе өшіреді.
INPUT («КІРІС»)	Кіріс көзін өзгертеді.
HOME («НЕГІЗГІ БЕТ»)	Негізгі мәзірге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады.
OK ◉	Белгіленген мәзір опциясын таңдайды немесе енгізілген ақпаратты растайды.
- ◿ +	Дыбыс деңгейін реттейді.
v P ^	Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды.


1 Интеллектуалдық сенсор — қоршаған ортаға қарай бейне сапасын және жарықтықты реттейді.
2 Барлық түймелер түртуге сезімтал, сондықтан оларды жай саусақпен түртіп басқаруға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Негізгі мәзір - ОРНАТУ ішіндегі **ПАРАМЕТР** тармағын таңдау арқылы қуат көрсеткіші шамын қосуға немесе өшіруге болады.

Қазақша

Тек 32/37/42/47LV55**, 32/37/42/47/55LW55**, 42/47/55LW75**



Сенсорлы түйме[2]	Сипаттама
⏻ / I	Қуатты қосады немесе өшіреді.
INPUT («КІРІС»)	Кіріс көзін өзгертеді.
HOME («НЕГІЗГІ»)	Негізгі мәзірге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады.
OK ◉	Белгіленген мәзір опциясын таңдайды немесе енгізілген ақпаратты растайды.
- ◿ +	Дыбыс деңгейін реттейді.
v P ^	Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды.


1 Интеллектуалдық сенсор — қоршаған ортаға қарай бейне сапасын және жарықтықты реттейді.

2 Барлық түймелер түртуге сезімтал, сондықтан оларды жай саусақпен түртіп басқаруға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Негізгі мәзір - ОРНАТУ ішіндегі **ПАРАМЕТР** параметрін таңдау арқылы қуат көрсеткіші шамын қосуға немесе өшіруге болады.

Тек 32/37/42/47/55LV57**, 42/47/55LV77**, 32/37/42/47/55LW57**, 42/47/55LW77**



Түйме	Сипаттама
⏻ / I	Қуатты қосады немесе өшіреді.
INPUT («КІРІС»)	Кіріс көзін өзгертеді.
HOME («НЕГІЗГІ БЕТ»)	Негізгі мәзірге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады.
OK ◉	Белгіленген мәзір опциясын таңдайды немесе енгізілген ақпаратты растайды.
- ◿ +	Дыбыс деңгейін реттейді.
v P ^	Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды.


1 Интеллектуалдық сенсор — қоршаған ортаға қарай бейне сапасын және жарықтықты реттейді.

ЕСКЕРТПЕ

- Негізгі мәзір - ОРНАТУ ішіндегі **ПАРАМЕТР** тармағын таңдау арқылы қуат көрсеткіші шамын қосуға немесе өшіруге болады.

Қазақша

Тек 72LZ97**



Сенсорлы түйме[2]	Сипаттама
⏻ / I	Қуатты қосады немесе өшіреді.
INPUT («КІРІС»)	Кіріс көзін өзгертеді.
HOME («НЕГІЗГІ БЕТ»)	Негізгі мәзірге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады.
OK ◉	Белгіленген мәзір опциясын таңдайды немесе енгізілген ақпаратты растайды.
- ◿ +	Дыбыс деңгейін реттейді.
v P ^	Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды.

1 Интеллектуалдық сенсор — қоршаған ортаға қарай бейне сапасын және жарықтықты реттейді.
2 Барлық түймелер түртуге сезімтал, сондықтан оларды жай саусақпен түртіп басқаруға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Негізгі мәзір - ОРНАТУ ішіндегі **ПАРАМЕТР** тармағын таңдау арқылы қуат көрсеткіші шамын қосуға немесе өшіруге болады.

Қазақша

Теледидарды көтеру және жылжыту

Теледидарды жылжытқанда немесе көтергенде, сырып немесе зақымдап алмай, түріне және көлеміне қарамастан қауіпсіз түрде тасымалдау үшін, төмендегі ақпаратты оқыңыз.


ЕСКЕРТУ

- Әрқашан экранға тиюді болдырмаңыз, өйткені бұл экранның зақымдалуына әкелуі мүмкін.

- Теледидарды зауытта салынған қорабында немесе орамында тасымалдаған жөн.
- Теледидарды жылжыту немесе көтеру үшін, алдымен қуат сымын және барлық кабельдерді ажырату керек.
- Теледидарды ұстағанда, зақымдалмау үшін экраны сыртқа қарап тұру керек.



- Теледидар жақтауының жоғарғы жағы мен түбін жақсылап ұстаңыз. Мөлдір бөлікті, динамикті немесе динамик торының аймағын ұ



- Үлкен теледидарды кемінде 2 адам тасымалдауы керек.
- Теледидарды қолмен тасымалдағанда, төмендегі суретте көрсетілгендей ұстау керек.



- Тасымалдағанда, теледидарды қатты шайқамаңыз.
- Тасымалдағанда, теледидарды тігінен ұстаңыз. Жанына жатқызбаңыз және сол немесе оң жағына қарай еңкейтпеңіз.

Теледидардың параметрлерін орнату

Теледидарды тірекке қойып, орындыққа немесе қабырғаға бекітіңіз.

Тіректі орнату

Егер теледидарды қабырғаға бекітпесеңіз, тіректі бекіту үшін келесі нұсқауларды орындаңыз.

Тек 47/55LW95**, 47/55LW98**


1 Экран жағын төмен қаратып, теледидарды тегіс бетке қойыңыз.

ЕСКЕРТУ


- Экранды зақымданудан қорғау үшін, бетіне поролоннан төсеніш немесе жұмсақ шүберек жайыңыз. Экранды ешбір заттардың басып қалмағандығына көз жеткізіңіз.

2 **Тірек корпусының** бөлшектерін теледидардың **тірек негізімен** біріктіріңіз.

Үлгі	Құрастыру бұрандасы	Бұрандалар саны
47/55LW95** 47/55LW98**	M4 x 16	4




3 Тірек артқы қақпағының **бөлшектерін** теледидармен бірге жинаңыз.



Қазақша

4 Теледидар мен тіректі 4 бұрандамен бекітіңіз.

Үлгі	Құрастыру бұрандасы	Бұрандалар саны
47/55LW95** 47/55LW98**	M4 x 16	4



ЕСКЕРТУ

- Теледидар алдыға қарай еңкейіп кетпеу үшін, бұрандаларды қаттылап бұраңыз. Тым қатты бұрап жібермеңіз.

Тек 32/37/42/47LV55**, 32/37/42/47/55LV57**, 42/47/55LV77**, 32/37/42/47/55LW55**, 32/37/42/47/55LW57**, 32/42/47/55LW65**, 42/47/55LW75**, 42/47/55LW77**


1 Экран жағын төмен қаратып, теледидарды тегіс бетке қойыңыз.

ЕСКЕРТУ


- Экранды зақымданудан қорғау үшін, бетіне поролоннан төсеніш немесе жұмсақ шүберек жайыңыз. Экранды ешбір заттардың басып қалмағандығына көз жеткізіңіз.

2 **Тірек корпусының** бөлшектерін теледидардың **тірек негізімен** біріктіріңіз.

Үлгі	Құрастыру бұрандасы	Бұрандалар саны
32/37/42/47LV55**, 32/37/42/47/55LV57**, 42/47/55LV77**, 32/37/42/47/55LW55**, 32/37/42/47/55LW57**, 42/47/55LW75**, 42/47/55LW77** 32/42/47/55LW65**	M4 x 12	4




3 Теледидарды суретте көрсетілгендей құрастырыңыз.



4 Теледидар мен тіректі 4 бұрандамен бекітіңіз.

Үлгі	Құрастыру бұрандасы	Бұрандалар саны
32/37/42/47LV55**, 32/37/42/47/55LV57**, 42/47/55LV77**, 32/37/42/47/55LW55**, 32/37/42/47/55LW57**, 42/47/55LW75**, 42/47/55LW77**, 32/42/47/55LW65**	M4 x 12	4



ЕСКЕРТУ

- Теледидар алдыға қарай еңкейіп кетпеу үшін, бұрандаларды қаттылап бұраңыз. Тым қатты бұрап жібермеңіз.

Тек 72LZ97**


1 Экран жағын төмен қаратып, теледидарды тегіс бетке қойыңыз.

ЕСКЕРТУ


- Экранды зақымданудан қорғау үшін, бетіне поролоннан төсеніш немесе жұмсақ шүберек жайыңыз. Экранды ешбір заттардың басып қалмағандығына көз жеткізіңіз.

2 **Тірек корпусының** бөлшектерін теледидардың **тірек негізімен** біріктіріңіз.


Үлгі	Құрастыру бұрандасы	Бұрандалар саны
72LZ97**	M5 x 35	4



3 Теледидарды суретте көрсетілгендей құрастырыңыз.




4 Тірек артқы қақпағының **бөлшектерін** теледидармен бірге жинаңыз.



5 Теледидар мен тіректі 4 бұрандамен бекітіңіз.

Үлгі	Құрастыру бұрандасы	Бұрандалар саны
72LZ97**	M4 x 26	4




ЕСКЕРТУ

- Теледидар алдыға қарай еңкейіп кетпеу үшін, бұрандаларды қаттылап бұраңыз. Тым қатты бұрап жібермеңіз.

Үстелге орнату


1 Теледидарды көтеріп, үстелге тігінен қойыңыз.
- Желдету мақсатымен қабырға мен теледидардың арасында 10 см (ең кемінде) бос орын қалдырыңыз.



2 Қуат сымын қабырғадағы розеткаға қосыңыз.

ЕСКЕРТУ
- Теледидарды жылу көзінің жанына немесе үстіне қоймаңыз, өрт шығаруы немесе басқа зақым келтіруі мүмкін.


ЕСКЕРТПЕ
- 20 градус солға немесе оңға бұрып, теледидар бұрышын көруіңізге ыңғайлы етіп, орналастырыңыз.



Теледидарды үстелге бекіту

Тек 32/37LV55**, 32/37LV57**, 32/37LW55**, 32/37LW57**, 32LW65**


Алдыға еңкейіп кетпеуі, зақымданбауы және адамға жарақат тудырмауы үшін, теледидарды үстелге бекітіп қойыңыз.
Теледидарды үстелге орнатып, берілген бұранданы тіректің артына салып, бекітіңіз.



АБАЙЛАҢЫЗ
- Құлап кетпеу үшін, орнату нұсқаулары бойынша теледидарды еденге/қабырғаға мықтап бекіту керек. Теледидарды еңкейту, шайқау немесе тербету нәтижесінде адам жарақат алуы мүмкін.

Теледидарды қабырғаға бекіту

(Бұл функция барлық үлгілер үшін мүмкін емес.)



1 Сақиналы болттарды немесе теледидардың артқы жағындағы қапсырмалар мен болттарды кіргізіп, тартыңыз.
- Сақиналы болттардың орнында басқа болттар болса, алдымен соларды шығарып алыңыз.

2 Қабырға қапсырмаларын болттардың көмегімен қабырғаға орнатыңыз.
Қабырға қапсырмасы мен теледидардың артындағы сақиналы болттарды бір-біріне келтіріңіз.

3 Сақиналы болттарды және қабырға қапсырмаларын мықты баумен тартып байлап қойыңыз.
Бау тегіс бетке көлденең тартылып тұру керек.

ЕСКЕРТУ

- Балалардың теледидарға шықпауын және асылып тұрмауын қадағалаңыз.

ЕСКЕРТПЕ


- Теледидар теңселмей тұратын мықты және үлкен үстелді немесе түпқойманы пайдаланыңыз.

Kensington қауіпсіздік жүйесін пайдалану

(Бұл функция барлық үлгілер үшін мүмкін емес.)


Kensington қауіпсіздік жүйесінің жалғағышы теледидардың артында орналасқан. Орнату мен пайдалану туралы қосымша ақпаратты Kensington қауіпсіздік жүйесімен бірге берілген нұсқаулықтан қараңыз немесе http://www.kensington.com торабына кіріңіз.

Kensington қауіпсіздік жүйесінің кабелі арқылы теледидар мен үстелді жалғаңыз.





Қабырғаға орнату



Қабырғаға бекіту қапсырмасын теледидардың артына және қатты қабырғаға, еденге перпендикуляр етіп орнатыңыз. Теледидарды басқа құрылыс бөліктеріне орнату үшін, білікті мамандарға хабарласыңыз.
LG компаниясы қабырғаға бекітуді білікті кәсіби орнатушы орындауын ұсынады.




Міндетті түрде VESA стандартына сәйкес келетін бұрандаларды және қабырғаға бекіту қапсырмасын қолданыңыз. Қабырғаға бекіту жинақтарының стандартты өлшемдері төмендегі кестеде берілген.

Бөлек сатылады (қабырғаға бекіту қапсырмасы)

Үлгі	32LV55** 32LV57** 32LW55** 32LW57** 32LW65**	37LV55** 37LV57** 37LW55** 37LW57**
VESA (A x B)	200 x 100	200 x 200
Стандартты бұранда	M4	M6
Бұрандалар саны	4	4
Қабырғаға бекіту қапсырмасы	LSW100B, LSW100BG 	LSW200B, LSW200BG 

Үлгі	42/47LV55** 42/47/55LV57** 42/47/55LV77** 42/47/55LW55** 42/47/55LW57** 42/47/55LW65** 42/47/55LW75** 42/47/55LW77** 47/55LW95** 47/55LW98**	72LZ97**
VESA (A x B)	400 x 400	600 x 400
Стандартты бұранда	M6	M8
Бұрандалар саны	4	4
Қабырғаға бекіту қапсырмасы	LSW400B, LSW400BG 	LSW600B 



ЕСКЕРТУ

- Алдымен қуатты ажыратыңыз, содан кейін теледидарды жылжытыңыз немесе орнатыңыз. Әйтпесе, ток соғуы мүмкін.
- Төбеге немесе қисық қабырғаға орнатылса, теледидар құлап, ауыр жарақат тудыруы мүмкін. Рұқсат етілген LG қабырғаға бекіту қапсырмасын қолданыңыз және жергілікті дилерге немесе білікті мамандарға хабарласыңыз.
- Бұрандаларды тым қатты бұрамаңыз: теледидар зақымданып, кепілдік күшін жоюы мүмкін.
- VESA стандартына сәйкес келетін бұрандаларды және қабырғаға бекіту қапсырмасын қолданыңыз. Дұрыс қолданбау немесе сәйкес келмейтін қосалқы құралды пайдалану нәтижесінде болған зақымдар мен жарақаттар кепілдікке кірмейді.


ЕСКЕРТПЕ

- VESA стандартты бұранда техникалық сипаттамаларының тізімінде берілген бұрандаларды пайдаланыңыз.
- Қабырғаға бекіту жинағына орнату нұсқаулығы мен қажетті бөлшектер кіреді.
- Қабырғаға бекіту тетігіне байланысты бұрандалардың ұзындығы әртүрлі болуы мүмкін. Дұрыс ұзындықтың таңдалғандығына көз жеткізіңіз.
- Қосымша ақпаратты қабырғаға бекіту қапсырмасымен берілген нұсқаулықтан қараңыз.

Кабельдерді жинау

Тек 32/37/42/47LV55**, 32/37/42/47/55LV57**, 42/47/55LV77**, 32/37/42/47/55LW55**, 32/37/42/47/55LW57**, 32/42/47/55LW65**, 42/47/55LW75**, 42/47/55LW77**, 47/55LW95**, 47/55LW98**


1 Кабельдерді жинап, теледидардың артқы жағындағы кабель ұстатқышпен байлап қойыңыз.



Кабель ұстатқыш


Тек 72LZ97**

1 Кабельдерді жинап, кабель ұстатқышпен қыстырып қойыңыз.



Кабель ұстатқыш

2 Тіректің қақпағындағы кабель органайзерін тартып, кабельдерді орналастырыңыз. Содан кейін, органайзерде жабыңыз.




ЕСКЕРТУ

- Теледидарды жылжытқанда, кабель бауын ұстамаңыз: ол үзіліп, жарақат туу немесе теледидар зақымдануы мүмкін.

ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ

Бұл нұсқаулықтағы сипаттамалар қашықтан басқару құралындағы түймелерге негізделген.
Нұсқаулықты мұқият оқып, теледидарды дұрыс пайдаланыңыз.




Батареяларды ауыстыру үшін, батарея қақпағын ашып, батареяларды (1,5 В AAA) ⊕ және ⊖ жақтарын ішіндегі белгілерге келтіріп салыңыз да, қақпақты жабыңыз. Қашықтан басқару құралын теледидардағы сенсорына бағыттау керек.

Батареяларды шығару үшін, орнатқандағы әрекеттерді керісінше орындаңыз.

ЕСКЕРТУ

- Ескі және жаңа батареяларды бірге салмаңыз: қашықтан басқару құралы зақымдануы мүмкін.



⏻ INFO («АҚПАРАТ»)
Теледидарды қосады немесе өшіреді.


LIGHT («ЖАРЫҚ»)
Қашықтан басқару құралының түймелеріне жарық береді.

ENERGY SAVING («ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ») (Мына бетті қараңыз:98)
Тұтынылатын энергияны азайту үшін экранның жарықтығын реттейді.

AV MODE («AV РЕЖИМІ») (Мына бетті қараңыз:42)
AV режимін таңдайды.

INPUT («КІРІС») (Мына бетті қараңыз:43)
Кіріс көзін өзгертеді және теледидарды қосады.

TV/RAD («ТД/РАДИО»)
Радио, теледидар және DTV бағдарламаларын таңдайды.




Алфавиттік-сандық түймелер
Әріптер мен сандарды енгізеді.

LIST («ТІЗІМ») (Мына бетті қараңыз:39)
Сақталған бағдарламалар тізімін көрсетеді.

⎵ (Бос орын)
Экран клавиатурасындағы бос орынды ашады.

Q.VIEW («ЖАЛПЫ ШОЛУ»)
Бұрын қаралған бағдарламаларға әкеледі.

Қазақша




⊿ + -
Дыбыс деңгейін реттейді.

MARK («БЕЛГІЛЕУ»)
Мәзір немесе опцияны таңдайды.
FAV («ТАҢДАУЛЫ») (Мына бетті қараңыз:40)
Таңдаулы бағдарламалар тізімін көрсетеді.
CHAR/NUM («ТАҢБА/САН»)
Әріпті және санды енгізу режимдерін ауыстырып қосады.

3D (Тек 3D үлгілер) (Мына бетті қараңыз:92)
3D бейнесін көруге пайдаланылады.
RATIO («ӨЛШЕМ») (Мына бетті қараңыз:41)
Бейненің өлшемін өзгертеді

DELETE («ЖОЮ»)
Әріптер мен сандарды өшіреді.
MUTE («ДЫБЫСТЫ ӨШІРУ»)
Бүкіл дыбыстарды өшіреді.

P ∧ ∨
Сақталған бағдарламалар ішінде жылжиды.
PAGE («БЕТ»)
Алдыңғы немесе келесі экранға өтеді.



Premium («Премиум»)
Премиум мәзірлерін ашады.

Home («Негізгі»)
Негізгі мәзірді ашады.

Q. MENU («ЖЫЛДАМ МӘЗІР») (Мына бетті қараңыз:44)
Жылдам мәзірлерді көрсетеді.
3D OPTION («3D ТАҢДАУ») (Тек 3D үлгілері) (Мына бетті қараңыз:92)
3D бейнесін көруге пайдаланылады.
@
Orange дайындаған ойын-сауық интернет порталына және жаңалықтар қызметіне тікелей өту. (тек Франция)

Шарлау түймелері (жоғары/төмен/солға/оңға)
Мәзірлер мен опциялар бойынша жылжиды.

OK
Мәзірлер мен опцияларды таңдап, енгізуді растайды.

BACK («КЕРІ»)
Алдыңғы деңгейге қайтады.

GUIDE («НҰСҚАУЛЫҚ»)
Бағдарлама нұсқаулығын көрсетеді.

EXIT («ШЫҒУ»)
Экрандағы дисплейлерді кетіріп, теледидарды көру режиміне қайтарады.



Түсті түймелер
Бұлар кейбір мәзірлердегі арнайы функцияларға қатынасады.



TELETEXT («ТЕЛЕМӘТІН») ТҮЙМЕЛЕРІ (Мына бетті қараңыз:125)
Бұл түймелер телемәтінге арналған.
Қосымша ақпаратты «Телемәтін» бөлімінен қараңыз.



SUBTITLE («СУБТИТР»)
Сандық режимде қалаулы субтитрді қайта шығарады.

Басқару түймелері (■, ▶, II, ◀◀, ▶▶)
Премиум мазмұнын, DVR, Smart Share мәзірлерін немесе SIMPLINK-үйлесімді құрылғыларды (USB, SIMPLINK немесе DVR) басқарады.

LIVE TV («ТІКЕЛЕЙ ЭФИР») (Мына бетті қараңыз:79)
Тікелей эфирге қайтарады.

REC («ЖАЗУ»)
DVR мәзірін реттеу үшін пайдаланылады.

INFO («АҚПАРАТ») (Мына бетті қараңыз:90)
Ағымдағы бағдарламаның және экранның ақпаратын көрсетеді.

AD
Дыбысты сипаттау функциясын қосады немесе өшіреді.

RATIO («ӨЛШЕМ») (Мына бетті қараңыз:41)
Бейненің өлшемін өзгертеді.

Нұсқаулық
Бағдарлама нұсқаулығын көрсетеді.


SIMPLINK (Мына бетті қараңыз:123)
Теледидарға қосылған AV құрылғыларына өтеді;
SIMPLINK мәзірін ашады.

APP/⋆
MHP TV мәзірінің көзін таңдаңыз. (Тек Италия)
(Үлгіге байланысты)

Қазақша

Magic Motion қашықтан басқару құралының функциялары

Бұл бұйым барлық үлгілерге қосылмаған.




Басқару нұсқауларын Magic Motion қашықтан басқару құралының нұсқаулығында қараңыз.
Нұсқаулықты мұқият оқып, теледидарды дұрыс пайдаланыңыз.
«Magic motion қашықтан басқару құралындағы батарея заряды төмен. Батареяны ауыстырыңыз.» хабары көрсетілгенде, батареяны ауыстырыңыз.
Батареяларды ауыстыру үшін, батарея қақпағын ашып, батареяларды (1,5 В АА) ⊕ және ⊖ жақтарын ішіндегі белгілерге келтіріп салыңыз да, қақпақты жабыңыз. Қашықтан басқару құралын теледидардағы сенсорына бағыттау керек.

Батареяларды шығару үшін, орнатқандағы әрекеттерді керісінше орындаңыз.

ЕСКЕРТУ

- Ескі және жаңа батареяларды бірге салмаңыз: қашықтан басқару құралы зақымдануы мүмкін.




RF кілтін орнату

(Тек 32/37/42/47LV55**, 32/37/42/47/55LV57**, 32/37/42/47/55LW55**, 32/37/42/47/55LW57**, 32/42/47/55LW65**)


Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

1 Теледидардан жабысқақ ілгек арналған орынды табыңыз. Қорғаныш қағазын алып тастап, жабысқақ ілгекті тағыңыз. (Жабыстырылатын орын теледидар үлгісіне байланысты әртүрлі болады)




* RF кілтін жоғарғы сол жақ бұрыштағы қапсырмаға келтіріп бекітіңіз.

2 RF кілтіндегі RF кілті кабелінің ұшын теледидардағы USB ұясына жалғаңыз.




3 RF кілтін жабысқақ ілгекке төменде көрсетілгендей бекітіп, теледидарды қосыңыз.



* Сымсыз медиа қорабының RF кілті бекітілген болса, Magic Motion қашықтан басқару құралының RF кілтін теледидардың артқы жағындағы жоғарғы оң жағына бекітіңіз.

* Сымсыз кедергілер болмау үшін, Magic Motion қашықтан басқару құралының RF кілті мен Wi-Fi кілті арасындағы қашықтық 20 см болу керек.



ЕСКЕРТПЕ

- Бөлек сатылады: 32/37/42/47/55LV571S, 32/37/42/47/55LW573S, 32/37/42/47/55LW575S үлгілерінен басқа

Magic Motion қашықтан басқару құралын тіркеу

Magic Motion қашықтан басқару құралы теледидармен жұптасу арқылы жұмыс жасайды. Пайдалану үшін Magic Motion қашықтан басқару құралын тіркеңіз.

Magic Motion қашықтан басқару құралын тіркеу жолы

Тіркеу үшін, қашықтан басқару құралын теледидарға бағыттап, ондағы **OK** түймесін басыңыз.

Тіркелмеген жағдайда Magic Motion қашықтан басқару құралын қайта тіркеу жолы

OK және **MUTE** («ДЫБЫСТЫ ӨШІРУ») түймелерін 5 секунд басу арқылы қашықтан басқару құралын қалпына келтіріңіз. (Қалпына келтіру аяқталғанда, меңзердегі жарық жыпылықтайды.) Содан кейін жоғарыдағы қашықтан басқару құралын тіркеу әрекетін қайталаңыз.

Magic Motion қашықтан басқару құралын пайдалану жолы

1 ТД экранында меңзер жоқ болса, **OK** түймесін басыңыз. Көрсеткі экранда пайда болады. Белгілі бір уақыт қолданылмаса, көрсеткі экраннан жоғалады.

2 Қашықтан басқару құралындағы меңзер қабылдағышын теледидарға бағыттап, меңзерді солға, оңға, жоғары немесе төмен жылжытуға болады.
Егер **OK** түймесін басқаннан кейін, меңзер дұрыс істемесе, қашықтан басқару құралын 10 секунд қолданбай, содан кейін қайта алыңыз.

Magic Motion қашықтан басқару құралын пайдаланудағы сақтандыру шаралары

- Қашықтан басқару құралын ең үлкен қашықтықтан (10 м) асырмай қолданыңыз. Қашықтан басқару құралын бұл қашықтықтан асырып немесе кедергі арқылы қолдану салдарынан байланыс ақауы пайда болуы мүмкін.
- Байланыс ақауы айналадағы құрылғыларға байланысты да пайда болуы мүмкін. Микротолқынды пеш немесе сымсыз жергілікті желі өнімі сияқты электр құрылғылары Magic Motion қашықтан басқару құралымен бірдей жиілікті пайдаланады (2,4 ГГц), соның әсерінен кедергілер пайда болуы мүмкін.
- Құласа немесе ауыр соққы тисе, Magic Motion қашықтан басқару құралы зақымдалуы немесе дұрыс қызмет етпеуі мүмкін.
- Ойын ойнағанда, Magic Motion қашықтан басқару құралын қауіпсіз етіп ұстаңыз: бауын білекке байлап, ұзындығын реттеу сақинасымен реттеңіз.
- Magic Motion қашықтан басқару құралын пайдаланғанда, айналадағы жиһазға немесе басқа адамдарға соғылып қалудан абай болыңыз.
- Өндіруші мен орнатушы тиісті сымсыз құрылғылар электромагниттік толқын кедергісін тудыруы мүмкін болғандықтан, адамдардың қауіпсіздігіне қатысты қызметтерді қамтамасыз ете алмайды.
- Кіру нүктесінің теледидардан 1 м-ден арырақ орналасуы ұсынылады. Егер кіру нүктесі 1 м-ден жақынырақ орнатылса, жиілік кедергісіне байланысты magic motion қашықтан басқару құралы күтілгендей жұмыс істемеуі мүмкін.



Қазақша


ТЕЛЕДИДАР ҚАРАУ

Антеннаға қосылу

Теледидар көру үшін төмендегі нұсқаулар бойынша антеннаны жалғаңыз.
Зақым келмеу үшін, құрылғылар толық байланысып болғанша, қуат сымдарын розеткаға қоспаңыз.

Антеннаны жалғау

RF кабелі (75 Ω) арқылы теледидарды қабырғадағы антенна ұясына жалғаңыз.



Қабырғадағы
антенна ұясы


ЕСКЕРТПЕ

- 2-ден көп теледидарды пайдалану үшін сигнал сплиттерін пайдаланыңыз.
- Егер бейне сапасы нашар болса, бейне сапасын жақсарту үшін сигнал күшейткішін тиісті түрде орнатыңыз.
- Егер антенна қосылған күйде бейне сапасы нашар болса, антеннаның бағытын түзетіңіз.
- Антенна кабелі және конвертер қамтамасыз етілмеген.

Спутник табағымен қосу

(Тек спутник үлгілері)

Теледидарды спутник табағына ұяға спутник RF кабелі арқылы (75 Ω) қосыңыз.



Спутник
табағы

Қазақша

Теледидарды бірінші рет қосу

Теледидарды бірінші рет қосқанда, Алғашқы орнату экраны пайда болады. Тілді таңдап, негізгі параметрлерді реттеңіз.

1 Қуат сымын розеткаға қосыңыз.

2 Күту режимінде теледидарды қосу үшін **(POWER («ҚУАТ»))** түймесін басыңыз.

Теледидарды бірінші рет қосқанда, Өндіруші орнатқан күйге келтіру экраны пайда болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Негізгі мәзір - ОРНАТУ ішінде **ПАРАМЕТР** тармағына өтіп, **Өндіруші орнатқан күйге келтіру** мүмкіндігін пайдалануға болады.

3 Теледидардың параметрлерін қалауларыңызға сәйкес реттеу үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Тіл — Көрсетілетін тілді таңдайды.

⇩

Режимді орнату — Үй ортасы үшін **Үйде қолдану** функциясын таңдайды.

⇩

Қуат көрсеткіші — Қуат көрсеткішін орнатады. (Режим параметрінен Үйде қолдану мәні таңдалғанда)

⇩

Ел — Көрсетілетін елді таңдайды. (Үлгіге байланысты)

⇩

Уақыт белдеуі — Уақыт белдеуі мен жаз уақытын таңдайды. (Ел ретінде «Ресей» таңдалғанда)

⇩

Кілт сөз орнату — Кілт сөзді орнатады. (Ел ретінде «Франция» таңдалғанда)

⇩

Желі параметрі — Желіні теледидардағы желіге қатысты мүмкіндікті қосу күйіне орнатады. (Тек 47/55LW95**, 47/55LW98**)

⇩

Өздігінен баптау — Бар бағдарламаларды автоматты түрде іздеп, сақтайды.

ЕСКЕРТПЕ

- DTV хабар тарату стаңдарттары расталмаған елдерде, DTV хабар тарату ортасына байланысты, кейбір DTV мүмкіндіктері жұмыс істемеуі мүмкін.
- Ел ретінде Франция таңдалғанда, кілтсөз «0», «0», «0», «0» емес, «1», «2», «3», «4» болады.
- Суреттерді үйдегі орта үшін ең жақсы сапада көрсету үшін **Үйде қолдану** параметрін таңдаңыз.
- **Сақтау көрмесі** сату ортасына қолайлы.
- **Сақтау көрмесі** параметрі таңдалғанда, кез келген реттелген параметрлер 5 минут ішінде **Сақтау көрмесінің** әдепкі параметрлеріне ауысады.

4 **Негізгі параметрлер орнатылғаннан кейін** OK түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бастапқы параметрлердің орнатылуы аяқталмаса, олар теледидар қосылған сайын пайда болады.
- Теледидар ұзақ уақыт пайдаланылмағанда, қуат сымын розеткадан ажыратыңыз.

5 Теледидарды өшіру үшін, **((POWER) «ҚУАТ») түймесін басыңыз**.

Теледидар қарау

1 Күту режимінде теледидарды қосу үшін **(POWER («ҚУАТ»))** түймесін басыңыз.

2 **INPUT** («КІРІС») түймесін басып, **Антенна** тармағын таңдаңыз.

3 Теледидарды өшіру үшін **(POWER («ҚУАТ»))** түймесін басыңыз.

Теледидар Күту режиміне өтеді.

Басты мәзірге кіру

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Келесі мәзірлердің біріне өту үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен керекті параметрге немесе опцияға өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Аяқтағаннан кейін, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.



Ерекшеліктер	Сипаттама
❶	Ағымдағы күн, уақыт
❷	Арна бағдарламасы туралы ақпарат
❸	Функция картасы: Әр картаны таңдау арқылы түрлі мазмұн файлдарын көруге және 5 элементті таңдау арқылы премиум картасын өңдеуге болады.
❹	Функция картасының орны
❺	Кіру
❻	Шығу
❼	Көріп жатқан арна экраны
❽	КІРІС, ОРНАТУ, НҰСҚАУЛЫҚ мәзірі
❾	Қосымшалар орналасқан жол

Бағдарламаларды басқару

Бағдарламаны автоматты түрде орнату

Антенна таңдау

Барлық қолжетімді бағдарламаларды автоматты түрде табу және сақтау үшін осы функцияны пайдаланыңыз.
Авто бағдарламалау функциясы іске қосылған кезде, бұрын сақталған кызмет ақпаратының бәрі жойылады.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.
2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
4 **Шарлау түймелерінің көмегімен** Өздігінен баптау **тармағына өтіп,** OK түймесін басыңыз.
5 **Шарлау түймелерінің көмегімен** Антенна **тармағына өтіп,** OK түймесін басыңыз.
6 **Автоматты дәлдеуді бастау үшін,** Бастау пәрменін таңдаңыз.
Теледидар іздеп, бар бағдарламаларды автоматты түрде сақтайды.
7 Аяқтағанда, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK** («КЕРІ») түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер теледидар тыйым салынған бағдарламаны іздесе, бағдарлама ары қарай ізделуі үшін кілтсөзді енгізу сұралады.
- 1200 (спутник үлгілерінен басқалары) немесе 6000 бағдарламаны (тек спутник үлгілері) сақтауға болады.Сақталатын бағдарламалар саны таратылатын сигнал ортасына байланысты өзгеруі мүмкін.
- Ел мәзірінде **Италия** таңдалғанда, Өздігінен баптау функциясынан кейін арна сәйкессіздігіне байланысты қалқымалы хабар көрсетілсе, сәйкес келмейтін бағдарлама нөмірінің таратушысын таңдаңыз.
- Ел мәзірінде **Ұлыбритания** таңдалғанда, Өздігінен баптау функциясынан кейін арна сәйкессіздігіне байланысты қалқымалы хабар көрсетілсе, сәйкес келмейтін бағдарлама нөмірінің таратушысын таңдаңыз.
- Ел мәзірінде **Норвегия** таңдалғанда, Өздігінен баптау функциясынан кейін желі атауы екеуден артық болса, қалағаныңызды таңдауға болады. Бағдарлама тізімдері таңдалған желі атауы негізінде реттеледі. (Тек Норвегияға арналған үлгілерде)
- Төмендегі елдерде DVB кабелін пайдалануға болады: Германия, Нидерланд, Швеция, Швейцария, Дания, Австрия, Финляндия, Норвегия, Словения, Венгрия, Украина, Болгария, Ирландия, Польша, Румыния, Ресей, Литва, Эстония, Латвия, Испания, Чехия.(Қолдау көрсетілетін елді қосуға болады.)

Кабель таңдау

1 Негізгі мәзірге кіру үшін**Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.
2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
4 **Шарлау түймелерінің көмегімен** Өздігінен баптау **тармағына өтіп,** OK түймесін басыңыз.
5 **Шарлау түймелерінің көмегімен** Кабель **тармағына өтіп,** OK түймесін басыңыз.
6 Шарлау түймелерінің көмегімен **Қызмет операторы** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
7 Шарлау түймелерін немесе сандық түймелерді басып, тиісті реттеулерді жасаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
8 Автоматты дәлдеуді бастау үшін, **Бастау** пәрменін таңдаңыз.
Теледидар іздеп, бар бағдарламаларды автоматты түрде сақтайды.
9 Аяқтағаннан кейін, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер теледидар тыйым салынған бағдарламаны іздесе, бағдарлама ары қарай ізделуі үшін кілтсөзді енгізу сұралады.
- Барлық қолжетімді бағдарламаларды автоматты түрде табу және сақтау үшін осы функцияны пайдаланыңыз. Авто бағдарламалау функциясы іске қосылған кезде, бұрын сақталған кызмет ақпаратының бәрі жойылады.
- **Кабель** параметрін таңдағанда, әр елдегі кабель қызметінің жағдайына байланысты **Кабельдік қызмет операторы** таңдау экраны өзгеше болуы немесе мүлде болмауы мүмкін.
- **Қызмет операторы** параметрін таңдауға арналған қалқымалы терезе бастапқыда тек 3 жағдайда көрсетіледі. Бұлар: **Бастапқы параметр** мәзіріне кіргенде, **Антенна** режимінен **Кабель** режиміне ауысқанда және **Ел** параметрін өзгерткеннен кейін, мәзірге кірген жағдайда.
- Аталмыш 3 жағдайдан басқа кезде Қызмет операторын таңдау керек болса, **Орнату->Кабельдік DTV параметрлері-> Қызмет операторы** тармағын пайдалануға болады.

- Сертификат алған қызмет операторлары: Швеция (Comhem, Canal Digital), Дания (YouSee, Canal Digital, Stofa), Норвегия (Canal Digital), Нидерланд (Ziggo, UPC Digitaal), Украина (Volia-Cable), Германия (KDG), Швейцария (CableCom, UPC), Австрия (UPC Digital), Венгрия (UPC Digital), Ирландия (UPC Digital), Польша (UPC Digital), Румыния (UPC Digital), Ресей (OnLime).
- Егер қалаулы қызмет операторы болмаса, **Басқа операторлар** тармағын таңдаңыз.
- «**Басқа операторлар**» тармағы таңдалса немесе таңдалған елде тек «**Басқа операторлар**» параметріне қолдау көрсетілсе, барлық арналарды іздеуге біраз уақыт кетуі немесе кейбір арналарды іздемеуі де мүмкін.

Төмендегі мәндер барлық қолжетімді бағдарламаларды жылдам әрі нақты табу үшін қажет.
Жиі пайдаланылатын мәндер «әдепкі» түрде орнатылған.
Дегенмен, дұрыс параметрлерді кабельдік қызмет провайдерінен біліп алыңыз.
DVB кабель режимінде **Өздігінен баптау** жүргізгенде, Толық параметрін таңдаса, қолжетімді арналарды табу үшін барлық жиіліктер ізделеді.
Бағдарлама Әдепкі параметрін таңдау арқылы ізделмеген жағдайда, іздеуді Толық параметрін таңдау арқылы жүзеге асырыңыз.
Дегенмен, бағдарлама Толық параметрін таңдау арқылы ізделсе, автоматты дәлдеуге тым ұзақ уақыт кетуі мүмкін.

- **Жиілік**: пайдаланушы анықтайтын жиілікті енгізіңіз.
- **Символ қарқыны**: пайдаланушы анықтайтын символ қарқынын енгізіңіз (Символ қарқыны: модем секілді құрылғының арнаға символдарды жіберу жылдамдығы).
- **Модуляциялау**: пайдаланушы анықтайтын модуляцияны енгізіңіз. (Модуляция: дыбыс немесе бейне сигналдарын тасушыға жүктеу).
- **Желі коды**: әрбір пайдаланушыға бірегей код беріледі.
- **Бастау жиілігі**: пайдаланушы анықтайтын бастау жиілігінің диапазонын енгізіңіз.
- **Аяқтау жиілігі**: пайдаланушы анықтайтын аяқтау жиілігі диапазонын енгізіңіз.

Спутник таңдау,
(Тек спутник үлгілері)

1. Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.
2. Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
3. Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
4. **Шарлау түймелерінің көмегімен** Өздігінен баптау **тармағына өтіп,** OK түймесін басыңыз.
5. Шарлау түймелерін басып, **Жолсерік** параметріне өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.
6. Шарлау түймелерін басып өтіп, тиісті реттеулерді жасаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
7. Автоматты дәлдеуді бастау үшін, **Бастау** пәрменін таңдаңыз.
   Теледидар іздеп, бар бағдарламаларды автоматты түрде сақтайды.
8. Аяқтағанда, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.
   Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK** («КЕРІ») түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Бағдарлама түрі**: **Барлық бағдарламалар, FTA бағдарламасы** немесе **Ақылы арна** түрін таңдауға болады.
- **Желіні іздеу**: бар **Қабылдауға жауап беруші тізімінде** және **NIT** арқылы берілген **Қабылдауға жауап беруші тізімінде** іздеуге болады.
- **ИД реттеу** ақпаратын **Параметр** мәзірінде өзгертуге болады.
- **ИД реттеуді қосу/жою** әрекетін **ОРНАТУ -> Спутникалық сандық ТД реттеу** мәзірінде орындауға болады.
- 6000-нан артық бағдарлама сақталса, басқа бағдарламаларды сақтау мүмкін болмайды. Бағдарлама қосу үшін, **ОРНАТУ** > **Спутникалық сандық ТД реттеу** ішіндегі пайдаланылмайтын ИД реттеулерді жойыңыз да, теледидарды қайтадан дәлдеңіз.

Антеннаны және спутникті таңдау,

(Тек спутник үлгілері)

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 **Шарлау түймелерінің көмегімен** Өздігінен баптау **тармағына өтіп,** OK түймесін басыңыз.

5 Шарлау түймелерін басып, **Антенна және спутник** параметріне өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

6 Шарлау түймелерін басып, тиісті реттеулерді жасаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

7 Автоматты дәлдеуді бастау үшін, **Бастау** пәрменін таңдаңыз.
Теледидар іздеп, бар бағдарламаларды автоматты түрде сақтайды.

8 Аяқтағанда, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

Кабель және спутник параметрін таңдау,

(Тек спутник үлгілері)

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 **Шарлау түймелерінің көмегімен** Өздігінен баптау **тармағына өтіп,** OK түймесін басыңыз.

5 **Шарлау түймелерінің көмегімен Кабель және спутник параметріне** өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

6 Шарлау түймелерінің көмегімен **Қызмет операторы** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

7 Шарлау түймелерімен қажетті кабель параметрін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

8 Шарлау түймелерімен қажетті спутник параметрін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

9 Автоматты дәлдеуді бастау үшін, **Бастау** пәрменін таңдаңыз.
Теледидар іздеп, бар бағдарламаларды автоматты түрде сақтайды.

10 Аяқтағанда, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

Кабельді сандық теледидар параметрі

(Кабель, Кабель және спутник (тек спутник үлгілері) режимінде ғана)

Пайдаланушы Қызмет операторы мәзірінен таңдай алатын функциялардың ауқымы әр елде қолдау көрсетілетін Қызмет операторларының санына қарай әр түрлі болады және егер әр ел үшін қолдау көрсетілетін Қызмет операторының саны 1 болса, тиісті функция жұмыс істемейтін болады.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін**Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып **Кабельдік DTV параметрлері** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

5 Шарлау түймелерін басып, **Қызмет операторы** немесе **Арнаның автожаңартылуы** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

6 Қалаған сигнал көзін таңдаңыз.

7 Аяқтағаннан кейін, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK** («КЕРІ») түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Арнаның **автоматты жаңартылу** мүмкіндігі **Қосулы** күйінде болғанда, жаңартылуы мүмкін барлық арналар, соның ішінде ағымдағы көрсетіліп жатқан арна ақпаратын жаңартуға болады.
- **Арнаны автоматты жаңарту** функциясы **өшіп** тұрғанда, тек көріп отырған бағдарлама ақпаратын жаңарта аласыз.
- Қызмет операторы ретінде **Ziggo** таңдалғанда, **Кабельдік сандық теледидар параметрлері** тармағын таңдау мүмкін емес.

Спутниктік сандық теледидар параметрі

(Жолсерік, Антенна және спутник, Кабель және спутник режимінде ғана-тек спутник үлгілері)

Спутник ИД реттеуін қосуға немесе жоюға болады.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home («Негізгі») түймесін** басыңыз.

2 Шарлау түймелерін басып, **ОРНАТУ** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерін басып, **ОРНАТУ** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып, **Спутникалық сандық ТД реттеу** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

5 Қалаған ИД реттеуін таңдаңыз.

Сіз әр ИД реттеуді қалаған параметрлерге өзгерте аласыз.

Ерекшеліктер	Сипаттама
Спутник	Қалаған спутникті таңдаңыз.
LNB жиілігі	**Universal, 9750, 10600, 5150 ішінен** бір мәнді таңдаңыз. Егер 9750/10600(МГц) LNB жиілігі үшін **Universal** таңдасаңыз, **22KHz Tone** өшіріледі. Тізімде LNB жиілігінің мәнін таба алмасаңыз, **Пайдаланушы** параметрін таңдаңыз да, жиілікті қолмен енгізіңіз.
22KHz Tone	22KHz Tone қосқышын пайдаланғанда, **A** немесе **B** таңдаңыз. 22KHz Tone пайдаланбасаңыз, **Tone Burst** және **Механикалан. жүйе** өшіріледі.
Tone Burst	Tone Burst қосқышын пайдаланғанда, **A** немесе **B** таңдаңыз. Tone Burst пайдаланбасаңыз, **22KHz Tone** және **Механикалан. жүйе** өшіріледі.
LNB қуаттылығы	LNB үшін қуат қамтуды қосу үшін **Қосу** параметрін таңдаңыз. **Сөндіру** опциясын таңдасаңыз, **Механикалан. жүйе** параметрі өшеді.
DiSEqC	DiSEqC пайдаланғанда, **DiSEqC A~D** ішінен бір параметрді таңдаңыз. DiSEqC пайдаланбасаңыз, **Механикалан. жүйе** өшіріледі.
Механикалан. жүйе	Моторды пайдаланғанда, **Қосу** параметрін таңдаңыз. Антенна орнын орнату үшін **OK** түймесін басыңыз да, моторды жылжытыңыз. Моторды пайдаланбасаңыз, **22KHz Tone, Tone Burst** және **DiSEqC** өшіріледі.

6 **Механикаландырылған жүйе** параметрі **Қосулы болса**, қалаған сигнал көзін таңдаңыз.

Ерекшеліктер	Сипаттама
Жетек бағыты	Қозғалтқыштың қозғалу бағытын таңдаңыз.
Жетек режимі	Екі режим бар: Сатылы және үздіксіз. • **Сатылы**: Қозғалтқыш сіз енгізген мәнге сәйкес қозғалады (1 - 128). • **Үздіксіз**: Stop («Тоқтату») түймесін басқанша мотор үздіксіз жүріп тұрады.
TP тексеру	Дәлдегіңіз келетін TP тексеруді таңдаңыз.
Шектеу орнату	Қозғалтқыш орнатылған бағыттарда ғана жүруі үшін оның қозғалысын батысқа немесе шығысқа орнатыңыз. • **Қосулы**: «Батыс/Шығыс» параметрін таңдау арқылы қозғалысты ағымдағы бағытқа шектеуге болады. • **Өшірулі**: Орнатқан шектеулерді жоюға болады.
Zero орнына өту	Қозғалтқышты «Нөл» параметріне қозғалтуыңызға болады.
Сақтау	Қозғалтқыштың ағымдағы бағытын сақтап қоюыңызға болады.

7 Аяқтағаннан кейін,**EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.

Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Параметр идентификаторын қосқан кезде, **Жолсерік** параметріне **Басқалар** мәні орнатылса, **Қолмен дәлдеу** опциясы арқылы ретрансляторды қосу қажет.
- 16 орнату идентификациялық кодын енгізуіңізге болады.
- 1- орнату идентификациялық кодынан басқа **барлық орнату идентификациялық кодтарды жоюға болады**.
- **22кГц дыбыс сигналын** және **DiSEqc**, немесе **Tone Burst** және **DiSEqc** парметрлерін таңдағанда, оларды экрандық дисплейде көрсетілгендей жалғауыңыз керек.
- Орнату идентификациялық кодын өшірсеңіз, орнату идентификациялық кодында сақталған барлық бағдарламалар жойылады.

Tivu бағдарламалар тізімін жаңарту

(Жолсерік, Антенна және спутник, Кабель және спутник режимінде ғана — тек спутниктік үлгілер) (тек Италия)

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерін басып, **ОРНАТУ** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерін басып, **ОРНАТУ** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып **Tivu бағдарламалар тізімін жаңарту** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

5 Шарлау түймелері көмегімен **Сөндіру** немесе **Қосу** мәніне апарыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Елге негізделген хабар тарату жағдайы мен спутник арқылы өзгертілген Бағдарламалар тізімі ақпаратын жаңартады.
- Теледидар өшкен сайын Бағдарламалар тізімін жаңартады. Жаңартудан кейін Бағдарламалар тізімі өзгеруі мүмкін. Өзгермесе, **Сөндіру** параметрін таңдаңыз.

Бағдарламаны қолмен орнату (Сандық режимде)

Қолмен күйге келтіру бағдарламаны бағдарламалар тізіміне қолмен қосуға мүмкіндік береді.

Антенна таңдау

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерінің көмегімен **Қолмен күйге келтіру** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

5 Шарлау түймелерінің көмегімен, **DTV** тармағын таңдаңыз.

6 Бағдарлама түрлеріне өтіп, бағдарламаларды қосыңыз.

7 Аяқтағаннан кейін, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер теледидар тыйым салынған бағдарламаны іздесе, бағдарлама ары қарай ізделуі үшін кілтсөзді енгізу сұралады.
- Ел ретінде «Норвегия, Латвия» орнатылғанда, **SBAND** параметрін таңдауға болады.

Кабель таңдау

(Кабель, Кабель және спутник (тек спутник үлгілері) режимінде ғана)

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерінің көмегімен **Қолмен күйге келтіру** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

5 Кабельдік сандық теледидар тармағына өту үшін Шарлау түймелерін **басыңыз**.

6 Тиісті реттеулерді жүзеге асырыңыз.

7 Аяқтағаннан кейін, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер теледидар тыйым салынған бағдарламаны іздесе, бағдарлама ары қарай ізделуі үшін кілтсөзді енгізу сұралады.
- **Символ қарқыны**: пайдаланушы анықтайтын символ қарқынын енгізіңіз (Символ қарқыны: модем секілді құрылғының арнаға символдарды жіберу жылдамдығы).
- **Модуляциялау**: пайдаланушы анықтайтын модуляцияны енгізіңіз. (Модуляция: дыбыс немесе бейне сигналдарын тасушыға жүктеу).
- Қызмет операторы ретінде **Ziggo** немесе Нидерланд елінің **Басқа операторлар** орнатылғанда, **Кабельді сандық теледидар** параметрін таңдай алмайсыз.

Спутникті таңдау,

(Жолсерік, Антенна және спутник, Кабель және спутник режимінде ғана — тек спутник үлгілері)

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерінің көмегімен **Қолмен күйге келтіру** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

5 **Спутникалық сандық ТД** тармағына өту үшін Шарлау түймелерін басыңыз.

6 Тиісті реттеулерді жүзеге асырыңыз.

7 Аяқтағаннан кейін, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер теледидар тыйым салынған бағдарламаны іздесе, бағдарлама ары қарай ізделуі үшін кілтсөзді енгізу сұралады.
- **Таратқыш**: Қолданатын таратқыш болмаса, Пайдаланушы ретінде жазылу арқылы **таратқышты қосуға болады**.
- 2000-нан аса таратқыштар сақталса, одан басқа таратқыш қоса алмайсыз. Таратқыштарды қосу үшін қолданылмайтын орнату идентификациялық кодын **ОРНАТУ** > **Спутникалық сандық ТД реттеу** параметрінде өшіріп, әрекетті қайталаңыз.
- Таратқыш болмаса, **Өздігінен баптау параметрін қолдана алмайсыз**. Бұл жағдайда Қолмен күйге келтіру параметрін қолдану арқылы **таратқышты қосу қажет**.

Арнаны қолмен орнату (Аналог режимінде)

Қолмен күйге келтіру функциясы станцияларды қалаған ыңғайлы ретпен қолмен дәлдеуге және реттеуге мүмкіндік береді.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home («Негізгі») түймесін** басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерінің көмегімен **Қолмен күйге келтіру** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

5 **Теледидар** немесе **Кабельдік теледидар** немесе **Кабельдік сандық теледидар** немесе **Спутникалық сандық ТД** параметрлеріне өту үшін Шарлау түймелерін басыңыз.

6 Бағдарлама түрлеріне өтіп, бағдарламаларды қосыңыз немесе жойыңыз.

7 Шарлау түймелерін басып, Теледидар жүйесі мәзіріне өтіңіз.

8 Шарлау түймелерінің көмегімен **V/UHF** немесе **Кабель** мәзірлеріне өтіңіз.

9 Қалаған арнаға өту үшін Шарлау немесе Сандық түймелерді басыңыз.

10 Жылжу және іздеуді бастау үшін Шарлау түймелерін басыңыз**.**

11 Шарлау түймелерінің көмегімен **Сақтау** пәрменіне өтіп, **OK түймесін басыңыз.**

12 Аяқтағаннан кейін, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер теледидар тыйым салынған бағдарламаны іздесе, бағдарлама ары қарай ізделуі үшін кілтсөзді енгізу сұралады.
- **L**: SECAM L/L’ (Франция) (DVB-T2 қолдау үлгілерінен басқа)
- **BG**: PAL B/G, SECAM B/G (Еуропа / Шығыс Еуропа / Азия / Жаңа Зеландия / Таяу Шығыс / Африка)
- **I**: PAL I (Б.К. / Ирландия / Гонконг / Оңтүстік Африка)
- **DK**: PAL D/K, SECAM D/K (Шығыс Еуропа / Қытай / Африка / ТМД)
- Басқа арнаны сақтау үшін, 6-11 қадамдарын қайталаңыз.

Станцияларға атау қою

Әр бағдарламаға бес таңбалы нөмірмен станция атауын бере аласыз.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерінің көмегімен **Қолмен күйге келтіру** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

5 **Теледидар** немесе **Кабельдік теледидар** параметріне өту үшін Шарлау түймелерін басыңыз.

6 Шарлау түймелерінің көмегімен **Аты** параметріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

7 Позицияны таңдау үшін, жылжу түймелерін басып оған жылжып барыңыз да, екінші таңбаны, т.с.с таңдап, әрі қарай жалғастыра беріңіз. A-Z алфавит әріптерін, 0-9 сандарын, «+/ -» таңбаларын және бос орын қойып, **OK** түймесін басыңыз.

8 Шарлау түймелерінің көмегімен **Жабу** пәрменіне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

9 Шарлау түймелерінің көмегімен **Сақтау** пәрменіне өтіп, **OK** түймесін басыңыз

10 Аяқтағаннан кейін, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

Нақты күйге келтіру

(Спутник үлгілерінен басқалары)
Әдетте нақты күйге келтіру сигнал қабылдау сапасы нашар болғанда ғана қажет.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерінің көмегімен **Қолмен күйге келтіру** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

5 **Теледидар** немесе **Кабельдік теледидар** параметріне өту үшін Шарлау түймелерін басыңыз.

6 **Нақты тармағына өту үшін**, Шарлау түймелерін басыңыз.

7 Бейне мен дыбыс сапасын жақсартуға арналған нақты күйге келтіру

8 Шарлау түймелерінің көмегімен **Сақтау** пәрменіне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

9 Аяқтағаннан кейін, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

Бағдарламалар тізімін өңдеу

Егер бағдарлама нөмірі елемей өтілсе, теледидар көргенде, оны **P ∧ ∨** түймесі арқылы таңдай алмайтыныңызды білдіреді.
Еленбеген бағдарламаны таңдау керек болса, бағдарлама нөмірін САН түймелері арқылы тікелей енгізіңіз немесе оны Бағдарлама өңдеу мәзірінде таңдаңыз.
Бұл функция сақталған бағдарламаларды елемеу мүмкіндігін береді.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерінің көмегімен, **Бағдарламаны өңдеу** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

5 Келесі түймелерді қолдану арқылы бағдарламаларды өңдеңіз.

Түйме	Сипаттама	
∧	Бағдарлама түрін түспен белгілеу.	
∧ ∨ < >	Бағдарлама түрлеріне немесе бағдарламаларға өтеді.	
OK	Бағдарламаларды өңдейді.	
	Көру	Түспен белгіленген бағдарламаны көруге таңдайды.
	Таңдаулы ретінде орнату	Таңдаулы бағдарламалар тізімінде ағымдағы бағдарламаны тіркейді немесе алып тастайды.
	Өткізу	Өткізіп жіберілетін бағдарлама нөмірін таңдайды.
	Қосу/жою (тек аналогтық режимде)	Бағдарламаны қосады немесе жояды. Жойылған бағдарлама көк түспен көрсетіледі.
	Жылжыту (тек аналогтық режимде)	Бағдарламаны жылжытады.
	Бағдарлама нөмірін өзгерту (тек сандық режимде)	Сіз қалаған бағдарлама нөмірін таңдайды.
	Құлыптау	Бағдарламаны құлыптайды немесе құлыптан шығарады.
P ∧ ∨	Алдыңғы немесе келесі бетке өтеді.	
Қызыл түйме	Сіз қалаған таңдаулы бағдарлама тобын таңдайды.	
Жасыл түйме	Автоматты түрде сұрыптауды бастайды. (Тек аналогтық режимде) Спутниктік бағдарламаларды сұрыптауды бастайды. (Тек спутниктік сандық теледидар, Спутниктік радио режимінде)	

6 Аяқтағаннан кейін, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралғанда, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

Бағдарламалар тізімінен бағдарламаны таңдау

1 Бағдарламалар тізімін ашу үшін **LIST** («ТІЗІМ») түймесін басыңыз.

Түйме	Сипаттама
< >	Бағдарламалар тізімін немесе соңғы бағдарламалар тізімін таңдайды.
∧ ∨	Бағдарлама арқылы жылжиды.
OK	Түспен белгіленген бағдарламаны көруге таңдайды.
P ∧ ∨	Алдыңғы немесе келесі бетке өтеді.
Қызыл түйме	Бағдарламаны өңдейді.
TV/RAD («ТД/РАДИО»)	Қажетті бағдарлама режимін таңдайды.
FAV («ТАҢДАУЛЫ»)	Таңдаулы бағдарламалар тізіміне өтеді.

2 Аяқтағанда, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Құлыптанған бағдарламаны таңдасаңыз, кілт сөзді енгізу сұралады.

Қазақша

Сигнал күшейткіші

(Спутник үлгілерінен басқалары)

Сигнал қабылдау нашар болса, Сигнал күшейткіші параметрін **Қосулы** күйіне келтіріңіз. Сигнал күшейгенде, **Сөндіру** күйін таңдаңыз.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Күшейткіш **параметріне өту үшін Шарлау түймелерін басып,** OK түймесін басыңыз.

5 **On** (Қосулы) немесе **Off** (Өшірулі) күйін таңдаңыз.

Таңдаулы бағдарламаларды пайдалану

Жиі көретін бағдарламаларды таңдаулылар тізіміне қосыңыз.

1 Таңдаулылар тізіміне қосу керек бағдарламаны таңдаңыз.

2 **FAV («ТАҢДАУЛЫ»)** түймесін басыңыз.

Түйме	Сипаттама
< >	Қалаған таңдаулы бағдарламалар тобын таңдайды.
P ∧ ∨	Алдыңғы немесе келесі бетке өтеді.
Қызыл түйме	**Бағдарламаларды өңдеу** тармағына өтеді.
Жасыл түйме	Ағымдағы бағдарламаны тіркейді немесе алып тастайды.
TV/RAD («ТД/РАДИО»)	Қажетті бағдарлама режимін таңдайды.
FAV («ТАҢДАУЛЫ»)	**Бағдарламаларды өңдеу** тармағына өтеді.

3 Аяқтағанда, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.

CI [Common interface] ақпараты

Бұл функция кейбір шифрланған қызметтерді көру мүмкіндігін береді (ақылы қызметтер). CI модулін алып тастаса, ақылы қызметтерді көру мүмкін болмайды.
Модуль CI ұясына салынып тұрғанда, модуль мәзіріне кіруге болады.
Модульді және смарт-картаны сатып алу үшін, дилерге хабарласыңыз. Теледидардан CI модулін жиі салып, шығара бермеңіз.
Бұл теледидарды бұзуы мүмкін. CI модулі енгізілгеннен кейін теледидарды қосқанда, дыбыс шықпауы мүмкін.

CI модулімен және смарт-картамен үйлесімсіз болуы мүмкін.

CI (Жалпы интерфейс) қызметі елдегі тарату жағдайларына байланысты пайдаланылмауы мүмкін.

CAM (Шартты қолдану модулі) модулін пайдаланғанда, оның DVB-CI немесе CI плюс талаптарына толық жауап беретінін тексеріңіз. CAM (Шартты қолдану модулі) модулінің дұрыс істемеуі бейненің нашарлауына апаруы мүмкін.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып, **CI Ақпараты** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

5 Модуль ақпараты, смарт-карта ақпараты, тіл, бағдарламалық құралды жүктеп алу, т.б. ішінен қажеттісін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

6 Реттеп болғаннан кейін, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл экрандық мәзір тек көркемдеу үшін берілген, мәзір опциялары мен экрандық пішім ақылы сандық қызметтер жабдықтаушысына сәйкес әртүрлі болады.
- CI (Жалпы интерфейс) экрандық мәзірін және қызметтерді дилер көмегімен өзгертуге болады.

Қосымша опцияларды пайдалану

Кадр пішімін реттеу

Кескінді оңтайлы өлшеммен көру үшін, теледидар көріп жатқанда, **RATIO** (ӨЛШЕМ) түймесімен өлшемін өзгертіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бейненің өлшемін **Q. MENU («ЖЫЛДАМ МӘЗІР»)** түймесін басу немесе **СУРЕТ** мәзірлеріндегі **Арасалмақ еселігі** тармағын таңдау арқылы да өзгертуге болады.
- Шарлау түймелерін пайдаланып үлкейту коэффициентін реттеуге болады.
- Component режимінде тек **4:3**, **16:9** (Кең), **14:9**, **Фильм ұлғайту** арақатынасын таңдай аласыз.
- HDMI режимінде тек **4:3**, **Бастапқы**, **16:9** (Кең), **14:9**, **Фильм ұлғайту** арақатынасын таңдай аласыз.
- RGB-PC, HDMI-PC режимінде тек **4:3**, **16:9** (Кең) пішімдерін таңдауға болады.
- DTV/HDMI/Құрылғы (720p мәнін көп) күйінде, **Ұлғайту** параметрі қолданылады.
- Аналогтық/DTV/AV/Scart режимінде **Толық кеңейту** экраны бар.

- **16:**9: бейнелерді экран еніне лайықтайды.



- **Ұлғайту**: Бейне суреттерді бастапқы өлшемінде сурет жиегінің бөліктерін жоймастан көрсетеді.



ЕСКЕРТПЕ

- **Ұлғайту** параметрі таңдалса, экранның шетінде немесе шеттерінде бейне шуларын байқалуы мүмкін.

- **Бастапқы**: кең экранды сигналды қабылдағанда, теледидар автоматты түрде жіберілетін сурет пішіміне ауысады.



- **Толық кеңейту**: теледидар кең экранды сигналды алғанда, бейнені экранға толығымен кеңейту үшін, сызықтық пропорцияда бейнені көлденеңінен немесе тігінен реттеу керек болады.


  4:3 және 14:9 бейнелері DTV кірісі арқылы келетін бейне бұрмалауларынсыз экранға толық көрсетіледі.




- **4:3**: Суреттердің өлшемін алдыңғы стандартты 4:3 арақатынасына өзгертеді.



- **14:9**: пішімі 14:9 суретті немесе 14:9 режиміндегі жалпы теледидар бағдарламасын көруіңізге болады. 14:9 экраны 4:3 экраны сияқты көрінеді, бірақ жоғары және төмен жылжиды.



- **Фильм ұлғайту**: Суретті дұрыс пропорцияда үлкейту үшін, Фильм ұлғайту параметрін таңдаңыз.
  - Фильм масштабын ұлғайту арақатынасын өзгерту үшін **< >** түймелерін басыңыз. Оның диапазоны 1 мен 16 аралығында.
  - Масштабты ұлғайту орталығын жоғары немесе төмен қозғалту үшін, **^ v түймелерін басыңыз**.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер бейнені үлкейтсеңіз немесе кішірейтсеңіз, бейне бұрмалануы мүмкін.

AV режимдерін өзгерту

Әрбір AV режимінің оңтайлы кескін және дыбыс параметрлері бар.
Тиісті режимді таңдау үшін **AV MODE** («AV РЕЖИМІ») түймесін баса беріңіз.

Режим	Сипаттама
Өшірулі	Алдыңғы реттелген параметрлерге өзгертеді.
Кинотеатр	Кинематографиялық көрініс үшін оңтайлы кескін және дыбыс параметрлерін пайдаланыңыз.
Ойын	Жылдам ойын үшін оңтайлы кескін және дыбыс параметрлерін пайдаланыңыз. PlayStation немесе Xbox арқылы ойын ойнаған кезде, **Ойын** режимін пайдалану ұсынылады. **Ойын** режимінде тұрғанда, кескін сапасына қатысты функциялар ойын ойнау үшін оңтайландырылады.

Кіріс тізімін пайдалану


Кіріс көзін таңдау

1 Кіріс көздеріне қол жеткізу үшін **INPUT** («КІРІС») түймесін басыңыз.
- Қосылған құрылғы әрбір кіріс көзінде көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Кіріс көздерінің тізіміне Негізгі мәзірде **КІРІС** тармағын таңдап та кіруге болады.

2 Шарлау түймелерін басып кіріс көздерінің біреуіне өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.




Кіріс көзі	Сипаттама
Антенна немесе **кабель** немесе **Спутник**	Теледидарды антенна, кабель және сандық кабельдік тарату арқылы көріңіз.
USB	Флеш жадындағы медиа файлдарды ойнатыңыз.
ЖЕЛІ	Үй желіңіздегі медиа файлдарды ойнатыңыз.
AV	Бейнені VCR немесе басқа сыртқы құрылғылардан көріңіз.
Component («Құрамдас»)	Бейнені DVD немесе басқа сыртқы құрылғылардан, не болмаса сандық приставка арқылы көріңіз.
RGB	Теледидарды компьютер мониторы ретінде пайдаланыңыз.
HDMI	Бейнені HTS немесе басқа жоғары айқындық құрылғыларынан көріңіз.

Ажыратылған кіріс көздері сұр болып қалады.
- Кіріс жапсырмасын қосу үшін Жасыл түймені басыңыз. Әрбір кіріс көзіне қосылған құрылғыны оңай анықтауға болады.
- Егер теледидарға жаңа сыртқы жабдық қоссаңыз, қалқымалы терезе пайда болады. Кіріс көзін таңдау үшін қалқымалы терезедегі **Иә** параметрін таңдаңыз.
- SIMPLINK қатынасу үшін Қызыл түймені басыңыз. - Егер «**SIMPLINK** және **Қосу»** параметрі таңдалса, HDMI кірісінің қалқымалы терезесі көрсетілмейді.

Кіріс жапсырмасын қосу

Әрбір кіріс көзіне қосылған құрылғыны оңай анықтай алатындай етіп, кіріс көзіне жапсырма жабыстырыңыз.



1 **Кіріс көздеріне кіру үшін** INPUT («КІРІС») түймесін басыңыз.

2 Жасыл түймені басыңыз.

3 Кіріс көздерінің біріне жылжу үшін Шарлау түймелерін басыңыз.

4 Кіріс жапсырмаларының біріне жылжу үшін Шарлау түймелерін басыңыз.

5 Аяқтағанда, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.

Алдыңғы **мәзірге қайтқан кезде BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

Жылдам мәзірді пайдалану

Жиі қолданылатын мәзірлерді реттеңіз.

1 **Q. MENU** («ЖЫЛДАМ МӘЗІР») түймесін басыңыз.

2 Келесі мәзірлерге өту үшін Шарлау түймелерін, содан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Мәзір	Сипаттама
Өлшемдер ара қатысы	Кескін өлшемін өзгертеді (16:9, Тек қарап шығу, Бастапқы, Толық кеңейту, 4:3, 14:9, Фильм масштабын өзгерту)
Сурет режимі	Кескін режимін өзгертеді (Интеллектуалдық сенсор, Vivid, Стандартты, Кинотеатр, Ойын, 1-сарапшы, 2-сарапшы)
Дыбыс режимі	Дыбыс режимін өзгертеді (Стандартты, Музыка, Кино, Спорт, Ойын)
Ұйықтау таймері	Уақыт ұзақтығын теледидар өшірілгенге дейін орнатады
Субтитр тілі	Сандық режимде қалаулы субтитрді қайта шығарады.
Дыбыс немесе **Дыбыс тілі**	Дыбыс шығысын өзгертеді.
Дыбыстық сипаттама	Дыбысты сипаттау функциясын қосады немесе өшіреді.
Энергияны үнемдеу	Экран түсі ашықтығын реттеу арқылы қуат тұтынылуын азайтады. (Авто, Өшірулі, Минимум, Орташа, Максимум, Экран өшірулі)
AV режимі	Оңтайлы кескін және дыбыс параметрлерін орнатады (Өшірулі, Кинотеатр, Ойын)
Өткізуді өшіру/қосу	Өткізу функциясын өшіру/қосу күйіне орнатады.
MULTIFEED (Тек спутник үлгілері)	Multifeed қызметін қолдану үшін тізімнен бейнені таңдаңыз.
USB құрылғысы	USB құрылғысын шығарып тастау. USB құрылғысы қосылғанда ғана мәзір көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Бар мәзірлер және опциялар қолданыстағы кіріс көзінен өзгеше болуы мүмкін.

3 Қалаған опцияңызға өту үшін, Шарлау түймелерін басыңыз.


4 Аяқтағаннан кейін, **Q. MENU («ЖЫЛДАМ МӘЗІР») түймесін басыңыз.**

ОЙЫН-САУЫҚ

Желі байланысы

Сымды желіге қосылу

Теледидарды суретте көрсетілгендей LAN порты арқылы жергілікті желіге қосып, желі параметрлерін орнатыңыз.
Сымды және сымсыз желілердің екеуі де қолжетімді болса, сымды желіні қолдану жақсырақ болады.
Жалғағаннан кейін кейбір үй желілері теледидардың желі параметрлерін реттеуді сұрауы мүмкін. Үй желілерінің көпшілігі үшін ТД ешбір баптауларсыз автоматты түрде қосылады.
Қосымша мәлімет алу үшін интернет провайдеріне хабарласыңыз немесе маршрутизатор нұсқаулығын қараңыз.



ЕСКЕРТУ

- Модульдік телефон кабелін LAN портына жалғамаңыз.
- Байланыс құрудың әр түрлі әдісі болғандықтан, телекоммуникация қызметін жеткізуші компаниясының немесе интернет қызметі провайдерінің нұсқауларын орындаңыз.
- LAN портына жалғағаннан кейін, Премиум немесе LG Apps мәзірін пайдаланыңыз.

Желі параметрлерін орнату үшін (ТД автоматты түрде қосылған болса да, орнату шеберін қайта іске қосқаннан ешқандай зақым тимейді):

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 **Шарлау түймелерінің көмегімен** ЖЕЛІ **бөліміне өтіп,** OK түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып, **Желі параметрі** тармағын таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

5 Егер сымды және сымсыз желілер бір уақытта қосылған болса, шарлау түймелерін басып **Сымды** желіні таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

6 Егер Желі параметрін орнатып қойған болсаңыз, **Қалпына келтірілуде** пәрменін таңдаңыз. Жаңа байланыс параметрлері ағымдағы желі параметрлерін қалпына келтіреді.

7 **IP авто параметрі** немесе **IP қолмен параметрі** параметрін таңдаңыз.
- Егер **IP қолмен параметрі** параметрін таңдасаңыз, шарлау және сандық түймелерін басыңыз. IP мекенжайларын қолмен енгізу қажет болады.
- **IP авто параметрі**: сымды байланыс арқылы істеп тұрған жергілікті желіде DHCP сервері (маршрутизатор) болса, осы параметрді таңдаңыз. Теледидар автоматты түрде IP мекенжайын табады. DHCP (Басты компьютерді

реттеудің динамикалық протоколы) сервері функциясы бар кең жолақты желі маршрутизаторын немесе модемін қолданған жағдайда. IP мекенжайы автоматты түрде анықталады.

- **IP қолмен параметрі**: желіде DHCP сервері болмаса немесе IP мекенжайын қолмен реттеу қажет болғанда таңдаңыз.

8 Аяқтағанда **EXIT** («Шығу») түймесін басыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Теледидарда интернетке тікелей қосылғыңыз келсе, интернетке жалғану мүмкіндігі әрдайым қосулы болуы қажет.
- Интернетке қосыла алмасаңыз, желідегі компьютерден желі жағдайын тексеріңіз.
- **Желі параметрі** қолданылғанда, LAN кабелін немесе маршрутизатордағы DHCP қосулы тұрғанын тексеріңіз.
- Желі параметрлерін реттеуді аяқтамасаңыз, желі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Сымды желіге қосылу

Бөлек сатылатын LG компаниясының кең жолақты желіге / DLNA адаптеріне арналған сымсыз жергілікті желісі теледидардың сымсыз жергілікті желімен байланыс орнатуына мүмкіндік береді.
Желі конфигурациясы және байланыс әдісі қолданыстағы жабдыққа және желі жабдығына қарай әртүрлі болуы мүмкін. Байланыс құрудың егжей-тегжейлі қадамдары мен желі параметрлерін көру үшін кіру нүктесімен немесе сымсыз маршрутизатормен бірге жеткізілетін реттеу нұсқауларын қараңыз.
Теледидарды желіге жалғамас бұрын кіру нүктесін немесе сымсыз маршрутизаторды реттеу қажет. Ең оңай әдіс – WPS түйме әдісі (үшінші әдіс – осы бөлімде).

(Тек 47/55LW95**, 47/55LW98** : Wi-Fi модулі кірістірілген болса, кең жолақты желіге / DLNA адаптеріне арналған сымсыз жергілікті желіні орнату қажет емес)



ЕСКЕРТПЕ

- Компьютерде сақталған суреттерді, музыканы немесе бейнені көру үшін маршрутизатор арқылы сымды байланысты пайдаланған дұрыс.
- Маршрутизатордың сымсыз порты қолданылғанда, кейбір функцияларға шектеу қойылуы мүмкін.
- Кіру нүктесін теледидардан 1 метрден артық жерге орналастырған жөн. Егер кіру нүктесі 1 метрден жақын орнатылса, жиілік кедергісіне байланысты Magic motion қашықтан басқару құралы күтілгендей жұмыс істемеуі мүмкін.

Желі параметрлерін орнату үшін,

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз


3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ЖЕЛІ** бөліміне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып, **Желі параметрі** тармағын таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.


5 Шарлау түймелерін басып, **Сымсыз** желіні таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

6 Егер желі параметрін орнатып қойған болсаңыз, **Қалпына келтірілуде** пәрменін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
Жаңа байланыс параметрлері ағымдағы желі параметрлерін қалпына келтіреді.

7 Шарлау түймелерін пайдаланып **Кіру нүктелері тізімінен орнату** пәрменін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
- Диапазон ішіндегі бүкіл қолжетімді кіру нүктелері мен сымсыз маршрутизаторларды іздеп, дисплейде тізім ретінде шығарыңыз.



8 Тізімде кіру нүктесін немесе сымсыз маршрутизаторды таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз. (Егер кіру нүктесі қорғалған болса, сізден кілт сұралады.) және **OK** түймесін басыңыз.



9 Шарлау түймелерін пайдаланып кіру нүктесінің қауіпсіздік кілтін енгізіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

Қазақша

Қауіпсіздік коды бұрыннан орнатылған жағдайда

PIN (Жеке куәландыру нөмірі)


Егер маршрутизаторға PIN қолдану керек болса, келесі нұсқауларды қолданыңыз.

1 «Сымсыз желіге қосылу» бөлімінде берілген 1-7 қадамдарын қайталаңыз.

2 **PIN** режимімен кіру нүктесіне қосылу үшін Қызыл түймені басыңыз.

3 Теледидар экранынан желі идентификациялық коды мен қауіпсіздік кілтін көруге болады.
Құрылғының PIN нөмірін енгізіңіз.
PIN нөмірі — кілттің бірегей 8 сандық нөмірі.

4 **Қосылу** пәрменін таңдау үшін **OK** түймесін басыңыз.



5 «Сымсыз желіге қосылу» бөлімінде берілген 6-7 қадамдарын қайталаңыз.

WPS (Wi-Fi қорғалған орнату)

Егер маршрутизаторда немесе кіру нүктесінде WPS түймесі болса, бұл — қосылудың ең оңай жолы. Жай ғана маршрутизатордағы түймені басып, теледидарда 120 секундтың ішінде WPS параметрін таңдаңыз.

1 «Сымсыз желіге қосылу» бөлімінде берілген 1-7 қадамдарын қайталаңыз.

2 Simple setting (WPS-түйме режимінде) (Жай параметрді WPS түйме режимі) таңдау үшін Шарлау түймелері**н басыңыз**.

3 Маршрутизатордағы **WPS** түймесін басыңыз.

4 теледидарға қайтып, **Connect («Қосылу») түймесін таңдаңыз.**.

5 «Сымсыз желіге қосылу» бөлімінде берілген 6-7 қадамдарын қайталаңыз.

Арнайы режим

Арнайы режим маршрутизатор немесе кіру нүктесін қолданбай, теледидарды компьютерге сымсыз жалғауға мүмкіндік береді.

1 «Сымсыз желіге қосылу» бөлімінде берілген 1-5 қадамдарын қайталаңыз.

2 Setting Ad-hoc network (Арнайы желіні орнату) **параметрін** таңдау үшін Шарлау түймелерін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **OK тармағын таңдап, OK түймесін басыңыз**.

4 Арнайы желіге қосылу үшін **Қосылу** пәрменін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
Теледидар экранынан желі идентификациялық коды мен қауіпсіздік кілтін көруге болады.
Осы желі идентификациялық коды мен қауіпсіздік кілтін құрылғыға енгізіңіз.
- Қажет болғанда, Қызыл түйме көмегімен параметр ақпаратын өзгертуге болады.

ЕСКЕРТПЕ

Арнайы режимді қолдану арқылы компьютерде сымсыз желілерді іздеу барысында, теледидар атауы LGTV10 болады.
- Тізімде пайда болатын LGTV10. (Теледидар экранына шыққан желі идентификациялық кодымен бірдей атауды таңдаңыз.)

5 IP мекенжайын енгізу үшін Шарлау түймелерін қолданыңыз, содан кейін **OK түймесін басыңыз**.

Ерекшеліктер	Сипаттама
Компьютер параметрі	• Компьютердің Интернет протоколын (TCP/IP) қолдан орнату керек. IP мекенжайы, ішкі желі маскасы және әдепкі шлюзді өз қалауыңызбен орнатуға болады. » яғни) IP мекенжайы: 192.168.0.1 / ішкі желі маскасы: 255.255.255.0 / әдепкі шлюз: 192.168.0.10
Теледидар параметрі	• Компьютердің IP мекенжайы мен шлюзін растаңыз. Компьютердің шлюз мекенжайын IP мекенжайына, ал компьютердің IP мекенжайын шлюз мекенжайына енгізіп, **OK** түймесін басыңыз. » яғни) IP мекенжайы: 192.168.0.10 / ішкі желі маскасы: 255.255.255.0 / әдепкі шлюз: 192.168.0.1

6 Желі орнатылғаннан кейін, Шарлау түймелері көмегімен **Жабу** пәрменін таңдаңыз.

7 OK **түймесін басыңыз**.

Желі параметрлерін орнату жайлы ескертулер

- Бұл теледидармен стандартты LAN кабелін қолданыңыз. RJ45 жалғағышы бар Cat5 немесе одан жақсысын пайдаланыңыз.
- ► Реттеу барысында орын алатын көптеген желі байланысының ақауларын маршрутизаторды немесе модемді сөндіріп және қайта қосып, жоюға болады. Ойнатқышты үй желісіне жалғағаннан кейін, қуатты жылдам өшіріңіз және / немесе үй желі маршрутизаторының немесе кабельді модемнің қуат кабелін ажыратыңыз. Одан кейін қуатты қосыңыз және / немесе қуат кабелін қайта жалғаңыз.
- Интернет қызметінің провайдеріне қарай интернет қызметін қабылдайтын құрылғылар саны тиісті қызмет шарттарымен шектелуі мүмкін. Қосымша мәлімет алу үшін интернет қызметінің провайдеріне хабарласыңыз.
- LG компаниясы байланыс қателеріне / кең жолақты желінің интернет байланысына және жалғанған басқа жабдықтарға қатысты ақаулардан пайда болатын теледидардың және / немесе интернет байланысы функциясының ақауларына жауапты болмайды.
- LG компаниясы интернет байланысындағы ақауларға жауапты болмайды.
- Желі байланысы арқылы қолжетімді болатын кейбір мазмұн түрлері теледидармен үйлесімді болмауы мүмкін. Мұндай мазмұн туралы сұрақ туындайтын болса, мазмұнның өндірушісіне хабарласыңыз.
- Желі байланысының жылдамдығы қолданыстағы мазмұнның талаптарына сай болмаса, орынсыз нәтижелер туындауы мүмкін.
- Кейбір интернетке қосылу әрекеттері кең жолақты желі интернет байланысын қамтамасыз ететін интернет провайдері орнатқан белгілі шектеулерге байланысты жасалмауы мүмкін.
- Интернет провайдері алатын кез келген ақыны, соның ішінде және ешбір шектеусіз, байланыс ақысын сіз төлейсіз.
- Осы теледидарға сым арқылы қосылу үшін 10 Base-T немесе 100 Base-TX LAN порты қажет. Интернет қызметі бұндай байланысқа рұқсат бермесе, теледидарды жалғау мүмкін болмайды.
- DSL қызметін қолдану үшін DSL модемі, ал кабельді модем қызметін пайдалану үшін кабельді модем қажет. Интернет провайдерінің кіру әдісіне және онымен жасалған жазылушы келісім-шартына қарай осы теледидардағы интернет байланысы мүмкіндігі қолжетімсіз болуы немесе бір уақытта жалғанатын құрылғылар саны шектелуі мүмкін. (Интернет провайдері жазылымды бір құрылғыға шектейтін болса, компьютер жалғанған уақытта теледидарды жалғауға рұқсат етілмеуі мүмкін.)
- «Маршрутизатордың» пайдалануы рұқсат етілмеуі мүмкін немесе интернет провайдерінің саясатына және шектеулеріне байланысты оның қолданысы шектелуі мүмкін. Қосымша мәлімет үшін интернет қызметінің провайдеріне тікелей хабарласыңыз.
- Сымсыз желі сымсыз телефон, Bluetooth® құрылғылары, микротолқынды пеш сияқты үйдегі басқа құрылғылар пайдаланатын 2,4 ГГц радио жиілігінде жұмыс жасайды және солардан пайда болатын кедергілердің ықпалына түсуі мүмкін. Оған 5 ГГц радио жиіліктерін қолданатын құрылғылар кедергі жасауы мүмкін. Бұл құрылғы LG сымсыз мультимедиа қорабы, сымсыз телефон және басқа Wi-Fi құрылғыларымен бірдей.
- Ол Сымсыз желіні қолдану арқылы сымсыз желіні қоршау арқылы қызмет жылдамдығын азайтуы мүмкін.
- Жергілікті үй желісінде қолданылмайтын барлық желі жабдықтарын өшіріңіз. Кейбір құрылғылар желі трафигін алуы мүмкін.
- Кейбір жағдайларда, кіру нүктесін немесе сымсыз маршрутизаторды еденнен жоғарырақ орналастыру сигнал қабылдауды жақсартуы мүмкін.
- Сымсыз желі арқылы келетін сигнал сапасы кіру нүктесі, теледидар мен кіру нүктесі арасындағы арақашықтық, теледидардың орны сияқты көптеген факторларға тәуелді болады.
- Сымсыз кіру нүктесін қосу үшін, сымсыз байланысты қолдайтын кіру нүктесі қажет және кіру нүктесінің сымсыз қосылу функциясын іске қосу керек. Кіру нүктесі жабдықтаушысынан кіру нүктесінің сымсыз байланыс мүмкіндігі туралы сұраңыз.
- Кіру нүктесі SSID құралының сымсыз кіру нүктесі байланысына қатысты қауіпсіздік параметрлерін растап, кіру нүктесі жабдықтаушысынан кіру нүктесі SSID қауіпсіздік параметрлері туралы сұраңыз.
- Желі жабдықтарының (сымды/сымсыз маршрутизатор, хаб, т.б.) параметрлері дұрыс орнатылмаса, теледидар баяу істеуі немесе дұрыс істемеуі мүмкін. Жабдықтың пайдаланушы нұсқаулығы бойынша дұрыс орнатып, желіге қосылыңыз.
- Кіру нүктесі 802.11 n (Ресейден басқа) стандартын қоса орнатылғанда және шифр WEP (64/128 бит) немесе WPA (TKIP/AES) деп қойылғанда, байланыс орнатылмауы мүмкін. Кіру нүктесінің өндірушілеріне байланысты байланыс әдістері әр түрлі болуы мүмкін.

Желі статусы

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 **Шарлау түймелерінің көмегімен** ЖЕЛІ **бөліміне өтіп,** OK түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып, **Желі күйі** тармағын таңдаңыз.

5 Желі күйін тексеру үшін **OK** түймесін басыңыз.

Ерекшеліктер	Сипаттама
Параметр	Желіні реттеу мәзіріне немесе сымсыз желіні реттеу түрі мәзіріне қайтыңыз.
Тексеру	Желіні реттегеннен кейін ағымдағы желі күйін тексеріңіз.
Жабу	Алдыңғы мәзірге қайтыңыз.

Жоғары сапалы есептеу функциясы

LG ұсынатын жоғары сапалы технология теледидар арқылы көптеген онлайн қызметтеріне немесе мазмұндарға тікелей кіруге мүмкіндік береді. Теледидар Жоғары сапалы есептеу және Интернет байланысымен фильмдерді, ауа райын бейнелерді және фотосурет альбомын тез қарап шығу қызметтерін ұсынады.
Ойын-сауық бағдарламаларын қоса, минут сайынғы жаңалықтарды, ауа райын, фотосуреттерді басқару функциясын және т.б. бөлек компьютер көмегінсіз, жай ғана теледидардың қашықтан басқару құралын қолданып, тамашалаңыз.

1 Премиум опциясына **кіру үшін** Premium («Премиум»)түймесін басыңыз.

2 Қажетті файлға жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, содан кейін **OK** түймесін басыңыз.



Ерекшеліктер	Сипаттама
❶	Ауа райы параметрлерін орнату экранын жылжытады.
❷	Жоғары сапалы қызметке жазылу.
❸	Алдыңғы мәзір экранына өтеді.
❹	Теледидар көру режиміне қайтады.
❺	Қалаған онлайн қызметін таңдайды. • Егер қызметті алу үшін тіркелу қажет болса, алдымен компьютердегі қызметке жазылып, содан кейін теледидардағы қызметті алу үшін тіркеуден өтіңіз.
❻	Қосымшалар орналасқан жол

3 Жоғары сапалы функцияларды қолданып, ләззат алыңыз.

Ескерту

- Бұл қызметтерді әртүрлі мазмұн провайдерлері қамтамасыз етеді.
- Қызметтері туралы арнайы мәлімет алу үшін мазмұн провайдерінің веб-торабын қараңыз.
- Жоғары сапалы қызмет мәзірі әр елде әр түрлі болуы мүмкін.
- Қызмет провайдеріне байланысты мазмұн автоматты түрде жаңартылуы мүмкін екендігін есте сақтаңыз, сондықтан мазмұн құрылымы және жұмыс әдісі ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Экрандағы көмек мәзіріне қараңыз.
- Үшінші тарап (әр «Қызмет провайдері») қамтамасыз еткен және сол арқылы жіберілген барлық ақпарат, деректер, құжаттар, байланыстар, жүктеулер, файлдар, мәтіндер, кескіндер, фотосуреттер, графика, бейнелер, онлайн-конференциялар, басылымдар, саймандар, ресурстар, бағдарламалық құрал, код, бағдарламалар, апплеттер, виджеттер, қосымшалар, өнімдер және басқа да мазмұндар («Мазмұн»), қызметтер мен ұсыныстар («Қызметтер») Қызмет провайдерінің ғана жауапкершілігі болып табылады.
- Қызмет провайдері LGE құрылғысы арқылы жіберетін Мазмұн мен Қызметтің болуы және оларға кіру мүмкіндігі алдын ала ескертусіз өзгертілуі, сонымен қатар Мазмұн мен Қызметтердің барлық немесе кез келген бөлігінің уақытша тоқтатылуы, алынып тасталуы немесе мүлде тоқтатылуы мүмкін.
- Мазмұнға немесе Қызметтерге қатысты сұрақ немесе мәселе туындаса, Қызмет провайдерінің веб-сайтынан ең соңғы ақпаратты көруге болады. LGE Мазмұн мен Қызметтерге қатысты тұтынушылар қызметіне жауапты емес. Мазмұн немесе Қызметтерге қатысты кез келген сұрақ немесе өтініш сәйкес Мазмұн және Қызмет провайдерлеріне тікелей жіберілуі қажет.
- LGE Қызмет провайдері қамтамасыз еткен кез келген Мазмұн немесе Қызметтерге, өзгерістерге, мұндай Мазмұн немесе Қызметтердің алынып тасталуына, тоқтатылуына жауап бермейтіндігін және мұндай Мазмұн мен Қызметтердің болуына немесе кіру мүмкіндіктеріне кепілдік бермейтінін есте сақтаңыз.
- Қызмет провайдеріне байланысты кейбір мазмұндар жасөспірімдерге зиянды болуы мүмкін.Ата-ана бақылауы қажет.
- Интернет байланысы тұрақсыз болса, қызмет үзілуі мүмкін. Осындай мәселе туындаса, байланыс күйін тексеріңіз.
- Теледидардан ізделген бейнелер тізімі компьютердегі веб-браузерден ізделген бейнелер тізімінен өзгешелеу болуы мүмкін.

- Кең жолақты желінің жылдамдығына байланысты бейнелерді ойнату кідіртілуі, тоқтатылуы немесе буферге сақталуы мүмкін.
- Кіруді қажет ететін қызмет үшін компьютер көмегімен веб-тораптағы қолданбалы қызметке қосылып, теледидар арқылы кіріңіз де, түрлі қосымша функцияларды пайдаланыңыз.

Ресми ескерту

ЖЕЛІ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУ

Осы құрылғы арқылы қолдануға болатын барлық мазмұн мен қызметтер үшінші тарап меншігі болып табылады және авторлық құқықпен, патентпен, сауда белгісімен және/немесе басқа да зияткерлік меншік туралы заңдармен қорғалған. Мұндай мазмұн мен қызметтер тек жеке, коммерциялық емес мақсатта қолдану үшін беріледі. Мазмұнды немесе қызметті мазмұн иесі немесе қызмет провайдері рұқсат етпеген жолмен пайдалануға болмайды. Жоғарыда айтылғандарды шектеместен, мазмұн иесі немесе қызмет провайдері тікелей рұқсат етпеген жағдайда, осы құрылғы арқылы ешбір мазмұнды немесе қызметтерді ешбір тәсіл немесе құрал арқылы көшіруге, жүктеуге, жариялауға, жіберуге, аударуға, сатуға, өзгертуге, туындыларын жасауға немесе таратуға болмайды. ҚҰРЫЛҒЫ МЕН БАРЛЫҚ ҮШІНШІ ТАРАП МАЗМҰНЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ ЕШБІР ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА КЕПІЛДІКСІЗ «СОЛ КҮЙІНДЕ» БЕРІЛЕТІНІН МОЙЫНДАЙСЫЗ ЖӘНЕ КЕЛІСЕСІЗ. LG ELECTRONICS КОМПАНИЯСЫ БАРЛЫҚ МАЗМҰН МЕН ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА КЕПІЛДІКТЕР МЕН ШАРТТАРДАН, СОНЫҢ ІШІНДЕ САТУҒА ЖАРАМДЫЛЫҚ, ҚАНАҒАТТАНДЫРАРЛЫҚ САПА, БЕЛГІЛІ МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ БҰЗЫЛМАУЫ ТУРАЛЫ КЕПІЛДІКТЕРДЕН БАС ТАРТАДЫ. LG КОМПАНИЯСЫ ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫ АРҚЫЛЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛЕТІН КЕЗ КЕЛГЕН МАЗМҰННЫҢ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТІҢ ТУРАЛЫҒЫНА, ЖАРАМДЫЛЫҒЫНА, УАҚТЫЛЫ БОЛУЫНА, ЗАҢДЫЛЫҒЫНА НЕМЕСЕ ТОЛЫҚТЫҒЫНА КЕПІЛДІК БЕРМЕЙДІ, СОНДАЙ-АҚ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫҢЫЗҒА САЙ БОЛУЫНА, НЕ БОЛМАСА ҚҰРЫЛҒЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ТОҚТАУСЫЗ НЕМЕСЕ ҚАТЕСІЗ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫНЫНА КЕПІЛДІК БЕРМЕЙДІ. LG КОМПАНИЯСЫ, САЛҒЫРТТЫҚПЕН ҚОСА ЕШБІР ЖАҒДАЙДА, ҚАНДАЙ ДА БІР ТІКЕЛЕЙ, ЖАНАМА, НАҚТЫ НЕМЕСЕ ҚОСАЛҚЫ ЗИЯНДАР НЕМЕСЕ МАЗМҰННЫҢ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ІШІНДЕГІ АҚПАРАТТАН НЕМЕСЕ СІЗДІҢ НЕМЕСЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ҮШІНШІ ТАРАПТЫҢ МҰНДАЙ МАЗМҰНДЫ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУЫНАН ТУЫНДАҒАН ҚАНДАЙ ДА БІР БАСҚА ЗИЯНДАР ҮШІН, ТІПТІ МҰНДАЙ ЗИЯНДАР БОЛУЫ МҮМКІНДІГІНЕН ХАБАРДАР ЕТІЛСЕ ДЕ, ЖАУАПТЫ БОЛМАЙДЫ.

Үшінші тарап қызметтері ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі, кідіртілуі, жойылуы, тоқтатылуы немесе үзілуі, не болмаса оларға кіру мүмкіндігі ажыратылуы мүмкін және LG компаниясы ешбір мазмұн мен қызметтің нақты уақыт бойы қолжетімді болатынын мәлімдемейді немесе оған кепілдік бермейді. Мазмұн мен қызметтерді үшінші тараптар желілер мен тасымалдау құралдары арқылы тасымалдайды және LG компаниясы оларды қадағалай алмайды. LG компаниясы ескертусіз және кез келген жағдайда белгілі қызметтер мен мазмұнды пайдалануға шек қоюы мүмкін. LG компаниясы осы құрылғы арқылы қолжетімді болған кез келген мазмұн мен қызметтердің өзгертілуіне, тоқтауына, ажыратылуына, өшірілуіне немесе кідіртілуіне жауапты болмайтынын мәлімдейді.

LG компаниясы мазмұн мен қызметтерге байланысты тұтынушыға қызмет көрсетуге жауапты болмайды. Мазмұн мен қызметтерге қатысты қызмет көрсету туралы кез келген мәселе мен сұрау тікелей мазмұн мен қызмет провайдерлеріне жолдануы тиіс.

LG Apps Функция

LG App Store қызметінен қосымшаларды жүктеуге болады.
Бұл функциялар ел немесе орнатуға байланысты белгілі бір уақытқа қол жетімді болмауы мүмкін. Бұл жағдайда түймелер ажыратылған болуы мүмкін.
Олар қызметтер қол жетімді болғанда қосылады.
Болашақта бұл зерделі теледидарға жаңа мүмкіндіктер қосылуы мүмкін.



Ерекшеліктер		Сипаттама
❶	**Кіру** **Шығу**	Жоғары сапалы қызметке кіреді және одан шығады.
❷	**Шығу**	Теледидар көру режиміне қайтады.
❸	**LG Apps**	LG Apps функциясына апарады.
❹		Қажетті LG Apps функциясына тікелей апарады.
❺	**Іздеу**	Бұл функциялар ел немесе орнатуға байланысты белгілі бір уақытқа қол жетімді болмауы мүмкін. Бұл жағдайда түймелер ажыратылған болуы мүмкін. Олар қызметтер қол жетімді болғанда қосылады.
❻	**Веб браузер**	
❼	**Мультимедия байланыс**	
❽	**Жылдам қосымшалар**	Барлық жүктелген қосымшалардың ішінен ең жиі қолданылатындарын сақтайды. Жылдам қосымшалар тізімін өзгерту үшін, «Менің қосымшаларымды пайдалану» бөлімін қараңыз.
❾	**Менің қосымшаларым**	Менің қосымшаларыма жылжиды. Барлық орнатылған қолданбаларды шолуға, жылдам бағдарламалар тізімін өзгертуге және қажетті бағдарламаны таңдап, ойнатуға болады.

LG Apps жүйесіне тіркелу

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Тіркелу үшін Қызыл түймені басыңыз.
- Теледидар арқылы төлемейтін мүше ретінде ғана тіркеле аласыз.

3 Өз идентификациялық кодыңызды және кілт сөзді құрыңыз.
Шарлау түймелерімен алфавит пен санды таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

4 Тіркеу аяқталды.

ЕСКЕРТПЕ

- Төлейтін мүше болғыңыз келсе немесе ақпаратыңызды өзгерткіңіз келсе, компьютеріңізді қолданып, http://www.lgappstv.com сайтына кіріңіз.

Қазақша

LG Apps арқылы жүйеге кіріңіз. есептеу

Есептік жазбаңызбен LG Apps қолданбаларын тамашалау үшін, LG Apps есептік жазбасымен тіркелу қажет.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Тіркелу үшін Қызыл түймені басыңыз.
Идентификация коды мен кілт сөзді енгізуге арналған пернетақта мәзірін көрсетеді.
- Егер мүшесі болмасаңыз, Қызыл түймені қайта басыңыз. Теледидар арқылы төлемейтін мүше ретінде ғана тіркеле аласыз.

3 Алфавит немесе санға жылжып бару үшін, Шарлау түймелерін және **OK** түймесін басыңыз.
- «Авто тіркелу» тармағын тексерсеңіз, теледидарды кез келген уақытта қосқанда, сіз автоматты түрде тіркелесіз.

4 LG Apps мүмкіндіктерін тамашалау
Жоғары сапалы қызметті, LG Apps, Менің қосымшаларым және басқа көптеген қызметтерді тамашалай аласыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Бес теледидарға ақылы қосымшаларды жүктеуге болады.

Идентификациялық кодты басқару

1 Тіркелгеннен кейін, Қызыл түймені қайта басыңыз.
Қалқымалы терезе шығады.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен керекті мәзір опциясына **жылжып барып**, OK түймесін басыңыз.



3 Келесі мәзірді қолдану арқылы идентификациялық кодты басқарыңыз.

Ерекшеліктер	Сипаттама
Есеп параметрі	Жалпы ақпаратты, сатып алынған қосымшаларды және теледидарға орнатылған қосымшаларды тексеріңіз.
Пайдаланушыны өзгерту	Есептік жазбаны өзгертеді.
Шығу	Жоғары сапалы қызметтен шығыңыз.

Қазақша

LG Apps мүмкіндігін пайдалану

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Теледидарға кіріңіз.

3 Шарлау түймелері көмегімен LG Apps тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

4 Келесі мәзірді пайдаланып қосымшаларды өңдеңіз.



	Ерекшеліктер	Сипаттама
1	**Кіру Шығу**	LG Apps қолданбаларын пайдалану үшін кіру немесе шығу
2	**Іздеу**	LG Apps қызметін іздеу.
3	**Менің қосымшаларым**	«Менің қосымшаларым» тармағына жылжытады.
4	**Артқы жағы**	Алдыңғы экранға өтіңіз.
5	**Шығу**	LG Apps функциясынан шығу
6	**Қосымшаларды сұрыптау**	• Ықстық: соңғы 7 күндегі ең жиі жүктелген қосымшалар • Жаңа: ең соңғы шығарылған қосымшалар • Үздік ақылы: ең көп жүктелетін ақылы қосымшалар • Тегін қолданбалар үздігі: ең жиі жүктелетін тегін қолданбалар • БАРЛЫҒЫ:алфавиттік тәртіп • **P** ∧ ∨ түймесі арқылы алдыңғы немесе келесі бетке жылжиды.
7	**Қосымшалар санаты**	LG Apps қосымшаларының санатын (Барлығы, Ойын, Сауық, Өмір, Білім, Жаңалықтар/Ақпарат) көрсетеді
8	**Тікелей эфир**	Ағымдағы бағдарламаны көрсетеді.

Қосымшаларды сатып алу және орнату.

Қосымшаларды сатып алу үшін алдымен кіріңіз.

1 Шарлау түймелерін басып қажет қосымшаларды таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
Сіз қосымша туралы ақпаратты көре аласыз.

2 Қосымшаны сатып алу үшін **Сатып алу** түймесін басыңыз.



	Ерекшеліктер	Сипаттама
1	**Кіру Шығу**	LG Apps қолданбаларын пайдалану үшін кіру немесе шығу
2	**Менің қосымшаларым**	«Менің қосымшаларым» тармағына жылжытады.
3	**Артқы жағы**	Алдыңғы экранға өтіңіз.
4	**Қосымша сипаттамасы**	Ағымдағы қосымшалардың сипаттамасын көрсетеді.
5	**Ақы**	Ағымдағы қосымшаның ақысын көрсетеді.
6	**Орнату**	Қолданба орнату немесе сатып алу. Компьютер немесе теледидар арқылы қолданбаны сатып алуға болады, бірақ ол тек теледидарға орнатылып, сонда ғана ойнатылады. • Ақылы қолданбаны сатып алғыңыз келсе, www.lgappstv.com сайтына төлеуші мүше ретінде кіру керек. • Теледидардағы бос орын жеткіліксіз болса, қолданбаларды USB IN 2 портына жалғап, USB жад құрылғысына жүктеуге болады. • USB жад құрылғысына сақталған қолданбаларды ойнатуға, жоюға немесе Менің қолданбаларым экранына жылжытуға болады.
7	**Бағалау**	Сатып алынған қолданбаны жұлдызбен бағалаңыз.
8	**Қосымша туралы ақпарат.**	Ағымдағы қолданбаны жасаған компанияны/бағдарлама нұсқасын/жаңартылған күнін/рейтингін көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ

- Қолданбаларды USB жад құрылғысына сақтау үшін, оның **USB IN 2/USB Apps** портына жалғанғанын тексеріңіз.
- USB қолданбалары ретінде 1000 қолданбаға дейін сақтауға болады.
- Қолданбалар бар USB жад құрылғысына деректердің басқа түрін сақтауға болмайды.

Менің қосымшаларым бөлімін қолдану

1 Тіркелгеннен кейін, LG Apps қолданбасына кіріңіз.

2 **Менің қосымшаларым** тармағына өту үшін Шарлау түймелерін басыңыз. және **OK** түймесін басыңыз.



Ерекшеліктер	Сипаттама
❶	Қолданылған және бар жады мөлшерін көрсетеді.
❷	Ағымдағы бет нөмірі/Менің қосымшаларым беттерінің жалпы саны
❸	Жүктелген қосымшаларды көрсетеді. **P** ∧ ∨ түймесі арқылы алдыңғы немесе келесі бетке жылжиды.
❹	LG Apps функциясын жылжытады.
❺	Жылдам қосымшалар
❻	LG Apps функциясына тіркелу Тіркелгеннен кейін, идентификация опциясын реттеңіз (Есеп параметрі, Пайдаланушыны өзгерту, Тіркеуден шығу).
❼	Менің қосымшаларым параметрін өзгерту
❽	Менің қосымшаларым параметрінен шығу
❾	Басты мәзірге өту
❿	Қосымшаларды жою

Веб-шолғыш функциясы

Веб-шолғыш теледидардан веб-беттерді көруге мүмкіндік береді.

Веб-шолғышты пайдалану

- Құрылғыдағы веб-шолғыш Flash 8 және одан кейінгі нұсқаларын қолдайды.
- Құрылғы веб-шолғышында ActiveX сияқты платформаға тәуелді технологияларға қолдау жоқ.
- Құрылғы веб-шолғышы тек алдын ала орнатылған қондырмаларға қолдау көрсетеді.
- Құрылғы веб-шолғышы төменде көрсетілгендерден басқа мультимедиалық пішімдерге қолдау көрсетпеуі мүмкін

  : JPEG / PNG / GIF / WMV (ASF) / WMA / MP3 / MP4
- Кейбір веб-беттер веб-шолғыштың тағайындалған жад көлемінен асып кетуі мүмкін. Бұндай жағдайда, веб-шолғыш жабылады.
- Құрылғыдағы веб-шолғыш бір ғана кірістірілген қаріпті пайдаланады. Кейбір мәтіндер дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Құрылғы веб-шолғышы арқылы файлдарды немесе қаріптерді жүктеу мүмкін емес.
- Бұл веб-шолғыш теледидар шолғышы болып табылады. Ол компьютердегі шолғыштардан басқаша жұмыс істеуі мүмкін.

Веб-шолғышты пайдалану


1. Желіге қосылыңыз.
2. Негізгі мәзірге кіру үшін **HOME** түймесін басыңыз.
3. Жылжу түймелерін пайдаланып **Веб-шолушы** мәзіріне өтіп, содан соң **OK** түймесін басыңыз.
4. Жылжу түймелерін пайдаланып **URL-мекен-жайын** тармағына өтіп, содан соң **OK** түймесін басыңыз.
5. Керекті URL мекенжайына айналдыру үшін жылжу түймелерін пайдаланып, содан соң **OK** түймесін басыңыз.



Қазақша

6 Теледидардан веб-тораптарды шолуға болады.

Экранның төменгі жағынан пернетақтаны ашу үшін, шолғыштың енгізу терезесін таңдаңыз.



Түйме	Сипаттама
❶	Алдыңғы бетке өтіңіз.
❷	Favourites (Таңдаулылар) экранына өтіңіз.
❸	Экранды үлкейтіңіз немесе кішірейтіңіз.
❹	Ағымдағы веб-бетті (Таңдаулылар) экранына қосыңыз.
❺	Іздеу экранына өтіңіз.
❻	Ағымдағы ашылған веб-беттер тізімінің ішінде алдыңғы/келесі бетке жылжыңыз. Басқа веб-тораптарға өту үшін, URL мекенжайын өзгертуге болады. Ағымдағы ашылған веб-беттер тізімін және «cookie» файлдарын жоюға болады.
❼	Веб-шолғыштан шығыңыз.

Таңдаулы веб-тораптарды шолу

1 Желіге қосылыңыз.

2 Негізгі мәзірге кіру үшін **HOME** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерін пайдаланып **Веб-шолушы** мәзіріне өтіп, содан соң **OK** түймесін басыңыз.

4 Жылжу түймелерін пайдаланып **Таңдаулылар** тармағына өтіп, содан соң **OK** түймесін басыңыз.

Жиі кіретін веб-тораптарды таңдаулылар тізіміне қосу арқылы оларды оңай ашуға болады.



Ерекшеліктер	Сипаттама
❶	Веб-торапты URL мекенжайын тікелей енгізу арқылы шолыңыз.
❷	Таңдаулылар тізімінен веб-торапты таңдаңыз.
❸	Соңғы кірілген веб-беттердің тізімін көру.
❹	Шолынатын торапты таңдаңыз.
❺	Таңдаулылар тізімін өңдеңіз. - **Жылжыту**: таңдаулылар тізіміндегі кезек ретін өзгерту. - **Атын өзгерту**: таңдаулылар тізіміне қосылған тораптардың атын өзгерту. - **Жою**: таңдаулылар тізімінен тораптарды жою.
❻	Алдыңғы бетке өтіңіз.
❼	Веб-шолғыштан шығыңыз.

Веб-тораптарды мекенжайды тікелей енгізу арқылы шолу


1 Желіге қосылыңыз.

2 Негізгі мәзірге кіру үшін **HOME**түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерін пайдаланып **Веб-шолушы** мәзіріне өтіп, содан соң **OK** түймесін басыңыз.

4 Жылжу түймелерін пайдаланып **URL** тармағына өтіп, содан соң **OK** түймесін басыңыз.

Веб-торапты URL мекенжайын тікелей енгізу арқылы шолуға болады.



Ерекшеліктер	Сипаттама
❶	Веб-торапты URL мекенжайын тікелей енгізу арқылы шолыңыз.
❷	Таңдаулылар тізімінен веб-торапты таңдаңыз.
❸	Соңғы кірілген веб-беттердің тізімін көру.
❹	URL мекенжайын енгізіңіз. Енгізіліп жатқан мекенжай бұрын кірген тораптардың мекенжайымен ұқсас болса, ашылмалы тізім шығады.
❺	Мекенжайды енгізу үшін пернетақтаны пайдаланыңыз. Енгізілетін таңбаларды таңдаңыз.
❻	Пернетақта тілін таңдаңыз.
❼	Пернетақтаны өзгертіңіз.
❽	Мекенжайды енгізу өрісінің астында көрсетілетін ұқсас мекенжайларды жойыңыз.
❾	Алдыңғы бетке өтіңіз.
❿	Веб-шолғыштан шығыңыз.
⓫	Пернетақтаны жасырыңыз. Пернетақтаны қайтадан көрсету үшін, мекенжайды енгізу өрісін таңдаңыз.
⓬	Жүгіргіні солға немесе оңға жылжытыңыз.
⓭	Жүгіргінің алдындағы мәтінді, бір таңбалап жойыңыз..
⓮	Веб-торапқа өту үшін, мекенжайды теріп болған соң осыны басыңыз.

Кірілген веб-тораптардың тізімін көру


1 Желіге қосылыңыз.

2 Негізгі мәзірге кіру үшін **HOME** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерін пайдаланып **Веб-шолушы** мәзіріне өтіп, содан соң **OK** түймесін басыңыз.

4 Жылжу түймелерін пайдаланып **URL-мекен-жайын** тармағына өтіп, содан соң **OK** түймесін басыңыз.

Бұрын кірілген веб-тораптардың мекенжайын көруге болады. Бетке жылжытылатын элементті таңдаңыз.




Ерекшеліктер	Сипаттама
❶	Веб-торапты URL мекенжайын тікелей енгізу арқылы шолыңыз.
❷	Таңдаулылар тізімінен веб-торапты таңдаңыз.
❸	Соңғы кірілген веб-беттердің тізімін көру.
❹	Соңғы кірілген беттердің тізімін ашыңыз. Бетке жылжытылатын элементті таңдаңыз.
❺	Кірілген веб-тораптардың тізімін өшіріңіз.
❻	Алдыңғы бетке өтіңіз.
❼	Веб-шолғыштан шығыңыз.

Smart Share функциясы

USB жад құрылғысын қосу

Теледидарға USB флеш-дискісі немесе сыртқы қатты диск сияқты USB сақтау құрылғыларын қосыңыз да, мультимедиа мүмкіндіктерін пайдаланыңыз («Файлдарды шолу» бөлімін қараңыз).
Төмендегі суретте көрсетілгендей, теледидарға USB флеш-дискісін немесе USB жад картасын оқу құралын қосыңыз.



USB жад құрылғысын шығарғанда, теледидар немесе файлдар зақымдалмау үшін, міндетті түрде байланыстарды дұрыс аяқтау керек.

1 Жылдам мәзірлерге қатынасу үшін **ЖЫЛДАМ МӘЗІРІ** түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерін басып, **USB құрылғысы** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

3 USB жад құрылғысын шығаруға болатынын хабарлайтын хабар шыққаннан кейін ғана ажыратыңыз.

ЕСКЕРТУ

- USB жад құрылғысы теледидарға қосулы кезде теледидарды өшірмеңіз немесе USB жад құрылғысын алып тастамаңыз, ол файлдардың жоғалуына немесе USB жад құрылғысының бұзылуына себеп болады.
- USB жад құрылғысына сақталған файлдардың көшірмесін жиі жасап тұрыңыз, файлдарды жоғалуы немесе бүлінуі мүмкін, олар кепілдікте қамтылмаған.

USB жад құрылғыларын пайдалану туралы кеңестер

- ТД тек USB сақтау құрылғысын таниды.
- Егер USB сақтау құрылғысын теледидарға USB хаб арқылы қоссаңыз, ТД USB сақтау құрылғысын танымауы мүмкін.
- ТД арнайы драйверді қажет ететін USB жад құрылғысын танымауы мүмкін.
- USB сақтау құрылғысының тану жылдамдығы құрылғыға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Тек қалыпты музыка немесе сурет файлдары бар USB сақтау құрылғысын пайдаланыңыз.
- Тек FAT 32 немесе NTFS файлдық жүйесі ретінде пішімделген USB сақтау құрылғыларын пайдаланыңыз.
- USB жад құрылғысын қуат адаптерінің көмегімен сыртқы қуат көзіне қосу қажет болуы мүмкін.
- Егер ТД қосылған USB сақтау құрылғысын танымаса, кабельді ауыстырыңыз да, әрекетті қайталаңыз. Шамадан тыс ұзын кабельді пайдаланбаңыз.
- ТД кейбір USB сақтау құрылғыларын тиісті түрде қолдамайды.
- Сіз көп бөлімді (4-ке дейін) USB сақтау құрылғысын пайдалана аласыз.
- USB бірнеше картаны оқу құрылғысын пайдалана отырып 4-ке дейін USB сақтау құрылғыларын пайдалануға болады.
- USB сақтау құрылғысының файлдарды туралау әдісі Window XP жүйесінің әдісіне ұқсайды.
- USB сақтау құрылғысында сақталған қалтаны тікелей теледидарда жасай немесе жоя алмайсыз.
- Файл атауының таңбалар саны – 100-ге дейін ағылшын таңбалары.
- 1000 қоса дейін қалталар және файлдар танылады.
- Бір қалтада тым көп қалта немесе файл жиналса, дұрыс жұмыс жасамауы мүмкін.
- USB сыртқы қатты дискісінің ұсынылған сыйымдылығы – 1 ТБ немесе азырақ және USB сақтау құрылғысы үшін – 32 ГБ немесе азырақ.
- «Энергияны үнемдеу» функциясы бар сыртқы USB қатты дискісі істемесе, дұрыс істеуі үшін сыртқы USB қатты дискісін өшіріп, қайта қосыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін сыртқы USB қатты дискісінің пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- USB 2.0 нұсқасынан төмен USB жад құрылғыларына да қолдау бар. Бірақ ол фильмдер тізімінде дұрыс істемеуі мүмкін.
- Статикалық ток USB құрылғының дұрыс емес жұмыс істеуін тудыруы мүмкін. Бұл жағдайда, USB құрылғысын қайтадан қосу керек.

DLNA DMP (Digital Living Network Alliance, Digital Media Player) ойнатқышын жалғау

Бұл теледидарда DLNA серверінен кино, фотосурет және музыка файлдарының көптеген түрлерін көрсетуге және ойнатуға болады. DLNA оны фильмдер, фотосуреттер және музыка үшін мақұлдаған.
Үйге арналған сандық желілер ортақ жүйесі (DLNA) — тұтынушы электроникасы, есептеу индустриясы және мобильді құрылғы компаниялардың сала-аралық ұйымы. Үйге арналған сандық жүйесі пайдаланушыларға үйде сымсыз немесе сымды желі арқылы сандық мультимедиалық файлдарды жеңіл ортақтасуға мүмкіндік береді.
DLNA қуәландыру логотипі DLNA ортақ жұмыс атқару принциптеріне сай болатын өнімдерді оңай табуға көмектеседі. Бұл құрылғы DLNA өзара жұмыс нұсқауларының v1.5 нұсқасымен үйлесімді. Компьютерде DLNA сервер бағдарламалық құралы орнатылып тұрғанда немесе басқа DLNA-үйлесімді құрылғы осы теледидарға жалғанып тұрғанда, бағдарламалық құралдың немесе басқа құрылғылардың кейбір параметрлерін өзгерту қажет болуы мүмкін. Қосымша ақпарат үшін бағдарламалық құралдың немесе құрылғының пайдалану нұсқауларын қараңыз.
Қолдауы бар файлдар түрі мен басқа нұсқаулар туралы толық ақпаратты «Smart Share функциясы» бөлімінен қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қамтамасыз етілген Nero MediaHome 4 Essentials ықшам дискі осы теледидарда файлдар мен қалталарды ортақтасуға арналған өзгертілуі мүмкін бағдарламалық құралдың шығарылымы.
- Қамтамасыз етілген Nero MediaHome 4 Essentials бағдарламалық құралы келесі функцияларды қолдамайды: қайта кодтау, қашықтағы пайдаланушы интерфейсі, теледидарды басқару, интернет қызметтері және Apple iTunes
- Бұл нұсқаулықта мысалдар ретінде Nero MediaHome 4 Essentials бағдарламалық құралының ағылшын тіліндегі нұсқасын пайдалану сипатталған. Өзіңіздің тіліңіздегі нұсқадағы әрекеттерге сәйкес келетін сипаттамаларды орындаңыз.
- Бір қалтада тым көп қалта немесе файл жиналса, дұрыс жұмыс жасамауы мүмкін.
- DLNA опциясы үшін теледидармен бірге берілген Nero MediaHome бағдарламасын қолданыңыз. Дегенмен, үшінші тарап бағдарламасы мінсіз қызмет атқаратынына кепілдік бере алмаймыз.
- Теледидар экранындағы алдын ала көруге арналған қысқа бағдарламалар тізімін қарап отырып, қажетті бағдарламаны таңдауға болады.
- DLNA опциясы дұрыс қызмет етпесе, желі параметрлерін тексеріңіз.
- Nero Media Home бағдарламасында қалыпты емес жұмыс жасамаса немесе қате пайда болса, DLNA опциясы дұрыс қызмет етпеуі мүмкін. Бұл жағдайда Nero Media Home бағдарламасынан шығып, қайта ашыңыз. Бағдарламаның төменгі сол жақ бұрышындағы сұрақ белгісін басып, Nero Media Home бағдарламасының соңғы нұсқасын жүктеп алуға болады.
- Желі тұрақсыз болғанда, құрылғы жұмысы баяулауы немесе ойнату барысында жүктеу қажеттігі тууы мүмкін.
- Бейнені DLNA режимінде ойнатқанда, Бірнеше дыбыс ойнату және Жабық тақырып функциялары қосылмауы мүмкін.
- DLNA режимінде Толық экран параметрі таңдалғанда, шығарылған экран қатынасы бастапқы мәннен өзгеше болуы мүмкін.
- DLNA режимінде бір серверге бірнеше теледидар жалғанса, сервер жұмысына қарай, файл дұрыс ойнатылмауы мүмкін.
- Сервер ойнату уақыты ақпаратын бермесе, ол «- -» түрінде көрсетіледі.

Nero MediaHome 4 Essentials бағдарламалық құралын орнату

Nero MediaHome 4 Essentials — Windows жүйесіне арналған DLNA серверінің ыңғайлы бағдарламалық құралы.

Nero MediaHome 4 Essentials бағдарламасының компьютерлік талаптары

- Windows® XP (2-жаңарту бумасы немесе одан жоғары), Windows Vista® (жаңарту бумасы қажет емес), Windows® XP Media Center Edition 2005 (2-жаңарту бумасы немесе одан жоғары), Windows Server® 2003 (1-жаңарту бумасы немесе одан жоғары)
- Windows® 7 Home Premium, Professional, Enterprise немесе Ultimate(32 және 64-бит)
- Windows Vista® 64-бит шығарылымы (қолданба 32-бит режимде жұмыс істейді)
- Windows® 7 64-бит шығарылымы (қолданба 32-бит режимде жұмыс істейді)
- Қатты диск орны: дербес Nero MediaHome бағдарламалық құралының әдеттегі орнатуы үшін 200 МБ көлеміндегі қатты диск орны қажет.
- 1,2 ГГц Intel® Pentium® III немесе AMD Sempron™ 2200+ процессорлары
- Жад: 256 МБ жедел жұмыс жады
- Бейне жады кемінде 32 МБ, ең төменгі ажыратымдылығы 800 x 600 пиксел және түс параметрлері 16 бит болатын бейнекарта
- Windows® Internet Explorer® 6.0 немесе одан жоғары
- DirectX® 9.0c revision 30 (2006, тамыз) немесе одан жоғары
- Желі: 100 МБ Ethernet, WLAN (IEEE 802.11g) немесе одан жылдам

1 Компьютерді іске қосыңыз.

2 Бүкіл Microsoft Windows бағдарламаларын жауып, істеп тұрған кез келген антивирус бағдарламалық құралдарынан шығыңыз.

3 Nero MediaHome 4 Essentials дискін диск жетегіне салыңыз.

4 **Nero MediaHome 4 Essentials** белгішесін басыңыз. Орнату шебері пайда болады.

5 Сериялық нөмірді енгізу экранын көру үшін **Келесі** түймесін басыңыз. Келесі қадамға өту үшін **Келесі** түймесін басыңыз.

6 Бүкіл шарттарға келіссеңіз, **I accept the License Conditions** («Лицензия шарттарымен келісем») терезесіне құсбелгі қойып, **Next** («Келесі») түймесін басыңыз. Бұл келісімсіз орнату мүмкін емес.

7 **Typical** («Әдеттегі»), одан кейін **Next** («Келесі») параметрлерін түртіңіз. Орнату жұмысы басталады.

8 Жасырын дерек жинау бағдарламасына қатысқыңыз келсе, құсбелгі қойып, **Next** («Келесі») түймесін басыңыз.

9 Орнатуды аяқтау үшін **Exit** («Шығу») түймесін басыңыз.

Файлдар мен қалталарды ортақтасу

Nero MediaHome бағдарламалық құралын орнатқаннан кейін ортақтасатын қалталарды қосу қажет болады.

1 Жұмыс үстеліндегі Nero MediaHome 4 Essentials белгішесін екі рет басыңыз.

2 Сол жақтағы Network («Желі») белгішесін түртіп, Network name («Желі аты») өрісіне желі атын енгізіңіз. Енгізілген желі аты теледидармен танылады.

3 Сол жақтағы Shares («Ортақтасулар») белгішесін түртіңіз.

4 Shared («Ортақтасқан») экранындағы Local Folders («Жергілікті қалталар») қойындысын түртіңіз.

5 Browse Folder («Қалтаны шолу») терезесін ашу үшін Add («Қосу») белгішесін түртіңіз.

6 Ортақтасатын файлдарды қамтитын қалтаны таңдаңыз. Таңдалған қалта ортақ қалталар тізіміне қосылады.

7 Серверді қосу үшін Start Server («Серверді қосу») белгішесін таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Ортақ қалталар мен файлдар теледидарда көрсетілмесе, Local Folders («Жергілікті қалталар») қойындысындағы қалтаны түртіп, **More** («Қосымша») түймесін басыңыз да, **Rescan Folder** («Қалтаны қайта іздеу») пәрменін таңдаңыз.
- Қосымша ақпарат пен бағдарламалық құрал аспаптары көру үшін *http://www.nero.com* торабына өтіңіз.

Ортақ медианы ойнату

Компьютерде немесе басқа DLNA мультимедиа серверлерінде сақталған фильмді ойнатуға, фотосурет және музыка мазмұнын көруге болады.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерін басып, **Smart Share** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен керекті параметрге немесе опцияға өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 **DLNA** параметрін таңдау үшін Шарлау түймелерін басыңыз.
Мультимедиа серверіне қарай, бұл теледидар серверден рұқсат алуы қажет болуы мүмкін.

DLNA DMP қолдануға арналған ескертулер

- DLNA функциясын көп арна арқылы таратуды қолдамайтын кейбір маршрутизаторларда қолдану мүмкін емес. қосымша ақпарат алу үшін, маршрутизатордың нұсқаулығын қараңыз немесе өндірушіге хабарласыңыз.
- Мультимедиа серверінде файлды ойнату үшін, теледидар мен мультимедиа сервері бір кіру нүктесіне жалғануы керек.
- Қолданылатын мультимедиа серверіне байланысты файл талаптары және ойнату функциялары Smart Share параметрінде әртүрлі болуы мүмкін.
- Файл ерекшеліктеріне байланысты және ойнатуға тыйым салатын мультимедиа сервері кейбір шектеулер қоюы мүмкін.
- DLNA сервері Фильм миниатюрасы параметрін қолдағанда ғана Фильм миниатюрасы параметрі қабылданады.
- Smart Share мәзірінде ойнатылмайтын музыка файлдары болса, теледидар оны елемей өтіп, келесі файлды ойнатады.
- Қалтадағы файлдардың түрі бірдей болса ғана ойнатылады.
- Экранда көрсетілетін файл ақпараты Smart Share мәзіріндегі музыка және фильм файлдары әрдайым дұрыс бола бермеуі мүмкін.
- Бұл теледидар тек Nero MediaHome 4 қамтамасыз ететін фильмдердің субтитр файлдарын қолдайды.
- Субтитр және фильм файлдарының аттары бірдей болып, бір қалтада орналасу керек.
- Субтитр файлдары каталог жасалғаннан кейін қосылатын болса, пайдаланушы қалтаны жойып, ортақ қалталар тізіміне қайта қосуы қажет болады.
- Фильм тізімі жұмыс істеп жатқанда, DLNA серверіндегі DRM/*.tp/*.trp файлы ойнатылмайды.
- Фото тізімі жұмыс істеп жатқанда, MPO файлдары ойнатылмайды.
- Smart Share функциясының ойнату мен жұмыс сапасына үй желісінің күйі әсер етуі мүмкін.
- USB құрылғысы, DVD-жетегі, т.б. сияқты алынатын алынбалы мультимедиа файлдары мультимедиа серверінде дұрыс ортақтаспауы мүмкін.
- Медианы DLNA байланысы арқылы ойнатқанда, DRM қорғаған файлдарға қолдау көрсетілмейді.
- 1000 қоса дейін қалталар және файлдар танылады.
- Бір қалтада тым көп қалта немесе файл жиналса, дұрыс жұмыс жасамауы мүмкін.

DLNA DMR (Digital Living Network Alliance, Digital Media Render) желісіне қосылу

Бұл медиа файлдарды қашықтан ойнатуды қолдайды. Сыйысымды құрылғыдағы (Windows 7, PlayTo бар ұялы телефон немесе басқа сыйысымды DLNA-DMC құрылғысы) медианы теледидарға «күштеп беруге» болады.

DMR функциясы ТД мен компьютер бір жергілікті желіде болғанда ғана дұрыс жұмыс істейді.

1 Ойнату үшін, файлды Windows 7 жүйесіндегі «Remote Play» мүмкіндігі арқылы таңдаңыз. Ол үшін ойнатылатын файлды тінтуірдің оң жақ түймесімен басыңыз.

2 Сіз бірнеше құрылғы қосылған болса да, файлды жалғыз теледидарда немесе құрылғыда ойната аласыз. Ойнату жылдамдығы желі күйіне байланысты.



ЕСКЕРТПЕ

- Субтитрлерге тек кейбір DMC құрылғыларда қолдау көрсетіледі.
- DMR функциясы сымсыз желіде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- DMC іздеу функциясы тек бейне файлдарда жұмыс істейді.
- Басқа функция (жазу, ойнату немесе Smart Share, т.б.) жұмыс пайдаланылып жатқанда, DMR істемейді.
- Файл қалай ойнатылатынын анықтау үшін, ұялы немесе басқа құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Қосылған ТД атын өзгерту үшін, Басқару тақтасындағы Желі және Интернет > Желі компьютерлері мен құрылғыларын көру тармағында өзгертілетін элементті екі рет басу қажет. (Тек Windows 7)
- DMR медиа ойнатылып жатқанда, ТД атын өзгерту мүмкін емес. Оны ойнату тоқтатылғанда өзгертіңіз.

Файлдарды шолу

Фотосурет, музыка немесе фильм тізімдеріне қол жеткізу және файлдарды шолу.

1 USB жад құрылғысын қосыңыз.


2 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерін басып, **Smart Share** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып қажет құрылғыға өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

5 Шарлау түймелерін басып, **Барлық дерекнамалар, Фильм тізімі**, **Фото тізімі** немесе **Музыка тізімі** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.
- **Барлық дерекнамалар:** файлдар тізіміндегі барлық файлдарды көрсетеді.
- **Фильм тізімі**, **Фото тізімі** немесе **Музыка тізімі:** файлдар тізіміндегі тек бір файл түрін көрсетеді.

6 Қажет қалтаны немесе файлды таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз.



№	Сипаттама
1	Барлық медиа қалталарын көрсетеді.
2	Ағымдағы бет саны/жалпы беттер саны.
3	Алдыңғы немесе келесі бетке өтеді.
4	Ағымдағы бет саны/жалпы беттер саны.
5	Файлдар туралы ақпарат немесе нобай.
6	Қашықтан басқару құралындағы қолжетімді түймелер.

Нобай туралы ақпарат

Түр	Қалыпты емес файлдар	Қолдауы жоқ файлдар
Бейне		
Фото		
Музыка		

USB жад құрылғыларын пайдалану туралы кеңестер

Түр	Қолдау көрсетілетін файл пішімі			
Бейне	• MPG, MPEG, DAT, TS, TRP, TP, VOB , MP4, MOV, MKV, DivX, AVI, ASF, WMV, M4V • Ойнатылатын фильм файлының макс. дерек беру жылдамдығы: 20 Мбит/с (мегабит/секунд) • Аудио пішімнің дерек беру жылдамдығы: 32 кбит/с пен 320 кбит/с (MP3) арасында • Қолдау көрсетілетін сыртқы субтитр пішімі: *.smi, *.srt, *.sub (MicroDVD, SubViewer 1.0/2.0), *.ass, *.ssa, *.txt (TMPlayer), *.psb (PowerDivX) • Қолдау көрсетілетін ішкі субтитр пішімі: тек XSUB (бұл DivX файлдарында жасалатын субтитр пішімі), Text UTF-8, SRT, ASS, SSA (бұл DivX-Plus HD файлдарында пайдаланылатын субтитр пішімі)			
Фото	• Компьютерге JPG файлдарды сақтағанда прогрессивті параметрді пайдаланбаңыз. • Толық экранда ажыратымдылығы жоғары суреттерді көру үшін біраз уақыт қажет болуы мүмкін.			
		Файл атауының кеңейтілімі	**Пункт**	**Профиль**
	2D	jpeg jpg jpe	Қолдау көрсетілетін файл пішімі	• SOF0: негізгі жол • SOF1: кеңейтілген бірізді • SOF2: прогрессивті
			Фотосурет өлшемі	• Ең кішісі: 64 x 64 • Ең үлкені - қалыпты түрі: 15360 (Е) x 8640 (Б) • Прогрессивті түрі: 1920 (Е) x 1440 (Б)
	3D (Тек 3D үлгілер)	mpo	Қолдау көрсетілетін файл пішімі	• mpo
			Фотосурет өлшемі	• 4:3 өлшемі: 3,648 x 2,736 2,592 x 1,944 2,048 x 1,536 • 3:2 өлшемі: 3,648 x 2,432
Music («Музыка»)	• MP3 • Бит жылдамдығының диапазоны: 32 - 320 Кбит/с • Іріктеу жиілігі MPEG1 3-деңгейі: 32 кГц, 44.1 кГц, 48 кГц MPEG2 3-деңгейі: 16 кГц, 22.05 кГц, 24 кГц * Көшіруден қорғалған файл ойнатылмайды.			

Бейнелерді көру

Бейне файлдарын теледидарда ойнату. Теледидар USB сақтау құрылғысындағы бейне файлдарды көрсете алады.

1 **Негізгі мәзірге кіру үшін** Home («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерін басып, **Smart Share** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен қажетті құрылғыға барып, OK түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып **Фильм тізімі** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.


5 Шарлау түймелері көмегімен қажетті қалтаны немесе файлды таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

6 Төмендегі мәзірлерді/түймелерді пайдалана отырып фильмді ойнатыңыз.



Түйме	Сипаттама
Шарлау түймесі	Файлдар арасында жылжиды.
OK	Бөлектелген файлды ойнатады.
P ∧ ∨	Алдыңғы немесе келесі бетке өтеді.
Қызыл түйме	Құрылғыны өзгерту: басқа кіріске ауыстырады.
Жасыл түйме	Түбірлік қалтаға өтеді.
Сары түйме	Жоғарғы қалтаға өтеді.

7 Ойнатуды төмендегі түймелер көмегімен басқарыңыз.



Түйме	Сипаттама
■	Ойнатуды тоқтатады.
▶	Бейнені ойнатады.
❚❚	Ойнатуды кідіртеді немесе жалғастырады.
◀◀	Файлда артқа қарай іздейді.
▶▶	Файлда алдыға қарай іздейді.
❚❚ және ▶▶	Бейнелерді баяу ойнатады.
Қызыл түйме және **< >**	Жақтауды тікелей таңдайды. Бүкіл файл 10 жақтауға бөлінеді. Файлға байланысты жақтаулар көрсетілмеуі мүмкін.
ENERGY SAVING («ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ»)	Экранның жарықтығын арттырады немесе азайтады.
3D	3D суреттерді көрсетеді. (Тек 3D үлгілерінде)
Q.MENU («ЖЫЛДАМ МӘЗІРІ»)	Параметр мәзірін көрсетеді (Мына бетті қараңыз:69).
AV MODE («AV РЕЖИМІ»)	Қалаған көзді таңдаңыз.
BACK («КЕРІ»)	Экрандағы мәзірді жасырады. Мәзірді қайтадан көру үшін **OK** түймесін басыңыз.
EXIT («ШЫҒУ»)	Алдыңғы мәзір экранына өтеді.

Бейне файлдарын ойнату бойынша кеңестер

- Теледидар Motion JPEG ішінде кодталған файлдарға қолдау көрсетпейді. (Мына бетті қараңыз:142)
- Пайдаланушы жасаған кейбір субтитрлер істемеуі мүмкін.
- Субтитрлер кейбір арнайы таңбаларды немесе HTML тегтерін көрсетпейді.
- Субтитр қарібін және түсін өзгерту функциясына қолдау жоқ.
- Қолдауы жоқ тілдердегі субтитрлер көрсетілмейді.
- 1 МБ немесе одан ауыр субтитр файлдары бар бейне файлдары дұрыс ойнатылмауы мүмкін.
- Экранға суретті тоқтату немесе аудио тілін өзгерткендегі тезірек ойнату сияқты уақытша үзілістер әсер етуі мүмкін.
- Зақымдалған файлды ойнатсаңыз, бейне файл дұрыс ойнатылмауы мүмкін немесе кейбір ойнатқыш функциялары қол жетімді емес болуы мүмкін.
- ТД кейбір кодтаушылар жасаған бейне файлдарды дұрыс ойната алмайды.
- Егер жазылған файлда бейне немес еаудио болмаса, бейне де, аудио да шығарылмайды
- Егер ТД бейне немесе аудио жоқ жазылған файлды ойнатса, бейне немесе аудио шығарылмайды.
- ТД әр жақтау үшін қолдау көрсетілетін ажыратымдылықтан ажыратымдылығы жоғарырақ бейне файлдарды біркелкі ойната алмайды.
- ТД көрсетілген түрге және пішімге жатпайтын бейне файлдарды ойната алмайды.
- ТД GMC (Global Motion Compensation) немесе quarter-pel motion estimation кодталған файлдарды ойната алмайды.
- ТД субтитр файлындағы 10000 қадамдастыру блогын ғана қолдайды.
- ТД 4.1 профиль деңгейіне дейінгі H.264/ AVC кодегін қолдайды.
- ТД DTS аудио кодегін қолдамайды.
- ТД өлшемі 30 ГБ-тан үлкенірек бейне файлды ойната алмайды.
- Егер бейне файлды жоғары жылдамдықты қолдамайтын USB байланыс арқылы ойнатсаңыз, бейне ойнатқыш дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бейне файл және оның субтитр файлы бір қалтада орналасып, бейне файл мен субтитр файлының атауы бірдей болуы керек.
- ТД кодталған күйге байланысты қолдау көрсетілетін файл пішіміндегі бейне файлдарды ойната алмауы мүмкін.
- Бейне файлдарында көрсеткіш ақпараты болмаса, Шеберлік әдіс режимі ⏩ функциясынан басқаларын қолдамайды.
- Атында ерекше таңбалары бар бейне файлдары ойнатылмауы мүмкін.
- Қос ағында кодталған 3D WMV файлдар үшін 3D режимі қолдау көрсетпейді. (Тек 3D үлгілерінде)

Фильм тізімі үшін ЖЫЛДАМ МӘЗІРІ параметрлері

1 **Q. MENU** («ЖЫЛДАМ МӘЗІР») түймесін басыңыз.
Қалқымалы терезе шығады.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен қажетті опцияға өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің келесі параметрлердің біреуіне өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

Бейне ойнатуды орнатыңыз.

<table>
<tr><th>Ерекшеліктер</th><th>Сипаттама</th></tr>
<tr><td>Сурет өлшемі</td><td>Бейнелер үшін қалаған сурет пішіміңізді таңдайды.
• Толық режим: файлдар бейненің арақатынасына сай толық экран режимінде ойнатылады.
• Бастапқы режим: файлдар бастапқы өлшемінде ойнатылады.</td></tr>
<tr><td>Дыбыс тілі</td><td>Бейне файлдар үшін аудионың тілдер тобын өзгертеді. Тек бір дыбыс жолы бар файлдарды таңдау мүмкін емес.</td></tr>
<tr><td>Субтитр тілі</td><td>Субтитрлерді қосуға немесе өшіруге болады.</td></tr>
<tr><td>Тіл</td><td>SMI субтитрлері үшін іске қосылады және субтитр ішіндегі тілді таңдай алады.</td></tr>
<tr><td>Кодтық бет</td><td>Субтитр қарпін таңдау. Әдепкіге орнатылғанда, мазмұн «Параметр - Тіл - Мәзір тілі.» ішінде орнатылған тілде көрсетіледі.
<table>
<tr><th>Ерекшеліктер</th><th>Сипаттама</th></tr>
<tr><td>Субтитр тілдерінің тобы</td><td>• 1-латын: ағылшын, испан, француз, неміс, итальян, швед, финн, голланд, португал, дат, румын, норвег, албан, гаэль, уэльс, ирланд, каталан, валенсия
• 2-латын: босниялық, поляк, хорват, чех, словак, словен, серб, венгр
• 4-латын: эстон, латвиялық, литвалық
• Кириллица: болгар, македониялық, орыс, украин, қазақ
• Грек: Грек
• Түрік: Түрік</td></tr>
<tr><td>Қадамдастыру</td><td>Егер бейне субтитрлермен қадамдастырылмаса, оны 0,5 секундқа реттеуге болады.</td></tr>
<tr><td>Позиция</td><td>Субтитрлердің орнын жылжытады.</td></tr>
<tr><td>Өлшемі</td><td>Субтитрлердің қаріп өлшемін өзгертеді.</td></tr>
</table></td></tr>
<tr><td>Қайталау</td><td>Фильмді ойнату функциясын қосады/өшіреді. Осы функция іске қосылса, қалтадағы файл қайталап ойнатылады. Өшірілгенде, егер келесі файл аты алдыңғы файлға ұқсас болса, оны ретпен ойнатуға болады.</td></tr>
</table>

ЕСКЕРТПЕ

- Фильм Тізімі параметрінде өзгертілген опция мәндері Фото тізімі және Музыка тізімі параметрлеріне әсер етпейді.
- Фото тізімі және Музыка тізімі параметрлерінде өзгертілген опция мәні Фото тізімі мен Музыка тізімі ішінде өзгереді, ал Фильм Тізімі ішінде өзгермейді.
- Бейне файлды тоқтатудан кейін қайта ойнатқанда, алдында тоқтаған жерден қайта бастау үшін «Иә» параметрін таңдаңыз.
- Егер қалтада үздіксіз файлдар қатары бар болса, автоматты түрде келесі файл ойнатылады. Бірақ, бұған фильм тізімі параметрінің **Қайталау** функциясы «Қосу» күйіне орнатылған жағдайлар кірмейді.

Бейне орнатыңыз.

Бейненің алдын ала орнатылған параметрлерін өзгертуге мүмкіндік береді. («СУРЕТ параметрлері» бөлімін қараңыз.)

Аудио орнатыңыз.

Аудионың алдын ала орнатылған параметрлерін өзгертуге мүмкіндік береді. («АУДИО параметрлері» бөлімін қараңыз)

DivX PLUS HD орнату

Ойнатылып жатқан фильмде тақырып, басылым және жасалған бөлім туралы мәлімет болғанда бұл опциялар қосылады.

Ерекшеліктер	Сипаттама
Тақырып	Бірнеше тақырыбы бар файлдарда ойнату керек тақырыпты таңдаңыз.
Редакция	Бірнеше редакциясы бар файлдарда ойнату керек редакцияны таңдаңыз. • Редакция тарауларға негізделген ойнату ретін білдіреді.
Рұқсат етілген тарау	Қажет тарауды таңдаңыз да, ойнатыңыз.

DivX тіркеу коды

DivX кодын тіркеу

DivX тіркелу коды www.divx.com/vod торабында соңғы фильмдерді жалға алуға немесе сатып алуға мүмкіндік береді. Жалға алынған немесе сатып алынған DivX файлын ойнату үшін файлдың тіркелу коды теледидарыңыздың DivX тіркелу кодымен бірдей болу керек.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.


2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ПАРАМЕТР** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 **Шарлау түймелерін басып, Smart Share параметріне** өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

5 Шарлау түймелерін басып, **DivX Тір. Код** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

6 Теледидардың тіркеу кодын көріңіз.



7 Аяқтағанда **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Тіркелу кодын тексеріп жатқанда, кейбір түймелер жұмыс істемеуі мүмкін.
- Басқа құрылғының DivX тіркелу кодын пайдалансаңыз, жалға алынған немесе сатып алынған DivX файлды ойната алмайсыз. Теледидарыңызға тағайындалған DivX тіркелу кодын пайдаланып жатқаныңызды тексеріңіз.
- Стандартты DivX кодегі түрлендірмеген бейне немесе аудио файлдар бүлінген болуы немесе ойнатылмауы мүмкін.
- DivX VOD коды бір тіркелгіде 6 құрылғыға дейін іске қосуға мүмкіндік береді.

DivX мүмкіндігін тіркелуді болдырмау

Барлық құрылғыларды веб-сервер арқылы тіркеуден шығаруға және құрылғылардың іске қосылуына шектеу қоюға болады.
Теледидар үшін жаңа DivX пайдаланушы идентификацияны қабылдау мақсатымен бар идентификациялық ақпаратты жою. Бұл функция бір рет орындалған жағдайда, DivX DRM файлдарын көрі үшін DivX пайдаланушы идентификациясы қайта қажет етіледі.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.


2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ПАРАМЕТР** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып, **Smart Share параметріне** өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

5 Шарлау түймелерін басып **DivX дезактивациясы** тармағына өтіңіз де, OK түймесін басыңыз.

6 Растау үшін **Иә** параметрін таңдаңыз.



7 Аяқтағанда **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.

Фотосуреттерді көру

USB сақтау құрылғысында сақталған сурет файлдарын көруге болады. Экрандағы дисплейлер үлгіге негізделіп өзгешеленуі мүмкін.

1 **Негізгі мәзірге кіру үшін** Home («Негізгі») түймесін басыңыз.


2 Шарлау түймелерін басып, **Smart Share** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен қажетті құрылғыға барып, OK түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып **Фото тізімі** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

5 Шарлау түймелерін басып қажетті қалтаға/файлға өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

6 Төмендегі мәзірлерді/түймелерді пайдалана отырып фотосуреттерді көріңіз.



Түйме	Сипаттама
Шарлау түймесі	Файлды жылжытады.
OK	Белгіленген файлды көрсетеді.
P ∧ ∨	Алдыңғы немесе келесі бетке өтеді.
Қызыл түйме	Құрылғыны өзгерту: басқа кіріске ауыстырады.
Жасыл түйме	Түбірлік қалтаға өтеді.
Сары түйме	Жоғарғы қалтаға өтеді.

7 Фотосуреттерді көргенде, келесі параметрлер қолжетімді болады.



Ерекшеліктер	Сипаттама
Слайд шоу	Слайд шоуды бастайды немесе тоқтатады. Слайд шоу кезінде ағымдағы қалтада сақталған барлық фотосуреттер көрсетіледі. Слайд шоу жылдамдығын орнату үшін Параметр тармағын таңдаңыз.
BGM (Фон музыкасы)	Фон музыкасын қосады немесе өшіреді. Фон музыкасының қалтасын орнату үшін Параметр тармағын таңдаңыз.
↻ (Айналдыру)	Фотосуреттерді сағат тілі бағытымен айналдырады (90°, 180°, 270°, 360°). **ЕСКЕРТПЕ** • Қолдау көрсетілген фотосурет өлшемі шектелген. Егер айналдырылған еннің ажыратымдылығы қолдау көрсетілген ажыратымдылық өлшемінен үлкенірек болса, фотосуретті айналдыру мүмкін болмайды.
	Фотосуреттерді толық режимде немесе бастапқы режимде көрсетеді.
ENERGY SAVING	Экранның жарықтығын арттырады немесе азайтады.
3D	3D кескіндерін көрсетеді. (Тек 3D үлгілерінде)
Ерекшеліктер	Параметр мәзірін көрсетеді (Мына бетті қараңыз:72).
Жасыру	Параметр терезесін жасырады. Параметрлерді көрсету үшін **OK** түймесін басыңыз.
Шығу	Алдыңғы мәзір экранына өтеді.

Фото тізімі үшін ЖЫЛДАМ МӘЗІР параметрлері

1 **Q. MENU** («ЖЫЛДАМ МӘЗІР») түймесін басыңыз.
Қалқымалы терезе шығады.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен қажетті опцияға өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің келесі параметрлердің біреуіне өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

Фотосурет көрінісін орнатыңыз.

Ерекшеліктер	Сипаттама
Слайд жылдамдығы	Слайд шоу жылдамдығын таңдайды (Жылдам, Орташа, Баяу).
BGM	Фон музыкасы үшін музыка қалтасын таңдайды. Қайталау немесе Кездейсоқ параметрін таңдаңыз. **ЕСКЕРТПЕ** • Фон музыкасы ойнау барысында музыка қалтасын өзгерту мүмкін болмайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Фото тізімі ішінде өзгертілген параметр мәндері Фильм тізімі және Музыка тізімі параметрлеріне әсер етпейді.
- Фото тізімі және Музыка тізімі ішінде өзгертілген параметр мәндері Фото тізімі мен Музыка тізімі ішінде өзгереді, ал Фильм Тізімі ішінде өзгермейді.

Бейне орнатыңыз.

Бейне параметрлерін өзгертуге мүмкіндік береді. («СУРЕТ параметрлері» бөлімін қараңыз.)

Аудио орнатыңыз.

Аудио параметрлерін өзгертуге мүмкіндік береді. («АУДИО параметрлері» бөлімін қараңыз)

Музыка тыңдау

1 **Негізгі мәзірге кіру үшін** Home («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерін басып, **Smart Share** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен қажетті құрылғыға барып, OK түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып **Музыка тізімі** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

5 Шарлау түймелерін басып қажетті қалтаны немесе файлды таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

6 Төмендегі мәзірлерді/түймелерді пайдалана отырып музыканы ойнатыңыз.



Түйме	Сипаттама
Шарлау түймесі	Файлдар арасында жылжиды.
OK	Бөлектелген файлды ойнатады.
P ∧ ∨	Алдыңғы немесе келесі бетке өтеді.
Қызыл түйме	Құрылғыны өзгерту: басқа кіріске ауыстырады.
Жасыл түйме	Түбірлік қалтаға өтеді.
Сары түйме	Жоғарғы қалтаға өтеді.
Көк түйме	Музыка ойнатқышын ашады. Ол музыканы ойнату кезінде қосылады.

7 Ойнатуды төмендегі түймелер көмегімен басқарыңыз.



Түйме	Сипаттама
■	Ойнатуды тоқтатады.
▶	Музыка файлын ойнатады.
II	Ойнатуды кідіртеді немесе жалғастырады.
◀◀	Алдыңғы файлға өткізеді.
▶▶	Келесі файлға өткізеді.
< >	Жүгіргіні көрсетеді.
e (ENERGY SAVING («ҚУАТТЫ ҮНЕМДЕУ»))	Экранның жарықтығын арттырады немесе азайтады.
Q.MENU («ЖЫЛДАМ МӘЗІР»)	Параметр мәзірін көрсетеді (Мына бетті қараңыз:74).
BACK («КЕРІ»)	Параметр терезесін жасырады. Параметрлерді көрсету үшін **OK** түймесін басыңыз.
EXIT («ШЫҒУ»)	Алдыңғы мәзір экранына өтеді.

Музыка файлдарын ойнату бойынша кеңестер

- Бұл құрылғы ID3 тегі ендірілген MP3 файлдарды қолдамайды.

Музыка тізімі үшін Q.MENU («ЖЫЛДАМ МӘЗІР») параметрлері

1 **Q. MENU** («ЖЫЛДАМ МӘЗІР») түймесін басыңыз.
Қалқымалы терезе шығады.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен қажетті опцияға өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің келесі параметрлердің біреуіне өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Фильм тізімінде өзгертілген параметр мәндері Фото тізіміне және Фильм тізіміне әсер етпейді.
- Фото тізімі мен Музыка тізімінде өзгертілген параметр мәні Фото тізімі мен Музыка тізімінде де өзгереді.

Аудио ойнатуды орнатыңыз.

Қайталау немесе Кездейсоқ параметрін таңдаңыз.

Аудио орнатыңыз.

Аудио параметрлерін өзгертуге мүмкіндік береді. («АУДИО параметрлері» бөлімін қараңыз)

ЕСКЕРТПЕ

- ТД көшіруден қорғалған файлдарды ойнатпайды.
- Егер ойнату кезінде ТД біраз уақыт бойы пайдаланылмаса, суреттің күюін болдырмау үшін экран сақтағышы ретінде ақпараттық жолақ пайда болады.
Музыка тізімі экранына қайту үшін **OK** түймесін басыңыз.



Мультимедиалық сілтеме функциясы

Мультимедиалық сілтеме бағдарламасы Plex Media Server серверіне қосылуға мүмкіндік береді. Plex Media Server серверін www.plexapp.com веб-торабынан тегін жүктеп алуға болады. Бұл мультимедиа файлдарын ойнатуға және Plex қолданбаларын жүктеп алуға мүмкіндік береді. Plex қолданбалары компьютерге жүктеледі және теледидар жадында орнын алмайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Mac немесе PC компьютерге PLEX Media Server серверінің 0.9.1.14 немесе одан кейінгі нұсқасын жүктеу ұсынылады. (Орнату файлын http://www.plexapp.com/medialink торабынан жүктеп алыңыз)
- Графикалық пайдаланушы интерфейсі ағылшын тілінде көрсетіледі және келесі тілдер пайдаланылғанда тасымалданған деректер көрсетілмейді: тай, араб, парсы, иврит, күрд.
- Бейне қондырмасын пайдаланғанда, теледидар ойнатылатын файл пішіміне қолдау көрсетпесе, алдымен түрлендіру жасау үшін бірнеше минут уақыт кетіп, компьютерден файл пішімін өзгерту қажет болуы мүмкін. Түрлендіру жасау жылдамдығы компьютердің өнімділігіне және желі жылдамдығына байланысты әр түрлі болады.
- Компьютерде сақталған файлдарды ойнатқанда (фильмдер, ТД шоулар, музыка), қолдау көрсетілетін пішімдер DLNA функциясы арқылы қолданылатын пішімдермен бірдей болады. Музыканы ойнату кезінде келесі элементке өту функциясы істемейді. (DLNA үшін де солай)
- HD пішіміндегі фильмдерді Wi-Fi арқылы ойнату кезінде желінің жабылып қалуынан ыңғайсыздық туындауы мүмкін.
- Маршуртизаторды пайдаланғанда, ондағы орнатылған параметрлеріне байланысты теледидар компьютерді таппауы мүмкін. (Мысалы, кейбір маршрутизаторларда топтық тарату функциясы пайдаланылғанда, теледидар компьютерлерді Wi-Fi арқылы анықтамауы мүмкін.)
- Мультимедианың пішіміне байланысты кейбір қондырмалар істемеуі мүмкін.
- Қондырмалар өзгертілуі және провайдердің шешімі бойынша, алдын ала ескертусіз жұмысын тоқтатуы мүмкін.

Мультимедиалық сілтеме байланысы

1 Теледидарды үй желісіне қосу керек. Сымды немесе сымсыз қосу әдісін пайдаланыңыз. (Мына бетті қараңыз:45 - 51).

2 PLEX қондырмасын http://www.plexapp.com/medialink веб-торабынан жүктеп алуға болады.

- Оны орнату туралы қосымша ақпарат алу үшін, жоғарыда көрсетілген веб-торапқа өтіңіз.

3 PLEX серверін бірінші рет іске қосқанда, шебер бағдарламаны орнату қадамдары бойынша нұсқау береді.


- Шеберді пайдалану туралы қосымша ақпарат алу үшін, жоғарыда көрсетілген веб-торапқа өтіңіз.

Мультимедиалық сілтеме функциясын пайдалану

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **HOME** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерін пайдаланып **Мультимедиалық сілтеме** тармағына өтіп, содан соң **OK** түймесін басыңыз..

3 Жалғанған компьютердің мультимедиалық сілтеме бөлімдері көрсетіледі. Сол жердегі ортақ пайдаланылатын мультимедиа құрылғысын көру үшін, белгішені басыңыз.



Ерекшеліктер	Сипаттама
❶	Бұл қосылған компьютердегі орнатылған санаттар тізімі.
❷	Бұл Интернеттегі мазмұнға арналған қондырмалардың тізімі.
❸	Бөлімдердің сұрыпталуын өзгерту. - Сервердің атауы бойынша: тізімді сервер атауы бойынша сұрыптау. - Элемент атауы бойынша: тізімді элемент атауы бойынша сұрыптау.
❹	Басқа құрылғыны таңдаңыз.
❺	PLEX қызметін желіде пайдалану арқылы компьютерге қолданбаларды орнатуға, жоюға немесе жаңартуға болады.
❻	Алдыңғы бетке өтіңіз.
❼	Мультимедиалық сілтеме функциясын жабыңыз.


Фильмдер көру

Мультимедиалық сілтеме қызметі ортақ фильмдердегі ақпаратты төменде көрсетілгендей шығарып алады.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **HOME** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерін пайдаланып **Мультимедиалық сілтеме** тармағына өтіп, содан соң **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерін пайдаланып «Video» (Бейне) тармағына өтіп, содан соң **OK** түймесін басыңыз.



Ерекшеліктер	Сипаттама
❶	Таңдалған фильм ақпаратын көрсету.
❷	Фильм файлынан түсірілген суреттерді көрсету.
❸	Бөлімнің ішінен фильмдерді іздеу.
❹	Тізімді таңдалған сүзгі бойынша көрсету.
❺	Фильмді толық экран режимінде көрсету үшін таңдау. Фильм бұрын ойнатылған болса, соңғы қойылымынан жалғастыруға болады.
❻	Алдыңғы бетке өтіңіз.
❼	Мультимедиалық сілтеме функциясын жабыңыз.


Музыка бөлімін пайдалану

Музыка бөлімінде орнатылған музыка файлдарының мәліметтерін көруге және оларды тыңдауға болады.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **HOME** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерін пайдаланып **Мультимедиалық сілтеме** тармағына өтіп, содан соң **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерін пайдаланып «Music» (Музыка) тармағына өтіп, содан соң **OK** түймесін басыңыз.



Ерекшеліктер	Сипаттама
❶	Таңдалған бөлімдегі музыка файлдарын орындаушы > альбом > әннің аты реті бойынша сұрыптаңыз.
❷	Қалтаны немесе әнді таңдаңыз.
❸	Таңдалған музыканың орындаушысын, альбомын және басқа мәліметтерін көрсету.
❹	Бөлімнің ішінен музыка файлдарын іздеу.
❺	Тізімді таңдалған сүзгі бойынша көрсету.
❻	Алдыңғы бетке өтіңіз.
❼	Мультимедиалық сілтеме функциясын жабыңыз.

Теледидар бағдарламасы бөлімін пайдалану

Музыка бөлімінде орнатылған музыка файлдарының мәліметтерін көруге және оларды тыңдауға болады.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **HOME** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерін пайдаланып **Мультимедиалық сілтеме** тармағына өтіп, содан соң **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерін пайдаланып «TV Show» (ТД шоу) тармағына өтіп, содан соң **OK** түймесін басыңыз.



Ерекшеліктер	Сипаттама
❶	Таңдалған бөлімдегі теледидар бағдарламалары файлдарын бағдарламаның атауы > бөлімі > сериясы реті бойынша сұрыптаңыз.
❷	Қалтаны немесе бағдарламаны таңдаңыз.
❸	Таңдалған бағдарламаның ақпаратын көрсету.
❹	Бөлімнің ішінен теледидар бағдарламаларын іздеу.
❺	Тізімді таңдалған сүзгі бойынша көрсету.
❻	Алдыңғы бетке өтіңіз.
❼	Мультимедиалық сілтеме функциясын жабыңыз.


Қондырмаларды орнату

Мультимедиалық сілтеме қызметі мультимедиалық мазмұнды вебтен көру және тыңдау үшін қондырмаларды орнатуға мүмкіндік береді.

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **HOME** түймесін басыңыз.

2 Press the Navigation buttons to scroll to the **Мультимедиалық сілтеме** and press **OK**.

3 PLEX қызметін желіде таңдау үшін сары түймені басыңыз.



Ерекшеліктер	Сипаттама
❶	Қондырма ақпаратын оң жақ аумақта көру үшін жүгіргіні қондырмаға жылжытыңыз. Бұрыннан орнатылған қондырмалар: оларды іске қосуға, жаңартуға, қайта орнатуға немесе жоюға болады. Әлі орнатылмаған қондырмалар: оларды орнатуға болады. Орнатылғаннан кейін қондырманы Media Link (Мультимедиалық сілтеме) басты экранынан Video (Бейне), Music (Музыка) немесе Picture (Сурет) қондырмасын таңдау арқылы іске қосуға болады.
❷	Орнатуға болатын қондырмалардың тізімі.
❸	Алдыңғы бетке өтіңіз.
❹	Мультимедиалық сілтеме функциясын жабыңыз.

DVR функциясы

(Бұл функция таңдаулы елдердегі шектеулі үлгілерде ғана болады. DVR жазатын үлгілердің қашықтан басқару құралдарында REC түймесі бар.)

USB құрылғысын пайдаланғанда қадағаланатын сақтық шаралар


ЕСКЕРТПЕ

- Тек USB жад құрылғысы танылады.
- USB жад құрылғысы USB хабы арқылы жалғанған болса, құрылғы танылмайды.
- Автоматты түрде тану бағдарламасын пайдаланатын USB сақтау құрылғысы танылмауы мүмкін.
- Өз драйверін қолданатын USB жад құрылғысы танылмауы мүмкін.
- Бірнеше бөлім немесе картаны оқу құрылғысы болса, бір мезгілде төрт жад картасы танылады.
- USB дерек сақтау құрылғысын тану жылдамдығы құрылғыға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Жалғанған USB дерек сақтау құрылғысы жұмыс істеп тұрғанда теледидарды өшірмеңіз немесе USB құрылғысын ажыратпаңыз. Осындай құрылғы кенет ажыратылғанда немесе суырылғанда, сақталған файлдар немесе USB сақтау құрылғысы зақымдануы мүмкін.
- Сыртқы қуат көзін қажет ететін USB сақтау құрылғысын қуат көзіне жалғаңыз. Әйтпесе құрылғы танылмауы мүмкін.
- USB сақтау құрылғысын USB өндірушісі ұсынған кабельмен жалғаңыз. Егер USB өндірушісі ұсынбаған немесе тым ұзын кабельмен жалғанған болса, құрылғы танылмауы мүмкін.
- Кейбір USB сақтау құрылғыларына дұрыс қолдау көрсетілмеуі немесе олар жақсы жұмыс істемеуі мүмкін.
- ТД файлдар атауының 128-ге дейін таңбасын көрсетеді.
- Маңызды файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз, өйткені USB құрылғыдағы деректер зақымдалуы мүмкін. Деректерді басқару – тұтынушының жауапкершілігі және осы себепті өндіруші деректердің бүлінуін қамтымайды.
- Сыйымдылығы 40 Гб немесе одан көп және 1 Тб немесе одан аз USB қатты дискісін пайдалану ұсынылады.
- Көлемі ұсынылғаннан жоғары болатын кез келген құрылғы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Жоғары жылдамдықтарды қолдамайтын USB байланысы арқылы ойнатылғанда, бейне ойнатылмауы мүмкін.
- USB 2.0 нұсқасынан төмен USB жад құрылғыларына да қолдау бар. Бірақ ол фильмдер тізімінде дұрыс істемеуі мүмкін.
- HDD дискісінің біркелкі әрекетін қамтамасыз ету мақсатында HDD дискісінің тірегін пайдалана отырып сыртқы HDD дискісінің тұрақтылығын сақтаңыз.
- HDD дискісінің тірек құралдары – HDD өнімділігін, оқу/жазу жылдамдығын, қатынасу уақытын, тұрақтылығын тексеру. HDD тексеру құралын жүктегеннен кейін оны веб-торапта іздеу және оңай пайдалануға болады.
- DVR USB қатты дискісі тек SSD немесе HDD диск түрлерін қолдайды. (USB жадына қолдау көрсетілмейді.)
- SSD (қатты күйдегі жинағы) шектеулі жазу/жою циклдары бар. Бұл өнім үшін HDD (қатты дискі) ұсынылады.

Timeshift (ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДІ КІДІРТУ НЕМЕСЕ ҚАЙТА ОЙНАТУ)

Бұл функция құрылғыға тікелей эфирді автоматты түрде жазуға және оны кез келген уақытта көруге қол жетімді етуге мүмкіндік береді.
Timeshift қосулы болғанда, ешбір тікелей таратуды өткізіп алмастан қалыпты ТД көрінісін кідіртуге және кері айналдыруға болады.
Сигнал күші әлсіз болса, Timeshift және жазу функциялары жұмыс істемеуі мүмкін.
Бұл функция тек USB құрылғы баптандырылғаннан кейін жұмыс істейді.

USB жад құрылғысын қосу



1 USB құрылғыны ТД бүйіріндегі **USB IN 1/ HDD IN** ұяларына қосыңыз.

2 USB құрылғыны (40 ГБ-тан аса) DVR үшін пайдалану үшін USB құрылғысын баптандыруды орындаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Ол DVR үшін диск режимі ретінде USB портқа қосылған HDD дискіні баптандырады.
- Ол тек DVR үшін қол жетімді USB HDD дискісі қосылғанда іске қосылады.
- USB құрылғысын баптандыру орындалғанда, USB құрылғысында сақталған барлық деректер жойылады.
- USB құрылғысын баптандыруды орындағанда, USB құрылғыны алмаңыз. Ол ТД және сақтау құрылғысында қате тудыруы мүмкін.

USB құрылғысын баптандыру



1 USB құрылғыны баптандыру үшін DVR үшін пішімделмеген USB құрылғыны қосыңыз және **REC** («ЖАЗУ») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесіне өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.


3 Шарлау түймелерін басып, **Қосу** немесе **Сөндіру** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Баптандыру аяқталғанда, аяқтау туралы қалқымалы ескерту көрсетіледі және қосылған USB HDD дискі DVR үшін қол жетімді болады.
- USB құрылғының сыйымдылығына байланысты баптандыру уақыты өзгеріп отырады.
- Компьютер баптандырылған USB құрылғыны танымады.
- 40 ГБ-тан азырақ USB құрылғы қосылғанда, USB құрылғысын баптандыру іске қосылмайды.
- Сақтық көшірме жасау үшін қолдау көрсетілетін максималды сыртқы HDD өлшемі – 1 ТБ.

Пайдалану барысында Timeshift режимінің өзгеруі

DVR



1 USB құрылғысын қосқаннан кейін **OK** түймесін басыңыз.

2 Сары түймені басып DVR параметр мәзірін көрсетіңіз және **Q.MENU** («ЖЫЛДАМ МӘЗІР») түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерін басып, **Timeshift Mode** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып, **Қосу** немесе **Сөндіру** параметріне өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

5 Аяқтағанда, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

Мәзір	Сипаттама
Жазылған тізім	**Recorded List** тармағына өтеді.
Кесте тізімі	**Кесте тізімі** тармағына өтеді.
Күні бойынша кестені таңдау	**Кесте** тармағына өтеді.
Бағдарлама бойынша кесте таңдау	Таймер жазуын бағдарламалар нұсқаулығына өту арқылы орнатыңыз.

Пайдалану кезінде USB құрылғысын қайта баптандыру

DVR


1 USB құрылғысын қосқаннан кейін **OK** түймесін басыңыз.

2 Сары түймені басып DVR параметр мәзірін көрсетіңіз және **Q.MENU** («ЖЫЛДАМ МӘЗІР») түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерін басып, **USB құрылғысын баптандыру** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

4 Аяқтағанда, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

Timeshift орындалу барысы



1 USB құрылғысын қосқаннан кейін **OK** түймесін басыңыз.

- Timeshift іске қосылғаннан кейін экранның төменгі жағында ағымдағы жазу күйін көрсететін орындалу барысының жолағы көрсетіледі.
- Ол «Орындалу барысының жолағын» жасыру үшін **BACK («КЕРІ»)** түймесін немесе «Орындалу барысының жолағын» көрсету үшін **OK** түймесін басыңыз.
- Бұл функция Timeshift орындалып жатқан бағдарлама өзгерсе де сақталады.

«Орындалу барысы жолағы»?
Бұл функция қай Timeshift тексеруі мүмкін екенін, ағымдағы экрандағы және тікелей тарату орнын көрсетеді.

1. Алдын ала қарау
2. Ойнатудағы ағымдағы орын және орындалу барысының уақыты
3. Timeshift жалпы орындалу барысының уақыты

- Ойнату
- Жылдам алға айналдыру
- Кері айналдыру
- Тоқтата тұру
- Тікелей қарау +
- Тікелей қарау -
- Бір экран бойынша
- Баяу ойнату

ЕСКЕРТПЕ

- Қатты дискінің бос орнын үнемдеу үшін сигнал болмағанда ештеңе сақталмайды.
- Timeshift функциясын ең көбі 2 сағат пайдалануға болады.
- Жазып алу кезінде бағдарламаны өзгертуді немесе кірісті түрлендіруді орындай алмайсыз.
- Қуатты қосқанда, қатты дискіні баптандыру ең көбі 3 минутқа дейін алуы мүмкін.
- Бағдарламаны жазу немесе жазылған бағдарламаны ойнату көшіруден қорғалған бағдарлама үшін баптандырылмауы мүмкін.
- Лездік жазу уақыты 3 сағат деп, ал максималды қолдау көрсетілетін уақыт 5 сағатқа дейін орнатылады.
- Нобай 18 минуттан ұзағырақ жазбалар үшін 3 минут сайын және 18 минуттан қысқарақ жазбалар үшін 1-3 минут сайын жасалады.
- Бір экранда 6-ға дейін нобайлар жасалады.
- DVR – DTV арнасында қол жетімді.
- Радио немесе спутник бағдарламаларын я болмаса кейбір ақылы бағдарламаларды жазу мүмкін емес.
- 3D пішіміндегі DTV бағдарламаларын жазып алып, тамашалауға болады.

Timeshift барысында ойнату

Timeshift ойнату барысында төмендегі параметрлер қолжетімді.

Қашықтан басқару құралын пайдалану

Timeshift барысында уақытша сақталған бөлікті әртүрлі әдістермен ойнатуға болады.

Түйме	Сипаттама
◀◀ ▶▶	Ойнату кезінде, тездету үшін **REW** («Артқа бұрау») (◀◀) немесе **FF** («Алдыға бұрау») (▶▶) түймесін қайта-қайта басыңыз. - Түймені басқан сайын іздеу жылдамдығы деңгей бойынша өзгереді (4 деңгейге дейін).
II ▶▶	Ойнату кезінде Тоқтата тұру (**II**) түймесін басыңыз. - Кідірту экраны көрсетіледі. - Кідірту экранында Кідірту (**II**) түймесін басқан сайын, ол экраннан экранға жылжиды (II▶). - Тоқтата тұру (**II**) түймесін басыңыз, содан кейін баяу қозғалыс үшін (▶▶) түймесін пайдаланыңыз (I▶).
< >, OK	Ойнату кезінде жүгіргіні шарлау (**< >**) түймесі көмегімен жылжытып, содан кейін **OK** түймесін басса, экран тікелей жүгіргі орналасқан экранда ойнатылады. (↷, ↶)
LIVE TV («ТІКЕЛЕЙ ЭФИР»)	Ағымдағы тікелей таратуды көру үшін ойнату кезінде **LIVE TV («ТІКЕЛЕЙ ЭФИР»)** түймесін басыңыз.

ЖАЗУ

Бұл функцияны үйде болмағандықтан қалаған бағдарламаны көре алмағанда пайдаланыңыз.


Start/Stop record

Сіз көріп жатқан бағдарламаны жазып ала аласыз.

Жазуды бастау

1 Жазуды бастау үшін **REC («ЖАЗУ»)** түймесін басыңыз.

Жазуды тоқтату



1 Жазуды тоқтату үшін **REC («ЖАЗУ»)** түймесін басыңыз.


2 Шарлау түймелерін басып, **Жазуды тоқтату** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Сондай-ақ, **STOP** («ТОҚТАТУ») (■) түймесін басу арқылы жазуды тоқтатуға болады.

Қазақша

Жазудың аяқталу уақытын өзгерту



1 Жазу үшін **REC** («ЖАЗУ») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерін басып, **Жазуды аяқтау уақытын өзгерту** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерін басып, жазудың аяқтау уақытын орнатыңыз да**, OK** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Жазып жатқанда, бар сақтау кеңістігі жеткіліксіз болса, жазу автоматты түрде тоқтатылады.
- 10 секундтан азырақ жазбалар сақталмайды.
- Жазудың қол жетімді уақыты – максимум 5 сағат.
- Таратылымдарды жазғанда, қатты дискінің орнын үнемдеу үшін сигнал болмаса, деректер сақталмайды.
- Жазу функциясы көшіруден қорғалған бағдарлама үшін бапталмайды.
- Көрсетілген уақыт нақты уақыттан сәл өзгешеленуі мүмкін.
- Сигнал болмағанда немесе фильм көзі қаралып жатқанда, көрсетілген уақыт нақты уақыттан біраз өзгешеленуі мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Таратылатын материалдар авторлық құқықпен қорғалады және кейбір материалды тек авторлық құқық иесінің рұқсатымен жазып алуға және ойнатуға болады.
- Осы рекодермен жазып алынатын дыбыстар мен бейнелер тек жеке пайдалануыңызға арналған. Оларды басқа адамдарға сатуға, пайдалануға беруге немесе жалға беруге болмайды.

ЖОСПАРЛАУ

Қол таймері

Бұл функцияны резервтік жазу үшін тіркеу оңай. Таймер жазуы орнатылды.



1 USB құрылғысын қосқаннан кейін **OK** түймесін басыңыз.

2 Сары түймені басыңыз**.**

3 Шарлау түймелерін басып, **Күні бойынша кестені таңдау** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып, күнді таңдауға өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.


5 Шарлау түймелерін басып, қайталау параметрін таңдауға өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.


6 Шарлау түймелерін басып орнатылған тізім түріне, уақытқа және бағдарламаға өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

7 Аяқтағанда, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

Кесте тізімі

Бұл функция жоспарланған бағдарламаны көрсету үшін пайдаланылады. 30 бағдарламаны сақтауға болады.





1 USB құрылғысын қосқаннан кейін **OK** түймесін басыңыз.

2 Сары түймені **басыңыз.**

3 Шарлау түймелерін басып, **Кесте тізімі** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып қалаған бағдарламаны таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.


5 Аяқтағанда, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.

Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

Мәзір	Сипаттама
Өзгерту	**Start date/Start time/End time/ Title/Repeat** мазмұнын өңдеңіз. Өңделген мазмұнды сақтау үшін **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз. Бұл мүмкіндік сақталған еске салуда өшіріледі.
Жою	Таңдалған элементті тізімнен жояды.
Барлығын өшіру	Тізімдегі барлық элементтерді жояды.
Жабу	Қалқымалы мәзірді жабады.

Тізім баптандыруын жасау

Бұл функция кесте тізімін қалпына келтіреді.



1 USB құрылғысын қосқаннан кейін **OK** түймесін басыңыз.

2 Сары түймені басып DVR параметр мәзірін көрсетіңіз және **Q.MENU («ЖЫЛДАМ МӘЗІР»)** түймесін басыңыз.


3 Шарлау түймелерін басып, **Тізім баптандыруын жасау** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесіне өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз. Тізім баптандыруын жасау бастаңыз.

5 Аяқтағанда, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

Бағдарлама нұсқаулығы

Бұл функцияны резервтік жазу үшін тіркеу оңай. («ЭБН» бөлімін қараңыз).





1 USB құрылғысын қосқаннан кейін **OK** түймесін басыңыз.

2 Сары түймені **басыңыз.**

3 Шарлау түймелерін басып, **Бағдарлама бойынша кесте таңдау** тармағына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерін басып, бағдарламаны таңдаңыз, сөйтіп **OK** түймесін басыңыз.

5 Аяқтағанда, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.

Алдыңғы мәзірге қайтқан кезде **АРТҚА** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Көшіруден қорғалған бағдарламаларды жазу мүмкін емес.


> Авторлық құқығы қорғалған бағдарлама: жазылмады.


- Нашар сапалы сыртқы көз жазылғанда, жазудың сапасы оптималды болмайды.
- Қолмен жазудың қол жетімді уақыты – максимум 5 сағат және минимум 2 минут.
- Тарату станциясы қате уақыт туралы ақпаратты жібергенде, резервтелген жазу орындалмауы мүмкін.
- Қосу уақыты және резервтелген жазу үшін бір уақытта әр түрлі бағдарламалар орнатылған болса, бұл ТД резервтелген жазу бағдарламасында іске қосылады.
- Егер жазу кезінде қуатты өшірсеңіз, жазып жатқан бағдарлама сақталмауы мүмкін. Сондықтан **STOP** («ТОҚТАТУ») (■) түймесін басып, резервтелген/жазылған тізімін тексеріп, содан кейін қуатты өшірген жөн.
- Жазуды 10 секундтан азырақ кезең үшін резервтеу мүмкін емес.
- Жазу/еске салу үшін бағдарламаның тақырыбы және уақыты тарату станциясынан жіберілетін ақпаратқа негізделетіндіктен, олар тарату станциясының орналасуына байланысты нақтылардан өзгешеленуі мүмкін.
- Кіріс сигналдың ажыратымдылығына немесе USB HDD сыйымдылығына байланысты жазу уақыты өзгешеленуі мүмкін.
- Резервтелген жазудың басталу уақыты келгенде және ТД қуаты өшірілгенде, ТД жазуға қажет бөліктің қуатын қосады да, резервтеуге өтеді.
- Резервтелген жазудың басталу уақыты келгенде және бірден жазу орындалып жатқанда, қазіргі уақытта жазылып жатқан бағдарламаны жазу тоқтатылады және сақталады, содан кейін резервтелген жазуға өтеді.
- Егер ТД ажыратылса немесе өшірілсе, резервтелген жазу жұмыс істемейді.

ЖАЗЫЛҒАН ТД

Жазылған бағдарламалар тізімін бірден көруге болады.
Жазылып, USB құрылғысында сақталған бағдарламаны қосуға болады.

Жазылған ТД тізімі





1 USB құрылғысын қосқаннан кейін **OK** түймесін басыңыз.

2 Жасыл түймені басып **Recorded List** тармағын таңдаңыз**.**

3 Жазылған бағдарламаны таңдау үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.


4 Аяқтағанда, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.

Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK** («КЕРІ») түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Дискіде жарамсыз секторлар болса, жазу тізімінің кейбір немесе барлық элементтері жойылуы мүмкін.
- Recording list ішіндегі жазбалардың ең үлкен саны — 200. Recording list ішіндегі жазбалардың саны 200-ге жеткенде, басқа жазбаларды жаз мүмкін болмайды.
- Жазбаның толық ұзақтығы ойнатылғанда, экран тоқтатылған күйде 10 секунд бойы қалады да, ойнатуды автоматты түрде тоқтатады.
- Жазбаны тіпті жазу/резервтік жазу кезінде ойнатуға болады.
- Жазбаны ойнату кезінде қатты диск белгілі бір шу деңгейін тудыруы мүмкін.
- Бұл шу өнімділікке және өнімнің сенімділігіне қатысты емес және қатты дискіде белгілі бір шу деңгейінің болуы — қалыпты жағдай.
- Авторлық құқық заңына сәйкес, басқа теледидарда жазылған бағдарлама ойнатылмайды. Басқа теледидарда жазылған бағдарламаны ойнатуға әрекет жасасаңыз, қара экран көрсетіледі.

Белгілеу күйі



1 USB құрылғысын қосқаннан кейін **OK** түймесін басыңыз.

2 Жасыл түймені басып **Recorded List** тармағын таңдаңыз**.**

3 Қалаған жазылған бағдарламаны белгілеу үшін **FAV («ТАҢДАУЛЫ»)** түймесін басыңыз.


4 Қалаған жазылған бағдарламаны таңдау үшін Шарлау түймелерін басыңыз.

5 Белгіленген жазылған бағдарламаны ойнату үшін Сары түймені басыңыз.

Түйме	Сипаттама
Қызыл түйме	**Барын белгілемеуI**: белгіленген жазылған бағдарламаларды белгіленбеген жазылған бағдарламаларға өзгертеді.
Жасыл түйме	**Барын белгілеу**: тізімдегі барлық жазылған бағдарламаларды белгілейді.
Сары түйме	**Белгіленгенді ойнату**: бірінші таңдалған файлды ойнатады. Жазылған бағдарламаларды ойнату аяқталғанда, келесі таңдалғаны автоматты түрде ойнатылады.
Көк түйме	**Белгіленгенді жою**: белгіленген жазылған бағдарламаларды жояды.
FAV («ТАҢДАУЛЫ»)	Белгілеу күйінен шығады.

Жазылған бағдарламаларды ойнату

Жазылған тізімнен таңдалған бағдарламаны ойнатуға болады.



1 USB құрылғысын қосқаннан кейін **OK** түймесін басыңыз.

2 Жасыл түймені басып **Recorded List тармағын таңдаңыз.**

3 Жазылған бағдарламада Шарлау түймелерін, содан кейін **OK** түймесін басыңыз.

4 Жасыл түймені басып, **Параметр** тармағын таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

5 Аяқтағанда, **EXIT («ШЫҒУ»)** түймесін басыңыз.

Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **BACK («КЕРІ»)** түймесін басыңыз.

Мәзір	Сипаттама
Алдыңғы уақытта ойнатыңыз.	Ойнатуды алдыңғы тоқтатылған нүктеде жалғастырады.
Басынан ойнату	Таңдалған жазылған бағдарламаларды ойнатады.
Атын өзгерту	Бағдарламаның атын өзгерту.
Жою	Бағдарламаны жояды.

«Орындалу барысы жолағы»?

Бұл функция қай жазылған бағдарламаны қарап шығу мүмкін екенін, ағымдағы экрандағы және тікелей таратудағы орынды көрсетеді.

1. Алдын ала қарау
2. Ойнатудағы ағымдағы орын және орындалу барысының уақыты
3. Жазылған бағдарлама жалпы орындалу барысының уақыты

- Ойнату
- Жылдам алға айналдыру
- Кері айналдыру
- Тоқтата тұру
- Тікелей қарау +
- Тікелей қарау -
- Бір экран бойынша Баяу ойнату
- (Көк) Қайталауды бастау аралығы
- (Сары) Бөлікті өңдеуді бастау аралығы
- (Көк) Қайталауды тоқтату аралығы
- (Сары) Бөлікті өңдеуді тоқтату аралығы
- Қайталау аралығы

Қашықтан басқару құралын пайдалану


Жазылған бағдарламаны ойнату барысында әртүрлі әдістерді реттеуге болады.

Түйме	Сипаттама
◀◀ ▶▶	Ойнату кезінде, REW (◀◀) немесе FF (▶▶) түймесін қайта-қайта басыңыз. - Түймені басқан сайын іздеу жылдамдығы деңгей бойынша өзгереді (4 деңгейге дейін).
Жасыл түйме	**Параметр**: Жазылған файлдар үшін бейне және аудио параметрлерін енгізу үшін Жасыл түймені басыңыз.
Сары түйме	**Бөлікті өңдеу:** Аралық бөлікті өңдеуді орнату керек басталу нүктесінде Сары түймені басыңыз да, аяқталу нүктесінде оны қайтадан басыңыз. Сақтау үшін «Иә» параметрін таңдаңыз. - Экранның төменгі жағындағы жазудың орындалу барысы жолағында аралық бөлікті өңдеу A ретінде және аралық бөлікті өңдеудің соңы B ретінде көрсетіледі. Аралық бөлікті өңдеудің басы мен соңын алға және артқа бағыттың екеуінде де орнатуға болады. - 10 секундтан аз аралықты орнату мүмкін емес.
Көк түйме	**Қайталау**: Аралықты қайталау керек басталу нүктесінде Көк түймесін басыңыз да, аяқталу нүктесінде қайтадан басыңыз. Аралық қайталау үшін ойнатуды болдырмау үшін Көк түймені тағы бір рет басыңыз. - Экранның төменгі жағындағы жазудың орындалу барысы жолағында аралық қайталаудың басталуы A ретінде және аралық қайталаудың соңы B ретінде көрсетіледі. Аралық қайталаудың басталу және аяқталу нүктесін алға және артқа бағыттың екеуінде де орнатуға болады. - 10 секундтан азырақ аралықты орнату мүмкін емес. - Аралықты қайталаудан бас тартылғанда, ол аралықтың аяқталу нүктесінен қалыпты ойнатуға оралады.
II ▶▶	Ойнату кезінде Тоқтата тұру (II) түймесін басыңыз. - Кідірту экраны көрсетіледі. - Кідірту экранында Кідірту (II) түймесін басқан сайын, ол экраннан экранға жылжиды (II▶). - Тоқтата тұру(II) түймесін басыңыз, содан кейін баяу қозғалыс үшін FF (▶▶) түймесін пайдаланыңыз (I▶). - Кідіртуден 10 минуттан кейін ешбір түймені баспасаңыз, ол ойнатуға оралады.
< >, OK	Ойнату кезінде жүгіргіні шарлау (< >) түймесін басып жылжытқанда, содан кейін **OK** түймесін басқанда, экран тікелей жүгіргі орналасқан жерге ойнатады.
3D	3D бейнесін көру үшін пайдаланылады (тек 3D үлгілерінде).

Қазақша

ЭБН (Электрондық бағдарлама нұсқаулығы) функциясы (сандық режимде)

Жүйенің мүмкін барлық көру опциялары ішінде жылжуға көмектесетін электрондық бағдарлама нұсқаулығы (ЭБН) бар.
ЭБН бағдарлама тізімдері, барлық қолжетімді қызметтердің басталу және аяқталу уақыты сияқты ақпаратты көрсетеді. Оған қоса, ЭБН-да көбіне бағдарлама туралы толық ақпарат та болады (осы бағдарлама туралы мәліметтердің қолжетімділігі мен мөлшері хабар тарату компаниясына тәуелді).
Бұл функцияны хабар тарату компаниялары ЭБН ақпаратын таратқанда ғана пайдалануға болады.
ЭБН функциясын пайдалану үшін, алдымен **Уақыт** мәзіріндегі Сағат параметрін орнату керек.
ЭБН 8 күнге арналған бағдарлама мәліметтерін көрсетеді.



- Ағымдағы бағдарлама ақпаратын көру үшін, **АҚПАРАТ** түймесін басыңыз.

	ТД немесе СТД бағдарламасымен көрсетіледі.
	Радио бағдарламасымен көрсетіледі.
MHEG	MHEG бағдарламасымен көрсетіледі.
HE-AAC	HE-AAC бағдарламасымен көрсетіледі.
4:3	Таратылатын бағдарламаның қатынас коэффициенті.
16:9	Таратылатын бағдарламаның қатынас коэффициенті.
	Телемәтін бағдарламасымен көрсетіледі.
	Субтитр бағдарламасымен көрсетіледі.
	Шифрланған бағдарламамен көрсетіледі.
D	Dolby Digital бағдарламасымен көрсетіледі.
D+	Dolby Digital PLUS бағдарламасымен көрсетіледі.
576i/p, 720p, 1080i/p	Таратылатын бағдарламаның ажыратымдылығы.
	Ақпаратына байланысты белгішесі бар таратылатын бағдарлама Монитор шығысы тармағында көрсетілмеуі мүмкін.
APP	MHP Бағдарламасы арқылы көрсетіледі.
>	Келесі бағдарламаның ақпаратын көрсетеді.
^ v	Басқа бағдарламалардың ақпаратын көрсетеді.



OK	**Жазу**: жазу параметрлерінің қалқымалы терезесі шығады. **Еске салу**:сақталған.
^ v	Таймермен жазу/еске салу параметрі режимін таңдайды.

ЭБН-ды қосу/өшіру

1 ЭБН-ды қосу немесе өшіру үшін, **Нұсқаулық** («НҰСҚАУЛЫҚ») түймесін басыңыз.

Бағдарламаны таңдау

1 Қалаған бағдарламаны таңдау үшін Шарлау түймелерін немесе **P** ^ v түймесін басыңыз.



Қазақша

ҚАЗІРГІ/КЕЛЕСІ нұсқаулық режимі

Беріліп жатқан және одан кейін жоспарланған бағдарламаны қарауыңызға болады.

Түйме	Сипаттама
Қызыл түйме	ЭБН режимін ауыстыру.
Сары түйме	Қолмен реттелетін таймер режиміне кіру. (Мына бетті қараңыз:84)
Көк түйме	Жоспарлы бағдарламалар тізімі режиміне кіру. (Мына бетті қараңыз:85)
OK	«ҚАЗІР» параметрі таңдалғанда, ол таңдалған бағдарламаға өтеді де, ЭБН экраннан жоғалады. «КЕЛЕСІ» параметрі таңдалғанда, тапсырыс беру қалқымалы терезесі пайда болады.
< >	ҚАЗІРГІ немесе КЕЛЕСІ бағдарламаны таңдау.
^ v	Хабар тарату бағдарламасын таңдау.
P ^ v	Келесі/алдыңғы бетке өту.
Нұсқаулық	ЭБН режимін өшіру.
BACK («КЕРІ»)	
EXIT («ШЫҒУ»)	
TV/RAD («ТД/РАДИО»)	Сандық теледидар немесе РАДИО бағдарламасын таңдау.
INFO («АҚПАРАТ»)	Толық ақпаратты көрсету немесе жасыру.
FAV («ТАҢДАУЛЫ»)	Таңдаулы режимін өзгерту.

8 күндік нұсқаулық режимі

Түйме	Сипаттама
Қызыл түйме	ЭБН режимін ауыстырады.
Жасыл түйме	Күнді орнату режиміне кіреді.
Сары түйме	Қолмен реттелетін таймер режиміне кіреді. (Мына бетті қараңыз:84)
Көк түйме	Жоспарлы бағдарламалар тізімі режиміне кіреді. (Мына бетті қараңыз:85)
OK	«Ағымдағы хабар тарату бағдарламасы» таңдалғанда, ол таңдалған бағдарламаға өтеді де, ЭБН экраннан жоғалады. «Келесі таратылатын бағдарлама» таңдалғанда, сақтау қалқымалы терезесі пайда болады.
< >	Бағдарламаны таңдау.
^ v	Хабар тарату бағдарламасын таңдайды.
P ^ v	Келесі/алдыңғы бетке өтеді.
GUIDE («НҰСҚАУЛЫҚ»)	ЭБН режимін өшіреді.
BACK («КЕРІ»)	
EXIT («ШЫҒУ»)	
TV/RAD («ТД/РАДИО»)	Сандық теледидар немесе РАДИО бағдарламасын таңдайды.
INFO («АҚПАРАТ»)	Толық ақпаратты көрсету немесе жасыру.
FAV («ТАҢДАУЛЫ»)	Таңдаулы режимін өзгерту.

Күнді ауыстыру режимі

Түйме	Сипаттама
Жасыл түйме	Күнді орнату режимін өшіру.
v	
BACK («КЕРІ»)	
OK	Таңдалған күнге ауыстырады.
< >	Күнді таңдаңыз.
GUIDE («НҰСҚАУЛЫҚ»)	ЭБН режимін өшіреді.
EXIT («ШЫҒУ»)	

Ашылған сипаттама терезесі

Түйме	Сипаттама
INFO («АҚПАРАТ»)	Толық ақпаратты көрсету немесе жасыру.
^ v	Келесі/алдыңғы мәтінге өтеді.
< >	Таймермен жазу/еске салу параметрі режимін таңдайды.
GUIDE («НҰСҚАУЛЫҚ»)	ЭБН режимін өшіреді.
EXIT («ШЫҒУ»)	

3D БЕЙНЕ

(Тек 3D үлгілерінде)

3D технологиясы

Бұл теледидар 3D тарату арқылы немесе Blu-ray 3D ойнатқышы сияқты үйлесімді құрылғыға қосылғанда 3D форматында көрсете алады. Бұл бейнелерді 3D пішімінде көру үшін көрермен тиісті 3D көзілдірігін кию керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

- 3D пішіміндегі бейнелерді экран диагоналінің ұзындығынан екі есе үлкен болатын қашықтықта көруді ұсынамыз.
- Теледидарды 3D форматта көру үшін 3D көзілдірікті кию керек. Ең жақсы нәтижеге жету үшін LG маркалы 3D көзілдірігін кию керек. Басқа маркалы 3D көзілдірікті пайдаланғанда, 3D бейнелеу тиісті түрде көрсетілмеуі мүмкін. 3D көзілдірікті пайдалану бойынша нұсқауларды 3D көзілдірік нұсқаулығынан қараңыз.
- 2D бейнелерін көргенде, 3D көзілдірігін шешу ұсынылады. 2D бейнелерін 3D көзілдірігімен көргенде, кескін бұрмаланып көрінуі мүмкін.
- 3D бейнелерін тым жақын қашықтықтан немесе ұзақ уақыт бойы көрсеңіз, ол көру қабілетіңізге зиян тигізуі мүмкін.
- Ұзақ уақыт бойы 3D көзілдірікпен 3D бейнелерін теледидардан көру немесе 3D бейне ойындарын ойнау үйқышылдыққа, бас ауруына және/немесе көздің шаршауына әкелуі мүмкін. Басыңыз ауырса, шаршасаңыз немесе ұйқылы болсаңыз, теледидар көруді тоқтатып, демалыңыз.
- Жүкті әйелдер, кәрі, жүрек ауруы бар адамдар немесе ұйқышылдық жиі болатын адамдар 3D теледидарын көрмеуі керек.
- Кейбір 3D бейнелеуде бейнеде көрсетілген суреттен басыңызды июіңіз немесе тартып қалуыңыз мүмкін. Сондықтан, 3D теледидарды тез сынатын немесе құлату оңай заттардың жанында көрмеу керек.
- 5 жасқа толмаған балаларға 3D теледидарын көрсетпеңіз. Бұл олардың көру қабілетіне әсер етуі мүмкін.
- Фотосенсибилизациялық пароксизм қаупі: кейбір көрушілер теледидардағы немесе бейне ойындардағы жыпылықтайтын жарық немесе сурет сияқты факторлар болғанда пароксизм ауруына немесе эпилепсияға ұшырауы мүмкін. Сізде немесе жанұяңыздағы біреуде эпилепсия немесе пароксизм ауруы бар болса, 3D теледидарды көрмес бұрын, дәрігермен кеңесіңіз.
  Бұрын орын алмаған болса да, нақты анықталмаған жағдайларда келесі симптомдар пайда болуы мүмкін. Мына симптомдар байқалса, 3D бейнесін қарауды дереу тоқтатып, дәрігермен кеңесіңіз: бас айналса немесе кішкене ауырса, алдындағы көріністер ауысса немесе өзгере бастаса, көздің немесе бұлшық еттің тартылуы сияқты көздің немесе беттің тұрақсыздығы пайда болса, еріктен тыс әрекеттер жасалса, сіңір тартылса, естен тану, шатасу, бағыттан адасу, тырысу немесе жүрек айну орын алса. Ата-аналар балаларда, сонымен қатар жасөспірімдерде осы белгілерді бақылауы керек, өйткені олардың 3D теледидарды көру әсерлеріне сезімталдығы жоғарырақ болуы мүмкін.
- Фотосенсибилизациялық пароксизм қаупін келесі әрекеттердің көмегімен азайтуға болады.
  - » 3D теледидарды көргенде жиі үзілістер жасаңыз.
  - » Әр көзінің көру қабілеті екі түрлі адамдар теледидарды көруін түзету шараларын қолданғаннан кейін көруі керек.
  - » Теледидарды көздеріңіз 3D экранымен бір деңгейде болатындай көріңіз және теледидарға тым жақын отырмаңыз.
  - » Шаршағанда немесе аурып тұрғанда 3D бейнелерін көрмеңіз және ұзақ уақыт бойы көруден сақтаныңыз.
  - » 3D көзілдірікті 3D теледидарда 3D бейнелеуді көруден басқа ешбір мақсатта кимеңіз.
  - » Кейбір көрушілер 3D теледидарды көргеннен кейін бағыттан адасуы мүмкін. Сондықтан, 3D теледидарды көргеннен кейін қозғалмас бұрын қайта орналасқаныңызды біліп алыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

(Тек 42/47/55LW75**, 42/47/55LW77**, 47/55LW95** 72LZ97**)

- Теледидарды қосқаннан кейін теледидардың дәлденуіне бірнеше секунд кетуі мүмкін.
- Теледидар мен 3D көзілдірік арасында кедергі болса, 3D бейнелеу тиісті түрде көрсетілмеуі мүмкін.
- Теледидарды басқа электронды және радио жиілікті жабдықтарының жанында пайдаланбаңыз.
- Сандық теледидарды 3D бейне режимінде көргенде, монитордың шығыс сигналдары «SCART» кабелі арқылы шығарылмайды.
- Сандық теледидарда жоспарланған жазу орындалып жатқанда 3D режимін қоссаңыз, монитордың шығыс сигналдары «SCART» кабелі арқылы шығарылмайды және жазу да орындалмайды.
- Оған қоса, 3D бейнелері жатып қарағанда көрінбеуі мүмкін.
- Теледидардан басқа жаққа қарап, көздеріңізді қайтадан 3D бағдарламаға қайтарғанда, 3D бейнелеуді көру үшін бір сәт кетуі мүмкін.
- 3D бейнесі флюоресцентті жарықта көрсетілгенде, теледидар біраз жыпылықтауы мүмкін. Бұндай жағдайларда, жарықты сөндіру немесе күңгірттеу ұсынылады.

ЕСКЕРТПЕ

(Тек 32/37/42/47/55LW55**, 32/37/42/47/55LW57**, 32/42/47/55LW65**, 47/55LW98**)

- Сандық теледидарды 3D бейне режимінде көргенде, монитордың шығыс сигналдары «SCART» кабелі арқылы шығарылмайды.
- Сандық теледидарда жоспарланған жазу орындалып жатқанда 3D режимін қоссаңыз, монитордың шығыс сигналдары «SCART» кабелі арқылы шығарылмайды және жазу да орындалмайды.

3D көзілдірікті пайдаланғанда

ЕСКЕРТУ

- Түзететін, күнге қарсы немесе қорғайтын көзілдіріктің орнына 3D көзілдірікті пайдаланбаңыз.
- 3D көзілдірікті ыстық немесе суық жерлерде сақтамаңыз.
- 3D көзілдірікке заттарды түсірмеңіз. Көзілдірікті түсірмеңіз немесе майыстырмаңыз.
- 3D көзілдірік линзалары тез сызылатындықтан, тек жұмсақ матамен тазалаңыз. Матаны пайдалану алдында бүкіл шаңды қағыңыз, өйткені көзілдірік тез сызылады.
- Көзілдіріктер қысқа толқынды пеш немесе сымсыз жергілікті желі өнімі сияқты 2,4 ГГц жиілігін пайдаланатын электронды құрылғыларға жақын болса, байланыс ақауы пайда болуы мүмкін.

3D бейнелеуді көру ауқымы

(Тек 42/47/55LW75**, 42/47/55LW77**, 47/55LW95** 72LZ97**)

Теледидар өлшемі, көру бұрышы және басқа жағдайлар көру қашықтығы мен көру бұрышын өзгертуі мүмкін.

Көру қашықтығы	Максимум көру қашықтығы
2 м мен 7 м аралығында	10 м

3D бейнелеуді көру

1 3D форматта жасалған бейнені ойнатыңыз.

2 3D бейнесін көру үшін **3D** түймесін басыңыз.

3 3D көзілдірігін киіңіз.

4 OK **тармағына жылжу үшін Шарлау түймелерін басып,** OK түймесін басыңыз.

5 Кескінге жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

Режим	Сипаттама
2D » 3D	2D бейнесінен 3D бейнесіне өзгертілді. 2D бейнесінен 3D етіп түрлендірілген бейнелер түпнұсқада 3D бейнесі етіп шығарылған тақырыптарға қарағанда онша шынайы болмай шығуы мүмкін. 
Жанынан	
Үсті және асты	
Шахмат тақтасы	
Кадр реттілігі	


6 **2D сөнд.** немесе **3D сөнд. үшін 3D** түймесін басыңыз.

Ерекшеліктер	Сипаттама
3D -> 2D	Бейнелерді 2D режимінде 3D әсерлерісіз көрсетеді.
3D режимін өшіру	Бейнелерді бастапқы форматта көрсетеді.
2D -> 3D	Бейнелерді 3D режимінде көрсетеді.
Болдырмау	Қалқымалы терезені жабу.

3D бейнелеуді реттеу

1 3D бейнелеуін көру барысында **3D SETTING («3D ТАҢДАУ»)** түймесін басыңыз. Қалқымалы терезе шығады.

2 Төмендегі мәзірлердің біріне жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.



3D режимі параметрі

Ерекшеліктер (Үлгіге байланысты)	Сипаттама
3D суретін түзеу	**Сол жақ/Оң жақ** немесе **Оң жақ/Сол жақ параметрін** таңдаңыз. 3D бейнесі ең жақсы көрінетін экранды таңдаңыз.
3D тереңдігі	2D бейнесінен түрлендірілген 3D бейнесінің стереоскопиялық әсерін реттейді.
3D қарау нүктесі	3D перспективті көрінісін реттеу үшін, 3D бейнесін алдыға немесе артқа жылжытады.
3D оңтайландыру	3D бейнесінің экранын көру ортасына лайық күйге келтіреді.

Бейне орнатыңыз.

Бейне параметрлерін өзгертуге мүмкіндік береді. («СУРЕТ параметрлері» бөлімін қараңыз.)

Аудио орнатыңыз.

Аудио параметрлерін өзгертуге мүмкіндік береді. («ДЫБЫС параметрлері» бөлімін қараңыз.)

ЕСКЕРТУ

- 3D бейнесін көру барысында кейбір мәзірлер жұмыс істемеуі мүмкін.
- Сандық теледидар арналарын немесе кіріс көзін қосқанда, 3D бейнесі автоматты түрде өшеді.
- 2D кескіндерін 3D бейнесі режимінде көрсеңіз, экран дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- 3D әсерді теледидарға жіберілетін 3D кіріс сигналы үшін 3D режимі дұрыс таңдалса көруге болады.
- *mpo файлдары үшін (3D камера файлдары) 3D бейнелеу режимі автоматты түрде қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

- 3D режимі параметрі таңдалса, «Қуат көрсеткіші» автоматты түрде өшеді.
- Қашықтан басқару құралындағы **AV MODE** («AV РЕЖИМІ») түймесі арқылы «**Сөндіру** немесе **Кинотеатр**» тармағын ғана таңдауға болады.
- 3D форматында ойнатқанда энергияны үнемдеу өшіріледі.
- 3D файлдарын көру барысында Бастапқы мәзірге кіре алмайсыз.

ТЕЛЕДИДАР ПАРАМЕТРЛЕРІН БАПТАУ

ОРНАТУ мәзірі

1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 **ОРНАТУ** мәзірін таңдау үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

3 Төмендегі мәзірлердің біріне жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.


4 Шарлау түймелерінің көмегімен қалаған параметрге немесе опцияға өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

5 Аяқтағаннан кейін **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.

Мәзір		Сипаттама
	ОРНАТУ	Бағдарламаларды орнатады және өзгертеді.
	СУРЕТ	Бейне өлшемін, сапасын немесе әсерін реттейді.
	ДЫБЫС	Дыбыс сапасын, әсерін, немесе дыбыс қаттылығын реттейді.
	УАҚЫТ	Уақыт, күн немесе таймер функциясын орнатады.
	ҚҰЛЫПТАУ	Арналар мен бағдарламаларды құлыптайды немесе құлыптан шығарады.
	ОПЦИЯ	Жалпы параметрлерді баптайды.
	ЖЕЛІ	Желі параметрлерін орнатады.
	ҚОЛДАУ	Тұтынушы ақпаратын тексереді.

Параметрлерді баптау

ОРНАТУ параметрлері



1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.


4 **Шарлау түймелерінің** көмегімен қалаған параметрге немесе опцияға өтіп, OK түймесін басыңыз.
- Алдыңғы деңгейге қайту үшін, **BACK** («КЕРІ») түймесін басыңыз.

5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.

Қол жетімді бағдарлама параметрлері төменде сипатталған:

Параметр	Сипаттама
Өздігінен баптау	Барлық қолжетімді бағдарламаларды антенна, кабель немесе спутник кірістері арқылы дәлдеп, сақтайды (Мына бетті қараңыз:31).
Қолмен реттеу	Қалаған бағдарламаларды қолмен дәлдеп, сақтайды (Мына бетті қараңыз:36).
Бағдарламаны өңдеу	Бағдарламаларды өңдейді (Мына бетті қараңыз:39).
Сигнал күшейткіші	Сигналды қабылдауға байланысты оңтайландырылған сезімталдық деңгейін орнатады. (Мына бетті қараңыз:40).
CI ақпараты	Кейбір шифрланған қызметтерді көру мүмкіндігін береді (ақылы қызметтер) (Мына бетті қараңыз:40).
Кабельді сандық теледидар параметрі (Кабель, Кабель және спутник (тек спутник үлгілері) режимінде ғана)	Кабельді сандық теледидар көру үшін әр түрлі опцияларды орнатады. (Мына бетті қараңыз:34).
Спутникалық сандық ТД реттеу (Жолсерік, Антенна және спутник, Кабель және спутник режимінде ғана — тек спутник үлгілері)	Спутниктік сандық теледидарды көру үшін әртүрлі опцияларды орнатады. (Мына бетті қараңыз:34).
Tivu бағдарламалар тізімін жаңарту (Жолсерік, Антенна және спутник, Кабель және спутник режимінде ғана — тек спутниктік үлгілер, Италия)	Елге негізделген хабар тарату жағдайы мен спутник арқылы өзгертілген Бағдарламалар тізімі ақпаратын жаңартады. (Мына бетті қараңыз:35).

СУРЕТ параметрлері



1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 **Шарлау түймелерінің көмегімен ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, OK түймесін басыңыз.

3 **СУРЕТ** тармағына өту үшін Шарлау түймелерін басып, OK түймесін басыңыз.

4 **Шарлау түймелерінің** көмегімен қалаған параметрге немесе опцияға өтіп, OK түймесін басыңыз.
- Алдыңғы деңгейге қайту үшін, **BACK** («КЕРІ») түймесін басыңыз.

5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.

Қол жетімді сурет параметрлері төменде сипатталған:

Параметр	Сипаттама
Өлшемдер ара қатысы	Бейнелерді оңтайлы өлшеммен көрсету үшін бейне өлшемін өзгертеді (Мына бетті қараңыз:41).
3D бейнесін орнату. (Тек 3D үлгілерінде)	3D бейнелеу опциясын орнатады. (Мына бетті қараңыз:92)
Сурет шебері	Бейне сапасын реттейді және экранды тексереді. **Бапталған опциялар 1-сарапшы** ретінде Сурет режимінде сақталады. **ЕСКЕРТПЕ** • Егер **Сурет шебері** параметрін пайдаланбасаңыз, Энергия үнемдеу функциясы автоматты түрде өшіріледі. • **Сурет шебері** көмегімен жасалған өзгерістерді қайта қалпына келтіру үшін **Сурет режимі 1-сарапшы** күйінде болғанда, **Суретті қалпына келтіру** функциясын қосыңыз. • **RGB-PC/HDMI-PC/DVI-PC режимінде өзгертілген Түс**, Реңк және H/V нақтылығы мәндері қолданылмайды.
Энергияны үнемдеу	Экран түсі ашықтығын реттеу арқылы қуат тұтынылуын азайтады. **ЕСКЕРТПЕ** • MHEG/MHP режимінде Энергия үнемдеу параметрін реттегенде, MHEG/MHP режимі аяқталғаннан кейін, Энергия үнемдеу іске қосылады. • Радио станциясына дәлденгенде «Экранды өшіру» параметрін таңдау қуаттың тұтынылуын азайтады. • **Авто** немесе **Ең көп** параметрін таңдағанда, **артқы жарық** жұмыс істемейді.

Ерекшеліктер	
Авто	**Интеллектуалдық сенсор** функциясын пайдалана отырып, **Авто** параметрі таңдалғанда, артқы жарық қоршаған ортаға байланысты автоматты түрде реттеледі.
Сөндіру	Егер бұл функция қажет болмаса, таңдаңыз.
Минимум/ Орташа/ Максимум	Түс ашықтығы деңгейін таңдайды.
Экран өшірулі	Экран 3 секундтан кейін өшіріледі. Қашықтан басқару құралының кез келген түймесін бассаңыз, экран қайта қосылады.

Қазақша

<table>
<tr><th>Параметр</th><th colspan="2">Сипаттама</th></tr>
<tr><td>Сурет режимі</td><td colspan="2">Алдын ала орнатылған бейнені таңдайды немесе теледидар экраны жақсы жұмыс істеуі үшін әрбір режимдегі параметрлерді реттейді. Сіз де әрбір режимнің жетілдірілген опцияларын реттей аласыз.
Қол жетімді алдын ала орнатылған сурет режимдері теледидарға байланысты ерекшеленуі мүмкін.
ЕСКЕРТПЕ
• Интеллектуалдық сенсор опциясын таңдасаңыз, , Энергияны үнемдеу функциясы автоматты түрде Авто режиміне өтеді.
• Кинотеатр параметрі таңдалса, Арасалмақ еселігі мүмкіндігі автоматты түрде Ұлғайту режиміне өтеді.</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="2">Режим (үлгіге байланысты)</td></tr>
<tr><td></td><td>Интеллектуалдық сенсор</td><td>Қоршаған ортаға байланысты контраст, түс ашықтығы, анықтық немесе реңк секілді бейне параметрлеріне сай келетіндей етіп, автоматты түрде теледидарды орнатады.</td></tr>
<tr><td></td><td>Айқын</td><td>Контраст, ашықтық, түс және анықтықты күшейту арқылы сауда ортасы үшін бейне кескінін реттейді.</td></tr>
<tr><td></td><td>Стандартты</td><td>Қалыпты ортаға арналған бейнені реттейді.</td></tr>
<tr><td></td><td>Кинотеатр</td><td>Бейне кескіндерін фильмдерді кинотеатрда тамашалағандай етіп, кинематографиялық көрініске оңтайландырады.</td></tr>
<tr><td></td><td>Ойын</td><td>Компьютерлер немесе ойындарға арналған жылдам ойнау экранының бейне кескінін оңтайландырады.</td></tr>
<tr><td></td><td>Сарапшы</td><td>Бейне сарапшыларға сонымен қатар жалпы көрермендерге толық бейне кескіні параметрлерін қалыпқа келтіреді.
ЕСКЕРТПЕ
• ISFccc (ISFccc: Ғылыми бейнелеу қоры сертификатталған калибровка бақылауы): Бұл теледидар Ғылыми бейнелеу қорымен кәсіптік сертификаттауға арналған калибровкалар туралы егжей-тегжейлі ақпаратты қамтиды. Толық ҒБҚ «күн» және «түн» режимдері LG HDTV (LG анықтығы жоғары теледидары) ұсынатын ең жақсы қасиеттері пайдаланушыға жетімді болады.
ISFccc (ҒБҚскб) режимі арқылы жетілдірілген және толық калибровкаларды жасауға болады.
Толық калибровка жасау үшін жоғары білікті маман қажет. ISF (ҒБҚ) білікті маманы туралы ақпарат алу үшін жергілікті дилермен байланысыңыз.</td></tr>
<tr><td>TruMotion</td><td colspan="2">Айқын суретке тұрақтылық беретін тіпті жылдам соғыс көріністері кезінде бейнелерді анық, таза көрсететін жетілдірілген бейне технологиясы.
TruMotion компьютер режимінен басқа барлық кіріс сигналдарымен жұмыс істейді.
ЕСКЕРТПЕ
• TruMotion мүмкіндігі іске қосылса, экран кескіні бұрмаланып көрсетілуі мүмкін. Ондай жағдайда, TruMotion мүмкіндігін Сөндіру күйіне қойыңыз.
• Сурет режимі-Ойын параметрін таңдасаңыз, TruMotion параметрін Сөндіру күйіне қойыңыз.</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="2">Режим</td></tr>
<tr><td></td><td>Жоғары</td><td>Тегістеу сурет қимылын қамтамасыз етеді.</td></tr>
<tr><td></td><td>Төмен</td><td>Тегіс сурет қимылын қамтамасыз етеді. Стандартты қолданыста осы параметрді пайдаланыңыз.</td></tr>
<tr><td></td><td>Өшірулі</td><td>TruMotion әрекетін өшіреді.</td></tr>
<tr><td></td><td>Пайдаланушы</td><td>De-Judder: экран шуын реттейді.
De-Blur: экрандағы қалдық бейнелерді реттейді.</td></tr>
</table>

Параметр	Сипаттама	
ЭКРАН	Компьютердің дисплей параметрлерін бейімдейді.	
	Ерекшеліктер	
	Ажыратымдылық	Компьютер пайдаланылған кезде дұрыс ажыратымдылық таңдайды.
	Авто үйлесімді реттеу	Теледидар дисплейі опцияларын автоматты түрде оңтайландыру үшін теледидарды орнатады.
	Позиция	Бейнені дұрыс орынға орналастырады.
	Өлшемі	Бейне өлшемін реттейді.
	Фаза	Көлденең жолақтарды жояды.
	Қалпына келтіру	Опцияларды әдепкі параметр қалпына келтіреді.
Жарық диодты жергілікті жарық азаюы (Үлгіге байланысты)	Кіріс бейнесінің сигналын экран аумақтарымен сараптап болғаннан кейін, бұл функция контраст коэффициентін жақсарту үшін артқы жарықты реттейді.	
	Режим	
	Өшірулі	Жарық диодты жергілікті жарық азаюы қызметін өшіру.
	Төмен	Суретті ашықтау етіп, жергілікті жарықты азайту арқылы қара түс деңгейлерін күшейтеді.
	Орташа	Жергілікті жарықты азайту арқылы қара түс деңгейлерін күшейтеді.
	Жоғары	Суретті тазалап, жергілікті жарықты азайту арқылы қара түс деңгейлерін күшейтеді.

Негізгі бейне опциялары

Параметр	Сипаттама
Артқы жарық	Сұйық кристалды дисплейдің артқы жарығын басқару арқылы экранның түс ашықтығын реттейді. Егер түс ашықтығы деңгейін азайтсаңыз, экран күңгірттеу болады да, қуат тұтынылуы ешбір бейне сигналын жоғалтпастан азаяды. **`ЕСКЕРТПЕ** • Егер «**Энергияны үнемдеу** - **Сөндіру**, **Ең аз**, **Орташа**» параметрі пайдаланса, **Артқы жарық** параметрі жұмыс істейді.
Контраст	Бейне сигналының градиентін көтереді немесе азайтады. Суреттің жарық бөлігі қанық болғанда, **Контраст** параметрін пайдалануыңызға болады.
Түс ашықтығы	Суреттегі сигналдың негізгі деңгейін реттейді.
Айқындылық	Суреттің жарық және қараңғы аймақтары арасындағы шеттерде айқындық деңгейін реттейді. Деңгей төмендеген сайын, бейне контрасты азаяды.
Түсі	Барлық түстердің қарқындылығын реттейді.
Реңк	Қызыл мен жасыл түс деңгейлері арасындағы балансты реттейді.
Түс температурасы	Қызыл секілді ыстық түстерді жақсарту үшін жылы етіп орнатады немесе көк секілді суық түстерді жақсарту үшін суық етіп орнатады.
Жетілдірілген басқару немесе **Сарапшы басқаруы**	Жетілдірілген опцияларды бейімдейді.
Суретті қалпына келтіру	Әр режимнің опцияларын зауыттық әдепкі параметрге қайтарады.

ЕСКЕРТПЕ


- Бұл функцияны **Интеллектуалдық сенсор** қызметінде қолдану мүмкін емес.
- RGB-PC/HDMI-PC режимінде түсі, өңі мен реңкін күйге келтіруге болмайды.
- **1/2 сарапшы** параметрі таңдалғанда, **Артқы жарық, Контраст, Ашықтық, Көлденең Айқындық, Тік Айқындық, Түс** немесе **Реңк** параметрлерін таңдауыңызға болады.

Бейненің күрделі опциялары (ТД үлгісіне байланысты)

Параметр	Сипаттама
Динамикалық контраст	Экранның ашықтығына сәйкес контрасты ең жақсы деңгейде сақтау үшін қалыпқа келтіреді. Сурет ашық бөліктерді ашығырақ және күңгірт бөліктерді күңгірттеу ету жолымен жақсартылады.
Динамикалық түс	Ашығырақ, қанығырақ және анығырақ көрінетіндей етіп, экран түстерін күйге келтіреді. Бұл функция қызыл, көк, жасыл және ақ айқынырақ көріну үшін реңк, қанықтылық пен түс ашықтығын жақсартады.
Таза ақ	Экранның ақ аймақтарын ашығырақ және ағырақ жасау.
Фон түсі	Бұл параметр бейненің фондық аймағын анықтап, оны табиғи фон түсіне келтіреді.
Шу деңгейін азайту	Бейне сапасына әсерін тигізбей, экран шуын азайтады.
Супер ажыратымдылық	Көмескі немесе айқын емес аймақ бөліктерін жақсарту арқылы суретті өте анық жасайды.
MPEG шуын азайту	Сығылған бейне әсерінен пайда болған шуды азайтады.
Гамма көрсеткіші	Күңгірт аймақтың жарықтығы мен суреттің орташа сұр деңгейлі аймақтарын күйіне келтіруіңізге болады. » **Төмен**: қою және орташа сұр деңгейлі аймақтарды ашығырақ етеді. » **Орташа**: бастапқы сурет деңгейін көрсетеді. » **Жоғары**: қою және орташа сұр деңгейлі аймақтардың түсін қарайтады.
Қара түс деңгейі	Экранның қара түс деңгейін тиісті деңгейге орнату. Бұл функция мына режимде қолжетімді: TV(NTSC-M/J, PAL-M, PAL-N), AV (NTSC-M/J, PAL-M, PAL-N), HDMI немесе Component. » **Авто**: Кіріс сигналының деңгейіне қарай экранның қара түс деңгейін автоматты түрде **Жоғары** немесе **Төмен** етіп орнатады. » **Төмен**: экран бейнесі қараяды. » **Жоғары**: экран бейнесі ашығырақ болады**.**

Параметр	Сипаттама
Көз күтімі	Экранның тым ашық болып кетуін болдырмау үшін экран ашықтығын қалыпқа келтіреді. Тым жарық суреттерді күңгірттейді. Бұл функция «**Сурет режимі**-**Стандартты**, **Ойын**» режимінде іске қосылады.
Нақты фильм	Діріл әсерін жою нәтижесінде фильмде жазылған бейне клиптерді барынша шынайы етеді. Таспаға түсірілген фильм мазмұндарын көргенде, осы функция пайдаланылады. Сонымен қатар бұл функция TruMotion параметрі өшірулі күйінде жұмыс істейді.
Түс шекарасы	**Күрделі басқару** Түс сапасын арттыру үшін түстің қолданылуын жақсартады. » **Стандартты**: түстердің стандартты жиынтығын көрсетеді. » **Кең**: пайдаланылған түстердің санын көбейтеді.
	Сарапшы басқаруы Сигналдың түс аймағын көрсетеді. » **Стандартты**: түстердің стандартты жиынтығын көрсетеді. » **Кең**: пайдаланылған түстердің санын көбейтеді. » **EBU**: EBU стандартты түсті аймағын көрсетуге арналған режим. » **SMPTE**: SMPTE стандартты түс аймағын көрсетуге арналған режим. » **BT709**: BT709 стандартты түс аймағын көрсетуге арналған режим.
Шеттерін күшейткіш	Бейненің шынайы шеттерін анығырақ және айқынырақ көрсетеді. Бұл функция Айқындық UI 60 мәнінде жақсы жұмыс істейді.
xvYCC	Бұл функция барлық үлгілерде бола бермейді. Бұл параметр түстерді қанығырақ жасайды. Бұл функция қанық түстерді, сондай-ақ, әдеттегі бейне сигналын көрсетеді. Бұл функция xvYCC сигналы HDMI арқылы берілгенде, «**Сурет режимі** - **Кинотеатр**, **Сарапшы** параметрлерінде іске қосылады.
Түс сүзгісі	Бұл функция бейненің арнайы түстерін сүзуге арналған. Түс қанықтығы мен реңк дәлдігін орнату үшін RGB сүзгісін пайдалануға болады.
Сарапшы үлгісі	Бұл сарапшы реттеуі үшін қажетті үлгі болып табылады. Бұл функция сандық ТД қарау барысында «**Сурет режимі - Сарапшы**» параметрінде іске қосылады.
Түс температурасы	Ақ негізгі сызықты өзгерту арқылы экранның жалпы түсін қалыпқа келтіреді. a. Гамма: 1.9, 2.2, 2.4 таңдаңыз b. Әдіс: 2 нүктелік • Үлгі: ішкі, сыртқы • Қызыл/жасыл/көк түстердің контрасты, қызыл/жасыл/көк түстердің жарықтығы: реттеу диапазоны: -50 және +50 аралығында. c. Әдіс: 10 IRE нүктелік • Үлгі: ішкі, сыртқы • IRE (Радио-инженерлер институты) — бейне сигналының өлшемін көрсететін бірлік, 10, 20, 30 - 100 аралығында орнатылады. Әр параметрге сәйкес қызыл, жасыл немесе көк түсті реттеуіңізге болады. • Жарықтық: бұл функция 2.2 гаммасы үшін есептелген жарықтық мәнін көрсетеді. Қалаған жарық мәнін 100 IRE деңгейінде қосуға болады, онда 2.2 гамма жарықтық мәні 10-90 IRE аралығында әр он қадам сайын көрсетіліп отырады. • Қызыл/жасыл/көк: реттеу диапазоны -50 және +50 аралығында. d. Барлық кіріс сигналдарына пайдаланыңыз.
Түсті басқару жүйесі	Мамандармен сынақ үлгілерін қолдана отырып реттеулерді жүзеге асыру үшін пайдаланылатын құрал ретінде ол басқа түстерге әсер етпейді, бірақ 6 түс (қызыл/жасыл/көк/циан/маджента/сары) аумағын таңдамалы түрде реттеу үшін пайдалануға болады. Жалпы бейне үшін реттеу жасағанның өзінде де, түс ерекшеліктері көзге көрінерлік болмауы мүмкін. Қызыл/жасыл/көк/сары/циан/маджента түстерін реттейді. » d/жасыл/сөк/сары/көкшіл/күлгін түстер: реттеу диапазоны: -30 бен +30 аралығында. » Қызыл/Жасыл/Көк/Сары/Циан/Маджента реңктері: реттеу диапазоны: -30 бен +30 аралығында. Бұл мүмкіндік RGB-PC және HDMI-PC режимдерінде өшіріледі.

ДЫБЫС параметрлері



1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 **Шарлау түймелерінің көмегімен ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, OK түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ДЫБЫС** параметріне өтіп, OK түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерінің көмегімен қалаған параметрге немесе опцияға өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

- Алдыңғы деңгейге қайту үшін, **BACK** («КЕРІ») түймесін басыңыз.

5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.

Қол жетімді дыбыс параметрлері төменде сипатталған.

Параметр	Сипаттама	
Авто дыбыс қаттылығы	Арналар ауыстырылғанда, дыбыс деңгейін тұрақты ету үшін «Авто дыбыс қаттылығы» функциясын қосады. Тарату станцияларынан келетін сигнал жағдайларының әртүрлілігіне орай, дыбыс деңгейі тұрақты болмауы мүмкін.	
Анық дауыс Ⅱ	Адам даусының анықтығын реттейді. Бұл мүмкіндік қосылғанда, анықтық деңгейін реттеуге болады.	
Баланс	Бөлме ортасына қарай сол және оң жақтағы динамиктердің тепе-теңдігін қалыпқа келтіріңіз.	
Дыбыс режимі	Алдын ала орнатылған дыбыс режимдерінің біреуін таңдайды немесе әр режимде опцияларды бейімдейді.	
	Режим	
	Стандартты	Стандартты сапалы дыбыс шығару керек болғанда таңдаңыз.
	Музыка	Музыка тыңдағанда таңдаңыз.
	Кинотеатр	Фильмдерді көргенде таңдаңыз.
	Спорт	Спорт жаңалықтарын қарағанда таңдаңыз.
	Ойын	Ойын ойнағанда таңдаңыз.
	ЕСКЕРТПЕ • Егер дыбыс сапасы немесе деңгейі қажетті күйде болмаса, әртүрлі пайдаланушы орталарына сәйкес келетін жеке үй кинотеатры жүйесін немесе күшейткішті қолдану ұсынылады. • **Таза дауыс II** функциясына «**Қосулы**» күйін таңдасаңыз, **Infinite 3D Surround** функциясы істемейді.	
	Ерекшеліктер	
	Infinite 3D Surround	LG компаниясының патентті меншігі, алдыңғы екі дыбыс зорайтқыштарының көмегімен иммерсивті 5.1 дыбыс ортасы әсерін беретін дыбыс өңдеу технологиясы болып табылады.
	Жоғары жиіліктер	Шығыс сигналындағы басым дыбыстарды басқарады. Жоғары жиілікті көбейтсеңіз, ол шығыс сигналын жоғары жиілік диапазонына көтереді.
	Бас	Шығыс сигналындағы бәсеңдеу дыбыстарды басқарады. Басты арттырсаңыз, ол шығыс сигналын төмен жиілік диапазонына көтереді.
	Дыбысты қалпына келтіру	Дыбыс режимін әдепкі параметрге келтіреді.

<table>
<tr><th>Параметр</th><th colspan="3">Сипаттама</th></tr>
<tr><td rowspan="5">Дыбыс оңтайландырушы</td><td colspan="3">Теледидар орнатылған ортаға байланысты дыбысты оңтайландырады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Ерекшеліктер</td></tr>
<tr><td>Қалыпты</td><td colspan="2">Қалыпты дыбыс режимі</td></tr>
<tr><td>Қабырғаға орнатылатын түрі</td><td colspan="2">Қабырғаға орнатылған теледидар үшін оңтайландырылған дыбыс режимі.</td></tr>
<tr><td>Тірек түрі</td><td colspan="2">Тірекке орнатылатын теледидарға арналған оңтайландырылған дыбыс режимі.</td></tr>
<tr><td rowspan="4">Сандық дыбыс шығысы</td><td colspan="3">Бұл функция қалаған Сандық дыбыс шығысын таңдауыңызға мүмкіндік береді.
Dolby Digital параметрі болғанда, Сандық дыбыс шығысы мәзірінде Авто күйі таңдалса, SPDIF(Sony Philips Digital InterFace) шығыс сигналы Dolby Digital параметріне орнатылады.
Dolby Digital жүйесі болмаса, Сандық дыбыс шығысы мәзірінде Авто күйі таңдалса, SPDIF шығыс сигналы PCM (импульстік-кодтық модуляция) күйінде болады.
Егер тіпті Dolby Digital және Аудио Тілі параметрлерінің екеуі де Dolby тарататын арнада орнатылса, Digital Audio, тек Dolby Digital жүйесі ойнатылады.</td></tr>
<tr><td>Пункт</td><td>Дыбыс кіріс сигналы</td><td>Сандық дыбыс шығысы</td></tr>
<tr><td>Авто</td><td>MPEG
Dolby Digital
Dolby Digital Plus
HE-AAC</td><td>Импульстік кодтық модуляция
Dolby Digital
Dolby Digital
Dolby Digital</td></tr>
<tr><td>Импульстік кодтық модуляция</td><td>Бәрі</td><td>Импульстік кодтық модуляция</td></tr>
<tr><td>Теледидар динамигі</td><td colspan="3">Сыртқы Hi-Fi жүйесі қолданылғанда, теледидардың ішкі динамигін қосады. Бейненің кіріс сигналы болмаса да, теледидар динамигін дыбыстың шығыс сигналы құрылғысы ретінде қолдануыңызға болады.
ЕСКЕРТПЕ
• Simplink үй кинотеатры істеп тұрғанда, теледидар үндеткіші өшірілсе, дыбыстың шығыс сигналы автоматты түрде үй кинотеатрының динамигіне ауысады, алайда ТД үндеткіші қосылғанда, дыбыс ТД үндеткіші параметрінен шығады.
• ДЫБЫС ішіндегі кейбір мәзірлер ТД үндеткіші параметрі Сөндіру күйіне орнатылғанда істемейді.</td></tr>
<tr><td rowspan="4">ARC режимі (Дыбыс қайтару арнасы)</td><td colspan="3">ARC (Кері дыбыс арнасы) мүмкіндігімен сыртқы дыбыс құрылғысын пайдаланғанда, SPDIF пішімін тек қосымша оптикалық кабельсіз High Speed HDMI кабелін қолдану арқылы шығаруға болады.
ЕСКЕРТПЕ
• Кейбір HDMI кабельдері бұл режимді қолдамауы мүмкін. (High Speed HDMI (Жылдамдығы жоғары HDMI) кабелін қолдану ұсынылады).
• ARC режимі теледидардың HDMI 1 кірісінде ғана істейді.
• Бұл функцияны қолдану үшін SIMPLINK функциясын іске қосады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Ерекшеліктер</td></tr>
<tr><td>Қосулы</td><td colspan="2">Егер ARC функциясымен қамтылған құрылғы қосулы болса, SIMPLINK іске қосылғанда, құрылғы динамигі автоматты түрде қолданылады.</td></tr>
<tr><td>Өшірулі</td><td colspan="2">Тіпті егер ARC функциясымен қамтылған құрылғы қосулы болса, SIMPLINK іске қосылғанда, құрылғы динамигі автоматты түрде қолданылмайды.</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Сандық теледидардың дыбыс параметрі (сандық режимде)</td><td colspan="3">Кіріс сигналында бірнеше дыбыс түрлері болғанда, бұл функция керекті дыбыс түрін таңдауға мүмкіндік береді.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Режим</td></tr>
<tr><td>Авто</td><td colspan="2">Автоматты түрде HE-AAC > Dolby Digital+ > Dolby Digital > MPEG ретімен шығарады (Италиядан басқалары).
Автоматты түрде HE-AAC > Dolby Digital+ > MPEG > Dolby Digital ретімен шығарады (тек Италия үшін).</td></tr>
<tr><td>HE-AAC
Dolby Digital+, Dolby Digital, MPEG</td><td colspan="2">Пайдаланушыларға қалаған дыбыс түрін таңдауларына мүмкіндік береді.
Мысалы, егер MPEG таңдалса, онда әрдайым MPEG шығарылады.
MPEG пішіміне қолдау көрсетілмесе, осы ретпен басқа дыбыс түрі орнатылады.</td></tr>
<tr><td rowspan="5">AV синхрондау</td><td colspan="3">Егер бейне және дыбыс үйлестірілмесе, оны қолмен қалыпқа келтіруіңізге болады.
(-) параметрі: дыбыс шығысын әдепкі мәннен жылдам ету.
(+) параметрі: дыбыс шығысын әдепкі параметрден баяу ету.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Ерекшеліктер</td></tr>
<tr><td>AV синхрондау</td><td colspan="2">Теледидар динамигі мен SPDIF қадамдастыруын реттейді.</td></tr>
<tr><td>Теледидар динамигі</td><td colspan="2">Теледидардың ішкі динамигінен шығатын дыбыс синхронизациясын күйіне келтіреді.</td></tr>
<tr><td>SPDIF (Sony Philips Digital InterFace)</td><td colspan="2">Сандық дыбыс шығысы портына жалғанған сыртқы динамиктен шығатын дыбыс синхронизациясын қалыпқа келтіреді.</td></tr>
</table>

Стерео/екі жақты сигналды қабылдау (Тек қана Аналог режимінде)

Арна таңдалғанда, станцияның дыбыс ақпараты арна нөмірі мен станция атауымен бірге көрсетіледі.

1 **Q. MENU** («ЖЫЛДАМ МӘЗІР») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерін басып, **Аудио** немесе **Аудио тілі** тармағына өтіңіз де, **OK түймесін басыңыз**

3 Шарлау түймесін басып дыбыс шығысына өтіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.

Телехабар	Экрандық дисплей
Моно **Стерео** **Екі жақты**	Моно Стерео екі жақты I, екі жақты II, екі жақты I + II

- **Моно дыбысты таңдау**
  Стерео қабылдаудағы стерео сигнал нашар болса, моно дыбысқа қосылуыңызға болады. Моно қабылдау режимінде дыбыс анықтығы жақсарады.

- **Екі тілде берілетін телехабарға тіл таңдау**
  Егер арнаны екі тілде қабылдау (қос тілді) мүмкін болса, ҚОС I, ҚОС II немесе ҚОС I+II параметрлерін ауыстырып қосуға болады.

ҚОС I динамиктерге негізгі телехабар тілін жібереді.
DUAL I I Динамиктерге екінші телехабар тілін жібереді.
DUAL I+I I Әр динамикке бөлек тіл жібереді.

Nicam жүйесімен сигнал қабылдау (тек аналогтық режимде)

Егер теледидарда NICAM жүйесімен сигнал қабылдауға арналған ресивер бар болса, жоғары сапалы NICAM (Near Instantaneous
Companding Audio Multiplex) сандық дыбысты қабылдауға болады.

Қабылданған телехабар түріне сәйкес дыбыс шығысын таңдауға болады.

1 **NICAM** монофондық дыбысы қабылданғанда, **NICAM MONO** немесе **FM MONO** параметрін таңдауға болады.

2 NICAM стерео дыбысы таңдалғанда, NICAM STEREO немесе FM MONO параметрін таңдауға болады.
Стерео сигналы әлсіз болса, **FM MOHO** параметріне ауысыңыз.


3 Қос **NICAM** сигналы қабылданғанда, **NICAM DUAL I**, **NICAM DUAL II** немесе **NICAM DUAL I+II** немесе **FM MONO** параметрін таңдауға болады.

Динамиктен шығатын дыбысты таңдау

AV, Құрамдас, RGB немесе HDMI режимдерінде сол және оң жақ дыбыс зорайтқыштарының шығыс дыбысын таңдай аласыз.
Дыбыс шығысын таңдаңыз.

L+R: дыбыстың L кірісіндегі дыбыс сигналы сол динамикке жіберіледі, ал R кірісіндегі дыбыс сигналы оң жақ динамикке жіберіледі.
L+L: дыбыстың L кірісіндегі аудио сигнал сол және оң жақ динамиктерге жіберіледі.
R+R: дыбыстың R кірісіндегі аудио сигнал сол және оң жақ динамиктерге жіберіледі.

УАҚЫТ параметрлері



1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 **Шарлау түймелерінің көмегімен ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, OK түймесін басыңыз.

3 **Шарлау түймелерінің көмегімен** УАҚЫТ **параметріне өтіп**, OK түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерінің көмегімен қалаған параметрге немесе опцияға өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
- Алдыңғы деңгейге қайту үшін, **BACK** («КЕРІ») түймесін басыңыз.

5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.

Қол жетімді уақыт параметрлері төменде сипатталған

Параметр	Сипаттама
Сағат	Уақытты, күнді, уақыт белдеуін және жазғы уақыт функциясын орнатады. Уақыт тарату станциясынан берілетін уақыт ақпараты бар сандық арна сигналына сәйкес автоматты түрде орнатылады. Бұл мүмкін болмаса, уақыт пен күнді қолмен орнатыңыз. **ЕСКЕРТПЕ** • Теледидар уақыты тарату сигналымен бірге қабылданатын Уақыт белдеуі және GMT (Гринвич уақыты) негізіндегі уақыт компенсациясының ақпаратымен орнатылады және уақыт сандық сигнал көмегімен автоматты түрде реттеледі. • Уақыт белдеуі мәзіріндегі қала аты офсет болып өзгерсе, уақытты 1 сағатқа өзгертуіңізге болады. • Уақыт белдеуі мәзірін Авто режиміне өзгертуге болады. **Уақыт белдеуі** Мәскеу Екатеринбург Омбы Красноярск Иркутск Якутск Владивосток Магадан Калининград Бұл Ресейдің 9 аймағының Уақыт белдеулерінің кестесі және қолданушы өз аймағының уақыт белдеуін таңдағанда, ол уақытты сәйкес аймақ үшін автоматты түрде орнатады. Бірақ, пайдаланушы өз аймағын таңдағанмен, тарату станциясының жергілікті уақыт ауысуын ұсынбаса немесе аймақ бойынша ақпарат сәйкес келмесе, пайдаланушы дұрыс уақытты орнату үшін уақыт белдеуінен Офсет тармағын таңдауына болады.

Параметр	Сипаттама
Сөндіру уақыты/Қосу уақыты	Теледидар автоматты түрде қосылатын немесе өшетін уақытты орнатады. Бұл функцияны қолдану үшін, ағымдағы уақыт пен күнді алдын ала орнатуыңыз қажет. **ЕСКЕРТПЕ** • Теледидар Қосу уақыты функциясы арқылы қосылғаннан кейін, 2 сағат ішінде ешқандай түйме басылмаса, теледидар автоматты түрде күту режиміне енеді. • Егер «Сөндіру уақыты» мен «Қосу уақыты» функцияларын бір уақытқа орнатсаңыз, «Сөндіру уақыты» функциясы Қосу уақыты функциясын болдырмайды.
Ұйықтау таймері	Теледидар өшкенге дейінгі уақыт ұзақтығын орнатады. Теледидарды өшіріп, қайта қоссаңыз, Автосөндіру таймері мүмкіндігі өшеді.
Авто күту режимі (Үлгіге байланысты)	Автоматты күту функциясы қосулы кезде ешқандай түйме басылмаса, теледидар автоматты түрде күту режиміне ауысады. **ЕСКЕРТПЕ** • Бұл функция дүкен көрсетілімі режимінде немесе бағдарламалық құрал жаңартылып жатқанда жұмыс істемейді.

ҚҰЛЫПТАУ параметрлері



1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 **Шарлау түймелерінің көмегімен ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, OK түймесін басыңыз.

3 **Шарлау түймелерінің көмегімен** ҚҰЛЫПТАУ **тармағына өтіп,** OK түймесін басыңыз.


4 **Шарлау түймелерінің** көмегімен қалаған параметрге немесе опцияға өтіп, OK түймесін басыңыз.
- Алдыңғы деңгейге қайту үшін, **BACK** («КЕРІ») түймесін басыңыз.

5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.

Қолдануға болатын құлыптау параметрлері төменде сипатталған.

Параметр	Сипаттама
Кілт сөз орнату	4 санды кілтсөзді өзгертеді. Әдепкі PIN «0»,«0»,«0»,«0». Мемлекет ретінде Франция таңдалғанда, кілтсөз «0», «0», «0», «0» емес, «1», «2», «3», «4» болады. Мемлекет ретінде Франция таңдалғанда, кілтсөз «0», «0», «0», «0» етіп орнатылмайды. Кілт сөзді ұмытсаңыз, қашықтан басқару құралында «0», «3», «2», «5» сандарын басыңыз.
Құлыптау жүйесі	Құлыптау жүйесін қосады немесе өшіреді.
Құлыптау бағдарламасы	Балалар көруге жарамайтын мазмұны бар бағдарламаларды құлыптайды. Бағдарламаларды таңдауға болады, бірақ экран қараңғы болады және дыбыс өшіріледі. Құлыптанған бағдарламаны көру үшін, кілт сөзді енгізіңіз. Бұл функцияны **Құлыптау жүйесі** «**Қосулы**» күйінде тұрғанда пайдалануға болады.
Ата-ана бақылауы	Бұл функция тарату станциясынан келетін ақпарат бойынша жұмыс істейді. Сондықтан, сигналда қате ақпарат болған жағдайда, бұл функция жұмыс істемейді. Бұл мәзірге кіру үшін, кілт сөз қажет. Бұл тіпті құрылғы өшірілсе де, соңғы рет орнатылған опцияны есте сақтау үшін жасалған. Белгілі бір ересектерге арналған теледидар бағдарламаларын рейтингтік шектеулер жиынтығына сәйкес балалардың көруін болдырмайды. Құлыптанған бағдарламаны көру үшін, кілт сөзді енгізіңіз. Рейтинг әр елде әртүрлі болады.
Кіріс сигналы тыйымы	Кіріс сигналы көздерін құлыптау. Бұл функцияны **Құлыптау жүйесі** «**Қосулы**» күйінде тұрғанда пайдалануға болады.

ОПЦИЯ параметрлері



1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 **Шарлау түймелерінің көмегімен ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, OK түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерінің көмегімен **ПАРАМЕТР** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

4 **Шарлау түймелерінің** көмегімен қалаған параметрге немесе опцияға өтіп, OK түймесін басыңыз.
- Алдыңғы деңгейге қайту үшін, **BACK** («КЕРІ») түймесін басыңыз.

5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.


Қолдануға болатын жалпы параметрлер төменде сипатталған.

<table>
<tr><th>Параметр</th><th colspan="2">Сипаттама</th></tr>
<tr><td rowspan="6">Тіл</td><td colspan="2">Дисплей немесе дыбыс тілін таңдайды.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Ерекшеліктер</td></tr>
<tr><td>Мәзір тілі</td><td>Керекті тілді таңдаңыз.</td></tr>
<tr><td>Дыбыс тілі</td><td>Дыбыс функциясы таңдаулы тілдің таңдалуына мүмкіндік береді. Таңдалған тілде дыбыстық деректер таратылмаса, әдепкі тіл дыбысы ойнатылады.
Дыбыс тілінің экрандық дисплей ақпараты<table><tr><th>Дисплей</th><th>Статус</th></tr><tr><td>Жоқ</td><td>Жоқ</td></tr><tr><td>MPEG</td><td>MPEG дыбысы</td></tr><tr><td>D</td><td>Dolby Digital Audio</td></tr><tr><td></td><td>“Көру қабілеті нашар” адамдарға арналған дыбыс</td></tr><tr><td>ABC</td><td>“Есту қабілеті нашар” адамдарға арналған дыбыс</td></tr><tr><td>D+</td><td>Dolby Digital Plus Audio</td></tr><tr><td>HE-AAC</td><td>HE-AAC Audio</td></tr></table></td></tr>
<tr><td>Субтитр тілі</td><td>Екі немесе одан көп субтитр тілі берілгенде Субтитр функциясын пайдаланыңыз. Таңдалған тілде субтитр деректері берілмесе, тілдің әдепкі субтитрі көрсетіледі.
Субтитр тілінің экрандық дисплей ақпараты<table><tr><th>Дисплей</th><th>Статус</th></tr><tr><td>Жоқ</td><td>Жоқ</td></tr><tr><td>TXT</td><td>Телемәтін субтитрі</td></tr><tr><td>ABC</td><td>«Есту қабілеті нашар» адамдар үшін субтитр</td></tr></table></td></tr>
<tr><td>Мәтін тілі</td><td>Сандық режимде екі немесе одан көп мәтін тілі таратылғанда, мәтін тілі функциясын пайдаланыңыз. Егер телемәтін деректері таңдалған тілде таратылмаса, әдепкі телемәтін тіл беті көрсетіледі.</td></tr>
<tr><td colspan="2">ЕСКЕРТПЕ
Аудио тілі, Субтитр тілі, Мәтін тілі үшін негізгі етіп таңдалған тілдеріне қолдау болмаса, екінші категория ішінен тілді таңдауыңызға болады.
Қызмет провайдері 1-3 таңбалық тарату жасағанда, аудио/субтитрлер қарапайым түрде көрсетілуі мүмкін.
Қосымша дыбыс («Көру/есту қабілеті шектеулі адамдарға» арналған дыбыс) параметрін таңдасаңыз, теледидар Негізгі дыбыстың бір бөлігін шығаруы мүмкін.</td></tr>
</table>

Параметр	Сипаттама	
Ел	Қалаған елді таңдайды. (Үлгіге байланысты) **ЕСКЕРТПЕ** • Орнату нұсқаулығы параметрін реттеу BACK («КЕРІ») түймесін басу арқылы аяқтамасаңыз, немесе OSD (экрандық дисплей) уақытынан асып кетсе, реттеу аяқталғанша, орнату мәзірі теледидар қосылған сайын әрдайым шығып тұрады. • Егер қате елді таңдасаңыз, телемәтін экранға дұрыс шығарылмай, телемәтін көрсету операциясы барысында кейбір қиындықтар туындауы мүмкін. • CI (Жалпы интерфейс) функциясы таратушы ел жағдайларына байланысты қолданылмауы мүмкін. • Сандық теледидар режимінің басқару түймелері елдің тарату жағдайларына байланысты жұмыс істемеуі мүмкін. • Сандық таратуды реттеу құрылмаған елде кейбір сандық теледидар функциялары сандық тарату жағдайларына байланысты жұмыс істемеуі мүмкін. • «UK» ел параметрі Ұлыбританияда ғана іске қосылуы тиіс. • Ел параметрі «--» етіп орнатылса, Европа құрлықтық сандық стандартты хабар тарату бағдарламаларын көруге болады, бірақ кейбір сандық теледидар функциялары тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін.	
Мүмкіндігі шектеулі кісілерге жәрдем (сандық режимде)	Аудио пікір немесе субтитрлер есту қабілеті немесе көру қабілеті нашар адамдарға арналған.	
	Ерекшеліктер	
	Есту қабілеті шектеулі	Бұл функция есту қабілеті шектелген адамдарға арналған. Егер функция қосулы болса, субтитр әдепкі түрде көрсетіледі.
	Дыбыстық сипаттама	Бұл функция соқырларға арналған және негізгі дыбысқа қосымша ретінде, теледидар бағдарламасындағы ағымдағы жағдайды суреттейтін түсіндірме дыбысын беріп отырады. Дыбыстық сипаттама қосулы параметрі таңдалған кезде, негізгі дыбыс және дыбыстық сипаттама функциясы тек дыбыстық сипаттама функциясы қосылған бағдарламалар үшін беріледі.
	Дыбыс қаттылығы	Дыбыстық сипаттама дыбысының қаттылығын өзгертеді
	Дыбыстық сигнал	Дыбыстық сипаттама ақпараты бар бағдарлама таңдалғанда, дыбыстық сигнал береді
Қуат көрсеткіші	Теледидардағы көрсеткіш шамын қосуға немесе өшіруге орнатады.	
	Ерекшеліктер	
	Күту режимінің шамы	Күту режимінде көрсеткіш шамының қосылуын немесе өшірілуін орнатады.
	Қуат шамы	Қуат қосылғанда, көрсеткіш шамының қосылуын немесе өшірілуін орнатады.
HbbTV (Үлгіге байланысты)	Бұл функция тек Германия, Францияда істейді. Қызмет құрылғы желіге жалғанбай тұрғанда шектеулі болуы мүмкін.	
Көрсеткіш (Үлгіге байланысты)	Magic Motion қашықтан басқару құралы көрсеткіш опциясын орнатады.	
	Ерекшеліктер	
	Жылдамдық	Көрсеткіш жылдамдығын өзгертеді.
	Пішін	Көрсеткіш пішінін таңдайды.
	Өлшемі	Көрсеткіш өлшемін өзгертеді.
	Туралау	Қашықтан басқару құралының бағытын оны солға және оңға сілку арқылы теледидар экранындағы меңзермен туралау. Сонда көрсеткіш автоматты түрде экранның ортасына барады.
Smart Share параметрі	DivX және DLNA опцияларын орнатады.	
	Ерекшеліктер	
	DivX VOD тіркеу	DivX қорғалған бейнелерді ойнату үшін теледидарыңызды тіркейді. (Мына бетті қараңыз:70)
	DivX тіркеуден шығару	Теледидарыңызды тіркеуден шығарады. (Мына бетті қараңыз:70)
	DMR	DMR (Digital Media Render) байланысын іске қосады немесе өшіреді.

Параметр	Сипаттама	
Деректер қызметі (тек Ирландияда.)	Егер MHEG (Сандық телемәтін) және Телемәтін параметрлерінің екеуі де бір уақытта бар болса, бұл функция пайдаланушыларға біреуін таңдауға мүмкіндік береді. Егер екеуінің біреуі ғана болса, таңдаған опцияңызға қарамастан, MHEG немесе Телемәтін іске қосылады.	
Өндіруші орнатқан күйге келтіру	Теледидарды зауыттық параметрлер қалпына келтіреді және барлық сақталынған бағдарламаларды өшіреді. Теледидар параметрлерін сіздің қалауыңызға сай бейімдейді. Теледидар алғаш рет қосылғанда, алдын-ала орнатылған зауыттық параметрлер экранда пайда болады. **ЕСКЕРТПЕ** • **Құлыптау жүйесі «Қосулы»** күйінде болғанда, кілт сөзді ұмытып қалсаңыз, қашықтан басқару құралындағы «0», «3», «2», «5» сандарын басыңыз.	
Құрылғы идентификаторы	Жалғанған құрылғыларға идентификация кодын қосады	
Режимді орнату	Әдепкі таңдау – «Үйде қолдану». Үйде көруге ең ыңғайлы бейне сапасын алу үшін, теледидарды «Үйде қолдану» режиміне орнату ұсынылады.	
	Ерекшеліктер	
	Үйде қолдану	Үйдегі ортаға осы параметрді таңдайды.
	Дүкенде көрсету	Бөлшек сауда ортасында осы параметрді таңдайды.
	Көрсетілім режимі	Теледидардың арнайы функцияларын көрсету үшін орнатады. Көрсетілім режимінен дыбыс қаттылығы және дыбысты өшіру түймелерінен басқа кез келген түймені басу арқылы шығуға болады. **ЕСКЕРТПЕ** • **Үйде қолдану** режимінде **Демо режимін** пайдалану мүмкін емес. • **Дүкенде көрсету режимінде Демо режимі** автоматты түрде **Қосулы** күйіне ауысады. • **Демо режимі Дүкенде көрсету** параметрінде **Сөндіру** күйіне орнатылғаннан кейін, **Демо режимі** іске қосылмайды және тек экран бастапқы қалпына келеді. • **Демо режимінде** 5 минут тұрғаннан кейін, экран автоматты түрде қалпына келтіріледі.
MHP Авто старт (Тек Италия) (Үлгіге байланысты)	Бұл мәзір тек Италияда іске қосылады және басқа елдердің MHP Мультимедиалық үй платформасы қызметтері дұрыс істемеуі мүмкін. Бұл — MHP, Италиялық дерек тарату қызметінің Авто старт функциясы. MHP сигналы бар арнада қолданыңыз. Телехабар станциясындағы жағдайға байланысты мәлімет тарату функциясы дұрыс істемеуі мүмкін.	
ИҚ құрылғысы (Үлгіге байланысты)	Сымсыз медиа қорабы құрылғысын жалғағанда реттейді (бөлек сатылады). Толық ақпарат алу үшін, «Сымсыз медиа қорабы» нұсқаулығындағы пайдалану нұсқауларын қараңыз.	

ЖЕЛІ параметрлері



1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 **Шарлау түймелерінің көмегімен ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, OK түймесін басыңыз.

3 **Шарлау түймелерінің көмегімен** ЖЕЛІ **бөліміне өтіп,** OK түймесін басыңыз.


4 **Шарлау түймелерінің** көмегімен қалаған параметрге немесе опцияға өтіп, OK түймесін басыңыз.
- Алдыңғы деңгейге қайту үшін, **BACK** («КЕРІ») түймесін басыңыз.

5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.

Қолдануға болатын желі параметрлері төменде сипатталған.

Параметр	Сипаттама	
Желі параметрі	Желі параметрлерін күйіне келтіреді (Мына бетті қараңыз:45).	
Желі статусы	Желі күйін көрсетеді (Мына бетті қараңыз:51).	
Smart TV параметрі	Ауа райы болжауы қамтамасыз етілген аймақты орнатып, теледидарда құрылған идентификациялық кодтарды басқарыңыз.	
	Параметр	
	Ел параметрі	Қосымша қызметтер үшін елді орнатады. Сіз орнатқан елге байланысты әр түрлі қосымша қызметтер қамтамасыз етіледі.
	Ауа райы әсері	Қосымша қызмет фонында көрсетілетін ауа райы үшін аймақты орнатады. Аймағыңызды таңдаңыз.
	Қосымша қызмет нұсқасы	Қосымша қызмет нұсқасын көрсетеді.
	Идентификациялық кодты басқару	Теледидарға орнатылған идентификациялық кодтардың логин тарихын басқарады.
	Қалпына келтіру	Теледидарға қосылған бүкіл идентификаторларды жойыңыз.
Ресми ескерту	Ресми ескертуді көрсетеді. (Мына бетті қараңыз:53)	

ҚОЛДАУ параметрлері



1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 **Шарлау түймелерінің көмегімен ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, OK түймесін басыңыз.

3 **Шарлау түймелерінің көмегімен** ҚОЛДАУ **мәзіріне өтіп,** OK түймесін басыңыз.

4 **Шарлау түймелерінің** көмегімен қалаған параметрге немесе опцияға өтіп, OK түймесін басыңыз.
- Алдыңғы деңгейге қайту үшін, **BACK** («КЕРІ») түймесін басыңыз.

5 Аяқтағаннан кейін, **EXIT** («ШЫҒУ») түймесін басыңыз.

Қолдануға болатын қолдау параметрлері төменде сипатталған.

Параметр	Сипаттама
Бағдарламаны жаңарту	Теледидарды ең жаңа бағдарламалармен жаңарту.
Суретті тексеру **Дыбысты тексеру**	Сурет немесе орнатылған мелодияларды тексереді. » Егер бұл тексеруде қате болса, Иә жауабын таңдаңыз. Өнім немесе қызмет туралы ақпарат көрсетіледі. » Егер бұл тексеруде қателер болмаса, сыртқы құрылғылардың байланыс күйін тексеріп, сыртқы құрылғылардың нұсқаулығын қараңыз.
Сигналды тексеру	MUX және қызметтер туралы және т.б. ақпаратты көрсетеді. **ЕСКЕРТПЕ** • Бапталған *MUX (мультиплексордың) сигнал күшін және ақпаратты көрсетеді. • Бұл таңдалған MUX сигнал ақпаратын және қызмет атауын көрсетеді.(*MUX: сандық хабар таратудағы жоғары арналар тізімі (бір MUX көптеген арналарды қамтиды.)) • **Жолсерік** функциясын авто күйге келтіру кіріс көзі ретінде таңдасаңыз, сигнал тексерісі көрсетілмейді. **Антенна және спутник** немесе **Кабель және спутник** параметрлерін таңдасаңыз, сигнал тексерісі тек **Антенна** немесе **Кабель параметрі үшін** көрсетіледі.
Өнім/қызмет ақпараты	Өнім немесе қызмет туралы ақпаратты көрсетеді. Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығы елге байланысты ерекшеленуі мүмкін.
Премиумның басталуы	Бастапқы мәзірді жаңарту барысында қате орын алса, бастапқы мәзірді іске қосыңыз. Осыдан кейін, теледидар автоматты түрде өшіп, қайта қосылады.

Қазақша

БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

Теледидарға әр түрлі сыртқы құрылғыларды жалғап, сыртқы құрылғыны таңдау үшін, кіріс сигналы режимдерін ауыстырып қосыңыз. Сыртқы құрылғы байланысы туралы толық ақпарат алу үшін әр құрылғымен берілген нұсқаулықты қараңыз.
Қолдануға болатын сыртқы құрылғылар: HD ресиверлері, DVD ойнатқыштары, бейнемагнитофондар, дыбыстық жүйелер, USB жад құрылғылары, компьютерлер, ойын құрылғылары және басқа да сыртқы құрылғылар.

ЕСКЕРТПЕ

- Теледидар бағдарламасын DVD рекордеріне немесе бейнемагнитофонға жазғанда, теледидардың сигнал кіріс кабелін теледидарға міндетті түрде DVD рекордері немесе бейнемагнитофон арқылы жалғаңыз. Жазу туралы қосымша ақпарат алу үшін, жалғанған құрылғының нұсқаулығын қараңыз.
- Сыртқы құрылғыны жалғау түрі үлгіден ерекшеленуі мүмкін.
- Теледидарға сыртқы құрылғыларды теледидар портының ретіне қарамастан жалғаңыз.


Байланыстарға шолу

Әртүрлі сыртқы құрылғыларды теледидардың артқы панеліндегі порттарға жалғаңыз.

1 Теледидарға қосылатын керекті сыртқы құрылғыны төмендегі мысал суретте көрсетілгендей тауып алыңыз.

2 Сыртқы құрылғының байланыс түрін тексеріңіз.

3 Тиісті мысал суретке өтіп, байланыс орнату мәліметтерін тексеріңіз.



ЕСКЕРТПЕ

- Ойын құрылғысын теледидарға жалғаған кезде, құрылғымен бірге жабдықталған кабельді қолданыңыз.
- Пайдалану бойынша нұсқауларды сыртқы құрылғының нұсқаулығынан қараңыз.

Қазақша


- **БАЙЛАНЫС ОРНАТУ** туралы осы бөлімде негізінен 47/55LW95** үлгілерінің сызбалары пайдаланылады.
- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

HD ресиверіне, DVD ойнатқышына немесе бейнемагнитофонға жалғау

HD ресиверін, DVD ойнатқышын немесе бейнемагнитофонды теледидарға жалғап, кіріс сигналының тиісті режимін таңдаңыз.

HDMI байланысы

Сандық бейне және дыбыс сигналдарын сыртқы құрылғыдан теледидарға жібереді. Келесі суретте көрсетілгендей сыртқы құрылғы мен теледидарды HDMI кабелімен жалғаңыз.




ЕСКЕРТПЕ

- CEC (Тұрмыстық электроника басқармасы) функциясымен ең жаңа жылдамдығы жоғары HDMI™ кабелін қолданыңыз.
- High Speed HDMI™ (Жылдамдығы жоғары HDMI™) кабельдері 1080p және одан жоғары HD сигналын тасымалдауға тексерілген.

DVI-HDMI байланысы


Сандық бейне сигналдарын сыртқы құрылғыдан теледидарға жібереді. Сыртқы құрылғы мен теледидарды DVI-HDMI кабелімен суретте көрсетілгендей жалғаңыз.Дыбыс сигналын тасымалдау үшін, дыбыс кабелін жалғаңыз.



Қазақша

Құрамдас бөлік байланысы

Аналогтық бейне және дыбыс сигналдарын сыртқы құрылғыдан теледидарға жібереді. Сыртқы құрылғы мен теледидарды құрамдас кабельмен суретте көрсетілгендей жалғаңыз.




ЕСКЕРТПЕ

- Егер кабельдер дұрыс орнатылмаса, бейнені қара және ақ түсте немесе бұрмаланған түсте көрсетуі мүмкін. Кабельдің сәйкес түс байланысына сай жалғанғандығын тексеріңіз.

Euro Scart байланысы

Бейне және дыбыс сигналдарын сыртқы құрылғыдан теледидарға жібереді. Келесі суретте көрсетілгендей, сыртқы құрылғы және теледидарды Euro Scart кабелі арқылы жалғаңыз. Бейнелерді прогрессивту шолу функциясын қолдану арқылы көрсету үшін, Euro Scart кабелі пайдаланылғандығына көз жеткізіңіз.



Шығыс түрі / Ағымдағы кіріс режимі	AV1 (TV Out[1])	AV1 (Жазу құрылғысы қолданылып отырып, СТД жоспарланған жазуы жүргізілгенде.)
Сандық ТД	Сандық ТД	O
Аналогтық ТД, AV	Аналогтық ТД	O (Кіріс режимі DTV сигналына түрлендіріледі.)
Component/RGB	Аналогтық ТД	
HDMI	X	X

1 ТД шығысы: аналогтық немесе сандық ТД сигналдарын шығарады.


ЕСКЕРТПЕ

- Кез келген Евро «Scart» кабелі сигналдан қорғалған болу керек.
- Сандық теледидарды 3D бейне режимінде көргенде, монитордың шығыс сигналдары «SCART» кабелі арқылы шығарылмайды. (Тек 3D үлгілерінде)
- Сандық теледидарда жоспарланған жазу орындалып жатқанда 3D режимін қоссаңыз, монитордың шығыс сигналдары «SCART» кабелі арқылы шығарылмайды және жазу да орындалмайды. (Тек 3D үлгілерінде)


Қазақша

Құрама байланыс

Аналогтық бейне және дыбыс сигналдарын сыртқы құрылғыдан теледидарға жібереді. Келесі суретте көрсетілгендей, сыртқы құрылғы мен теледидарды құрама кабелімен жалғаңыз.



немесе



ЕСКЕРТПЕ

- Моно бейнемагнитофоныңыз болса, дыбыс кабелін бейнемагнитофоннан AUDIO L/MONO («ДЫБЫС СОЛ ЖАҚ/МОНО») ұясына жалғаңыз.


Компьютерге жалғау

ЕСКЕРТПЕ

- Жоғары бейне сапасын алу үшін теледидарды HDMI байланысымен қолдану ұсынылады.


HDMI байланысы

Сандық бейне және дыбыс сигналдарын компьютерден теледидарға жібереді. Төмендегі суреттерде көрсетілгендей, HDMI кабелі арқылы компьютер мен теледидарды жалғаңыз.




DVI-HDMI байланысы

Сандық бейне сигналын компьютерден теледидарға жібереді. Келесі суретте көрсетілгендей, компьютер мен теледидарды DVI-HDMI кабелімен жалғаңыз. Дыбыс сигналын тасымалдау үшін, дыбыс кабелін жалғаңыз.



RGB байланысы

Аналогтық бейне сигналын компьютерден теледидарға жібереді. Төмендегі суреттерде көрсетілгендей компьютер мен теледидарды қамтамасыз етілген D-sub 15 контактылы сигналдық кабелімен жалғаңыз. Дыбыс сигналын тасымалдау үшін, дыбыс кабелін жалғаңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Компьютер режимінде ажыратымдылық, тік үлгі, түс контрасты немесе ашықтыққа байланысты кедергілер тууы мүмкін. Компьютер режимін басқа ажыратымдылыққа немесе жаңалау жиілігін басқа жиілікке өзгертіңіз немесе мәзірдегі ашықтық және түс контрастын бейне таза болғанға дейін реттеңіз. Егер компьютер графикалық картасының жаңалау жиілігі өзгерілмесе, компьютер графикалық картасын өзгертіңіз немесе жабдықтаушыдан компьютер графикалық картасы туралы кеңес алыңыз.
- Көлденең және тік жиіліктің қадамдастыру кіріс сигналының қисық сызық пішімдері бөлек болады.
- Компьютер режимінде 1920x1080, 60 Гц шамасын пайдалануды ұсынамыз, бұл ең жақсы сурет сапасын қамтамасыз етуі керек.
- Компьютер мониторы шығыс портынан сигнал кабелін теледидардың RGB (PC) портына немесе компьютердің HDMI шығыс портынан теледидардың HDMI IN (немесе HDMI/DVI IN) портына жалғаңыз.
- Дыбыс кабелін компьютерден теледидардың дыбыс кірісіне жалғаңыз. (Аудиокабельдер теледидармен бірге жабдықталмайды).
- Дыбыстық картаны қолданған кезде, компьютер дыбысын қажетті күйге келтіріңіз.
- Егер компьютердің графикалық картасы аналогтық және сандық RGB сигналын бір уақытта шығара алмаса, компьютерден бейнелерді теледидарға шығару үшін RGB немесе HDMI IN (немесе HDMI/DVI IN) режимдерінің тек біреуін жалғаңыз.
- DVI-HDMI кабелін қолдансаңыз, DOS режимі бейне картасына байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.
- Тым ұзын RGB-PC кабелін қолдансаңыз, экранда кедергілер болуы мүмкін. Ұзындығы 5 м аспайтын кабель пайдалануды ұсынамыз. Бұл ең жақсы сурет сапасын қамтамасыз етеді.

Дыбыс жүйесіне қосылу


Ішкі динамиктің орнына сыртқы дыбыс жүйесін қолданыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Ішкі динамиктің орнына сыртқы аудио құрылғысын пайдаланған жағдайда, теледидардың динамигін ажыратып тастаңыз (Мына бетті қараңыз:104).

Сандық оптикалық дыбыс байланысы

Сандық дыбыс сигналын теледидардан сыртқы құрылғыға жібереді. Келесі суретте көрсетілгендей сыртқы құрылғы мен теледидарды оптикалық дыбыс кабелімен жалғаңыз.




ЕСКЕРТУ

- Оптикалық шығыс портына қарауға болмайды. Лазер сәулесіне қарау көзіңізге зақым келтіруі мүмкін.

Құлақаспап байланысына қосылу

Құлақаспап арқылы дыбыс тыңдау.




ЕСКЕРТПЕ

- AUDIO (Дыбыс) мәзірінің тармақтары құлақаспап жалғанғанда өшіріледі.
- Құлақаспапты жалғап, **AV режимін** өзгерткенде, өзгертулер дыбысқа емес, тек бейнеге қатысты болады.
- Оптикалық сандық дыбыс шығысы құлақаспап жалғанғанда өшіріледі.
- Құлақаспап кедергісі: 16 Ω
- Құлақаспаптағы дыбыс шығысының ең жоғары мөлшері: 10-15 мВт
- Құлақаспап ұясының мөлшері: 0,35 см


USB құрылғысына қосылу

USB флэш жады, сыртқы қатты диск немесе USB жад картасын оқу құрылғысы сияқты USB сақтау құрылғыларын теледидарға жалғап, Smart Share мәзірі арқылы әртүрлі мультимедиа файлдарын пайдаланыңыз. «USB сақтау құрылғыларын жалғау» және «Файлдарды шолу» бөлімдерін қараңыз.



CI модуліне жалғау

Шифрленген (ақылы) қызметтерді сандық теледидар режимінде көру. Бұл мүмкіндік барлық елде жоқ.
(Мына бетті қараңыз:40).




ЕСКЕРТПЕ

- CI модулінің PCMCIA карта ұясына дұрыс салынғанын тексеріңіз. Егер модуль сәйкесінше енгізілмесе, теледидар немесе PCMCIA карта ұяшығына зақым келуі мүмкін.

Wireless Media Box (Сымсыз медиа қорабы) құрылғысын жалғау

Wireless Control (Сымсыз басқару) порты бар LG теледидарлары бөлек сатылатын LG Wireless Media Box құрылғысын қолдайды. Теледидарға Сымсыз байланысқа дайын кілтін (Wireless Media Box (Сымсыз медиа қорабы) құрылғысымен бірге қамтамасыз етіледі) жалғағанда, LG Wireless Media Box құрылғысына сыртқы құрылғыны жалғауға болады, ал бейне мен дыбыс теледидарға сымсыз түрде жіберіледі.

Пайдалану бойынша нұсқауларды сымсыз Media Box пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Сымсыз Media Box құралына жалғанған сыртқы құрылғыны пайдаланғанда, теледидар мәзірінің кейбір функциялары жұмыс істемеуі мүмкін.

SIMPLINK байланысы

HDMI-CEC арқылы HDMI кабелімен жалғанған AV құрылғысымен ойнатып, басқарыңыз. Бұл теледидар HDMI-CEC қолдайтын құрылғылармен жұмыс істеуі мүмкін, алайда логотиптері бар құрылғыларды ғана SIMPLINK толығымен қолдайды.

HDMI кабелінің бір ұшын теледидардың артындағы HDMI/DVI IN немесе HDMI IN ұясына, ал екінші ұшын SIMPLINK құрылғысына жалғаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жалғанған құрылғы HDMI-CEC интерфейсін қолдамаса, SIMPLINK функциясын пайдалану мүмкін болмайды.
- SIMPLINK функциясын пайдалану үшін, *CEC функциясы бар жоғары жылдамдықты HDMI кабелі қажет. (*CEC: тұрмыстық электроника басқармасы).
- HDMI-CEC функциясы бар басқа құрылғыны қолдансаңыз, SIMPLINK жұмыс істемеуі мүмкін.
- Сымсыз сыртқы шығыс SIMPLINK функциясын қолдамайды.

SIMPLINK мәзірлерін қосу және қолдану

1 Кіріс көздеріне ену үшін **INPUT** («КІРІС») түймесін басыңыз.

2 SIMPLINK мәзірлеріне кіру үшін Қызыл түймені басыңыз.

3 **Қосулы** күйіне өту үшін, Шарлау түймелерін басыңыз.

4 Құрылғылардың біреуіне өту үшін, Шарлау түймелерін басыңыз және **OK** түймесін басыңыз.



№	Сипаттама
1	Алдында көрсетілген арнаны көрсетеді.
2	Дисктерді ойнатады. Бірнеше диск болған кезде, диск атауы экранның төменгі жағында көрсетіледі.
3	Жалғанған бейнемагнитофонды басқарады.
4	HDD жазуларын ойнату: HDD пішімінде сақталған жазуды басқарады.
5	Үй кинотеатрының динамигіне немесе теледидарға арналған дыбыс шығысы: үй кинотеатрының динамигі мен теледидар динамигінің арасындағы дыбыс сигналының шығысын өзгертеді.

- Таңдалған құрылғының алдында құсбелгі пайда болады.
- Бар құрылғылар ашық түспен көрсетіледі.
- Жоқ құрылғылар сұр түсте көрсетіледі.

5 Таңдалған AV құрылғысын басқарады.

- Тікелей ойнату: AV құрылғыларын теледидарға жалғағаннан кейін, қосымша параметрлерсіз құрылғыларды тікелей басқаруға және мультимедиа файлдарын ойнатуыңызға болады.
- AV құрылғысын таңдау: теледидарға қосылған AV құрылғыларының біреуін таңдауыңызға мүмкіндік береді.
- **Диск ойнату**: Жалғанған AV құрылғыларын Шарлау түймелерін **OK**, ▶, ■, **II**, ◀◀ және басу арқылы басқарыңыз.
- Барлық құрылғылардың қуатын ажырату: теледидардың қуатын ажыратқанда, жалғанған барлық құрылғылар өшіріледі.
- Дыбыс шығысын ауыстырып қосу: дыбыс шығысын оңай ауыстырып қосуға мүмкіндік береді.
- Қуатты бірге қосу: HDMI терминалына қосылған SIMPLINK функциялы жабдық ойнатыла бастағанда, теледидар автоматты түрде қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер кіріс көзін **INPUT** («КІРІС») түймесін басу арқылы өзгертсеңіз, SIMPLINK құрылғысының жүріп жатқан функциясы тоқтайды.
- Үй кинотеатры функциясы бар құрылғы таңдасаңыз, дыбыс автоматты түрде үй кинотеатрының динамигінен шыға бастайды, ал теледидар динамигі өшеді.
- Егер жалғанған SIMPLINK үй кинотеатры жүйесі теледидардың дыбысын шығармаса, оптикалық кабель арқылы теледидардың артындағы DIGITAL AUDIO OUT ұясы мен SIMPLINK құрылғысының артындағы DIGITAL AUDIO IN ұясын бір-біріне жалғаңыз.

ТЕЛЕМӘТІН

• Бұл мүмкіндік барлық елде жоқ.
Телемәтін — минут сайын жаңалықтар, ауа райы, теледидар бағдарламалары, акциялар құны, т.б. көптеген тақырыптардағы мәліметтерді беретін, көптеген ТВ станциялары тарататын тегін қызмет.

Осы теледидардың телемәтін декодері SIMPLE, TOP және FASTEXT жүйелерін қолдайды. SIMPLE (стандартты телемәтін) бірнеше беттен тұрады. Бұларды тікелей бет нөмірін енгізіп, таңдауға болады. TOP және FASTEXT —- телемәтін ақпаратын жеңіл әрі жылдам таңдауға мүмкіндік беретін жаңа әдістер.

Қосу және өшіру

Телемәтін режиміне ауыстырып қосу үшін, TEXT («МӘТІН») түймесін басыңыз. Экранға қаралған бірінші немесе соңғы беттері шығады. Экранның басында екі беттің нөмірлері, ТВ станциясының атауы, күн және уақыт көрсетіледі. Бірінші бет нөмірі таңдауыңызды білдіреді, екіншісі ағымдағы бетті көрсетеді. Телемәтін режимін өшіру үшін, **TEXT** («МӘТІН») түймесін басыңыз. Алдыңғы режим қайта пайда болады.

Қарапайым мәтін

Бетті таңдау

1 САНДЫҚ түймелермен керекті бет нөмірін 3 санды нөмір ретінде енгізіңіз. Енгізерде қате нөмірді басқан болсаңыз, онда 3 таңбалы нөмірді енгізуді аяқтаңыз да, беттің дұрыс нөмірін қайта енгізіңіз.

2 **P** ∧ ∨ түймесін алдыңғы немесе келесі бетті таңдау үшін қолдануға болады.

Жоғары мәтін

Пайдаланушы нұсқаулығы экранның астыңғы жағында төрт – қызыл, жасыл, сары және көк жолақтарды көрсетеді. Сары жолақ келесі топты, ал көк жолақ келесі блокты білдіреді.

Блокты / топты / бетті таңдау

1 Көк түйменің көмегімен блоктан блокқа ауысуға болады.

2 Келесі блокқа автоматты түрде өткізетін келесі топқа өту үшін, Сары түймені пайдаланыңыз.

3 Келесі топқа автоматты түрде өткізетін келесі бетке өту үшін, Жасыл түймені пайдаланыңыз.

4 Әйтпесе, **P** ∧ түймесін пайдалануыңызға болады. Қызыл түйме алдыңғы талғамға қайтарады. Немесе **P** ∨ түймесін пайдалануға болады.

Бетті тікелей таңдау

«Қарапайым» телемәтін режимінде, «Жоғарғы» режимінде САНДЫҚ түймелерді пайдаланып бетті үш санды нөмір ретінде енгізіп таңдауға болады.

Fastext (Жылдам мәтін)

Телемәтін беттері экранның төменгі жағында әр түрлі түспен белгіленген және тиісті түсті түймені басу арқылы таңдалады.

Бетті таңдау

1 **T.OPT** түймесін басып, Шарлау түймелерінің көмегімен мәзірді таңдаңыз. Индекстер бетін көрсету.


2 Төменгі сызықтың бойында түспен белгіленген беттерді тиісті түсті түймелердің көмегімен таңдауға болады.

3 Қарапайым телемәтін режиміндегідей, FASTEXT режимінде бетті САНДЫҚ түймелерімен үш санды нөмірді енгізу арқылы таңдауыңызға болады.

4 P ∧ ∨ түймесін алдыңғы немесе келесі бетті таңдау үшін қолдануға болады.

Арнайы телемәтін функциясы

T. OPT түймесін басып, Шарлау түймелерін қолдану арқылы **Мәтін опциясы** мәзірін таңдаңыз.



Көрсеткіш

Әрбір индекс бетін таңдаңыз.

Уақыт

Теледидар бағдарламасын қарау барысында экранның жоғарғы оң жақ бұрышынан уақытты көрсету үшін осы мәзірді таңдаңыз.
Телемәтін режимінде ішкі бет нөмірін таңдау үшін осы түймені басыңыз. Ішкі бет нөмірі экранның төменгі жағында көрсетіледі.
Ішкі бетті ұстап қалу немесе өзгерту үшін, Қызыл түймені, Жасыл түймені < > немесе САНДЫҚ түймелерді басыңыз.

Ұстау

Мәтін беттері 2 не одан да көп ішкі беттерден тұрғанда пайда болатын беттің автоматты түрде ауысуын тоқтатады. Ішкі беттердің нөмірі және көрсетілген ішкі бет экрандағы уақыттың астында бейнеленеді. Бұл мәзір таңдалған кезде, тоқтату белгісі экранның жоғарғы сол жақ бұрышында бейнеленеді және автоматтық бет ауыстыру әрекетсіз күйге келеді.

Айқындау

Жұмбақтар мен бас қатырғыштар жауаптары секілді жасырын ақпаратты қарау үшін, осы мәзірді таңдаңыз.

Жаңарту

Жаңа телемәтін бетін күту кезінде экранға теледидар суреттерін шығарады. Дисплей экранның сол жақ жоғарғы бұрышында пайда болады. Жаңартылған бет пайда болғаннан кейін кейін, бейне бет нөміріне ауысады. Жаңартылған телемәтін бетін қарап шығу үшін, осы мәзірді таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Біріккен Корольдікте (сандық режимде) **T. OPT** түймесі істемейді.

САНДЫҚ ТЕЛЕМӘТІН

- Бұл функция тек Біріккен Корольдікте, Ирландияда ғана жұмыс істейді.

Теледидар мәтін, графика, т.б жақтарынан айтарлықтай жетілдірілген сандық телемәтінді пайдалануға мүмкіндік береді.
Бұл сандық телемәтін сандық телемәтінді тарататын арнайы сандық телемәтін қызметтері мен арнайы қызметтерге кіре алады.

Сандық қызмет ішіндегі телемәтін



1 Сандық телемәтінді тарататын сандық қызметті таңдау үшін, санды немесе **P** ∧ ∨ түймесін басыңыз.

2 Сандық телемәтіндегі нұсқауларды қолдана отырып, **TEXT («МӘТІН»), OK,** Шарлау түймесін, қызыл, жасыл, сары, көк түймені немесе **Сандық түймелерді және т.б.** басу арқылы келесі қадамға өтіңіз.

3 Телемәтіннің сандық қызметін өзгерту үшін, санды немесе **P** ∧ ∨ түймесі арқылы басқа қызметті таңдаңыз.

Сандық қызмет ішіндегі телемәтін



1 Сандық телемәтінді тарататын белгілі бір қызметті таңдау үшін,санды немесе **P** ∧ ∨ түймесін басыңыз.

2 TEXT («МӘТІН») немесе түрлі түсті түймені басып, телемәтінді қосыңыз.

3 Сандық телемәтіндегі нұсқауларды қолдана отырып, **OK,** Шарлау түймесін, қызыл, жасыл, сары, көк түймені немесе **Сандық түймелерді** және т.б. басу арқылы келесі қадамға өтіңіз.

4 Сандық телемәтінді өшіріп, ТД көру үшін, TEXT («МӘТІН») немесе түрлі түсті түймені басыңыз.

Кейбір қызметтер қызыл түймені басу арқылы мәтіндік қызметтерге кіруге мүмкіндік береді.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Өнім жақсы істеуі және оның жұмыс мерзімін арттыру үшін, теледидарды жиі жаңартып және тазалап тұрыңыз.

Теледидардың аппараттық-бағдарламалық жасақтамасын жаңарту

Аппараттық-бағдарламалық құралды жаңарту серверіне немесе тарату OTA қызметіне қосылу арқылы өнім жұмысын жақсарту немесе өзгерту немесе жаңа функцияларды енгізу мақсатында ең жаңа аппараттық-бағдарламалық құралды жүктеп, орнатыңыз.
Интернет ортасына немесе сандық теледидар сигналының күшіне байланысты, аппараттық-бағдарламалық құрал жаңартуы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Олай болған жағдайда, ең жаңа аппараттық-бағдарламалық жасақтама нұсқасын өкілетті LG Electronics қызмет көрсету орталығынан алуыңызға болады.

Ағымдағы аппараттық-бағдарламалық жасақтама нұсқасын тексеру немесе жаңарту.


1 Негізгі мәзірге кіру үшін **Home** («Негізгі») түймесін басыңыз.

2 Шарлау түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 **Шарлау түймелерінің көмегімен** ҚОЛДАУ **мәзіріне өтіп,** OK түймесін басыңыз.

4 Шарлау түймелерінің көмегімен **Бағдарламалық құралды жаңарту** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
Ағымдағы аппараттық-бағдарламалық жасақтама нұсқасы көрсетіледі.

5 Жаңа аппараттық-бағдарламалық жасақтама нұсқасын қолмен тексеру үшін **Жаңарту нұсқасын тексеру** жазуын таңдаңыз.



Бағдарламаны жаңарту - **Қосу** күйі таңдалса, теледидар NSU*/OTA* арқылы жаңа аппараттық-бағдарламалық құралды табады да, экранда жаңарту қалқымалы терезесі пайда болады.
* NSU (Желілік аппараттық-бағдарламалық жасақтамана жаңарту): Егер теледидар интернетке қосылған болса, теледидар LG серверіне жүктелген жаңа аппараттық-бағдарламалық жасақтаманы тауып алады.
* OTA (ауа арқылы): Сандық тарату жүйесі көріп жатқанда, теледидарға сандық теледидар сигналы арқылы жаңа аппараттық-бағдарламалық құрал жіберіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Аппараттық-бағдарламалық жасақтаманы жаңарту барысында, LAN кабелін суырмаңыз, теледидарды өшіріңіз немесе қуат сымын розеткадан шығарыңыз.
- OTA арқылы аппараттық-бақдарламалық құралды жаңарту барысында арнаны ауыстырсаңыз, жаңарту үрдісі тоқтайды. Бастапқы бағдарламаға қатқанда, үрдіс қайта жалғасады. Қашықтан басқару құралын қолдану арқылы қуат сөндірілсе де, жаңарту жалғаса береді. Мұндай жағдайда қуат көрсеткіші түсінің өзгеруі және экранда көмескі жарық пайда болуы қалыпты болып табылады. Жаңарту аяқталғаннан кейін, система қалыпты жұмыс істейді.
- Бағдарламалық жасақтама NSU арқылы жаңартылып жатқанда, қосымша қызмет өшіріледі.
- Бағдарламалық құралды жаңарту күйін Бағдарламаны жаңарту мәзірінен немесе арна атауының астында көрсетілетін жаңарту ақпаратынан тексеруіңізге болады.
- Байланысты жаңарту қызметі (Тек Норвегиядағы үлгілер): Magic Motion қашықтан басқару құралындағы осы түймені немесе «Жаңарту айқындалды» жазуын көргенде, қызыл түймені басып, LG OTA қызметінің сандық теледидар арнасында бар-жоғын тексеруге болады.

6 Жаңарту аяқталғаннан кейін, теледидар автоматты түрде 5 секундтан өшіп, қайта қосылады.
Кейбір **ОРНАТУ**, **СУРЕТ** немесе **ДЫБЫС** мәзірлерін қайта орнату қажет болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Ескі аппараттық-бағдарламалық жасақтама нұсқасына өту мүмкін емес.
- Аппараттық-бағдарламалық құралдың өлшеміне, желі жағдайына немесе сандық теледидар сигналының күшіне байланысты аппараттық-бағдарламалық құралды жаңартуға кететін уақыт мерзімі әртүрлі болады.
- Аппараттық-бағдарламалық жасақтаманы жаңартуды жүктеу сымсыз жүзеге аспаса, уақытша кабельді маршрутизаторға тікелей жалғаңыз. Әлі де мәліметтерді жүктемесе, тұтынушыларға қызмет көрсету орталығымен байланысыңыз.

Теледидарды тазалау

ЕСКЕРТУ

- Алдымен, теледидарды өшіріп, қуат сымы мен басқа кабельдерді ажыратыңыз.
- Теледидар ұзақ уақыт қараусыз қалса және пайдаланылмаса, найзағайдан және кернеудің өзгеруінен пайда болатын зақымдардан сақтау үшін, қуат сымын розеткадан ажыратыңыз.

Экран және жақтау

Шаңды немесе кішкене кірді кетіру үшін, бетті құрғақ, таза және жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Көп кірді кетіру үшін, бетті таза немесе жұмсақ жуғыш зат қосылған суға малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Одан соң, дереу құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Тырнақпен немесе үшкір затпен бетін итермеңіз, ысқыламаңыз немесе соқпаңыз. Экран бетінде сызықтар пайда болып, бейне бұрмалануы мүмкін.
- Балауыз, бензин, спирт, сұйылтқыштар, инсектицид, ауа тазартқыштар, майлар сияқты химиялық заттарды пайдаланбаңыз: экранның сыртқы қабатын зақымдап, түстің кетуіне әкелуі мүмкін.

Түпқойма және тірек

Шаңды немесе кішкене кірді кетіру үшін, түпқойманы құрғақ, таза және жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
Көп кірді кетіру үшін түпқойманы таза суға немесе жұмсақ жуғыш зат қосылған суға малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Одан соң, дереу құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Экран бетіне сұйықтық шашпаңыз. Теледидарға су кірген жағдайда, өрт, электр соғуы орын алуы немесе теледидар істемей қалуы мүмкін.
- Химиялық заттарды пайдаланбаңыз. Олар экран бетін зақымдайды.

Қуат сымы

Қуат сымында жиналған шаң мен кірді жиі сүртіп тұрыңыз.

Теледидар экранында «Бейненің басылып қалуы» мен «Бейне ізінің» пайда болуына жол бермеу



- Егер ТД экранындағы бейне ұзақ уақыт бойы қозғалыссыз тұрса, одан із қалып, экрандағы бейне тұрақты түрде бұрмалануы мүмкін. Бұл «бейненің басылып қалуы» немесе «Бейне ізі» және бұған кепілдік берілмейді.
- Егер теледидардағы бейне енінің биіктігіне ара қатысы ұзақ уақыт бойы 4:3 болса, экранның жоғарғы және төменгі жағында бейне басылып қалуы мүмкін.
- Бейненің басылып қалуына жол бермеу үшін, бейненің экранда ұзақ уақыт бойы (СК дисплейі үшін 2 немесе одан көп сағат, плазмалық ТД үшін 1 немесе одан көп сағат) қозғалыссыз тұрмауын қадағалаңыз.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Жалпы

Ақаулық	Ажыратымдылық
